

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№3 (3 9) 2017





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Үш айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

3 (39) 2017

(сәуір-маусым)

3

**БАС РЕДАКТОР
С.Ж. ПИРӘЛИЕВ**

педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. – Абай ат. КазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. – Абай ат. КазҰПУ ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай – Ыстамбұл университеті, Байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. – Абай ат. КазҰПУ, Педагогика және психология институтының директоры, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. – ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті;

Бейсенова Ә.С. – Абай ат. КазҰПУ, География және экология ғылыми-әдістемелік орталығының жетекшісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ. – Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.;

Ғаббасов С. – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі, академик;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. – Абай ат. КазҰПУ «Жалпы педагогика» кафедрасының пед.ғ.д., профессор;

Қирабаев С.С. – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. – пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. – филос.ғ.д., әл-Фараби ат. КазҰУ, «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нәрібаев К.Н. – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. – ҚР Парламентінің Сенат депутаты, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Сманов Б.Ө. – пед.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. – Абай ат. КазҰПУ, Филология институтының «Практикалық тілдер» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР С.Ж. ПРАЛИЕВ

доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. – директор Научного центра формирования интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. – к.ф.н. КазНПУ им. Абая, ответственный редактор;

Айдемир Окай – декан факультета Связи Стамбульского университета, профессор;

Альмухамбетов Б.А. – директор Института педагогики и психологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. – к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагуна;

Бейсенова А.С. – руководитель научно-методического центра географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. – д.п.н., профессор кафедры «Начальное образование и изобразительное искусство» Таразского инновационно-гуманитарного университета;

Габбасов С. – писатель, Заслуженный работник здравоохранения СССР, доктор медицинских и педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, действительный член Международной академии имени Нострадамуса, академик;

Есполов Т.И. – ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. – ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагуна, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. – д.пед.н., профессор кафедры «Общей педагогики» КазНПУ им. Абая;

Кирабаев С.С. – д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. – заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. – директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. – профессор кафедры «Религиоведения и культурологии» КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, академик НАН РК;

Нарибаев К.Н. – зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. – депутат Сената Парламента РК, кандидат педагогических наук;

Сманов Б.О. – д.пед.н., профессор, академик НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия) и Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. – д.п.н., профессор, зав кафедрой «Практических языков» института филологии КазНПУ им. Абая.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. – the director of Research center of formation of intellectual nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, the first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. – the candidate of philological science of KazNPU named after Abai,, the managing editor;

Aydemir Okay – the dean of the Faculty of Communications of Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. – the director of Institute of Pedagogy and Psychology of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Baisabaev B.A. – the candidate of philological science, the docent of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. – the chair of sud department «The scientifically-methodical centre on geography and ecology», the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Boleev K. – the doctor of pedagogical sciences, the professor of chair of «Primary education and fine art» of Taraz innovation and humanitarian university;

Gabbasov C. – the writer, honored worker of Health of the USSR, the doctor of Medical and Pedagogical Sciences, the professor, honored worker of the RK, member of the International Academy of Nostradamus, academician;

Espolov T.I. – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. – the rector of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, the doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. – the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNPU named after Abai;

Kirabaev S.S. – the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. – head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. – Ph.D., Associate Professor, the director of the Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. – the professor of the chair «Religious and cultural studies» KazNU named after Al-Farabi, Doctor of Philosophy;

Mutanov G.M. – the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, the academician of the NAS RK;

Naribaev K.N. – the vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, the academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. – the deputy of the Senate of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. – the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the NAS RK, the academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia) and International Aytmatov academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. – the doctor of philological sciences, the professor. Head of the Chair of Practical Languages of KazNPU named after Abai.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2017



**«Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі,
яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс»**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев.

МРНТИ: 14.01.11

**МҰҒАЛІМГЕ ҚАЖЕТТІ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
САУАТТЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

М.А. Нуриев

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының
директоры, профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

А.Е. Садыкова

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының
аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

Бүгінгі таңда еліміздегі білім беру жүйесін бұрынғы тәуелсіздікке дейінгі білім берумен салыстыруға мүлде келмейді. Көптеген өзгертулер мен толықтыруларға толы. Замана ағысынан қалмай, әлемдік білім беру стандартына сәйкестендіріліп, қайта жаңартылып құрылуда. Бірақ, мектептегі білімді бағдарламаларын жаңартқанымен, соған мұғалімдеріміз даяр болмай жатқан жайы бар. Мақалада осындай олқылықтардың орнын толтыру үшін түрлі шаралар және оларды жүзеге асырудың жолдары сипатталады.

Түйін сөздер: мұғалім сауаттылығы, бәсекеге қабілеттілік, ғылыми-технологиялық сауаттылық, экономикалық сауаттылық.

Сегодня система образования в нашей стране несоизмеримо сопоставима с обучением до независимости. Она полна многих изменений и дополнений. Она обновляется и перестраивается в соответствии с мировыми образовательными стандартами в потоке созерцания. Однако, несмотря на то, что школа обновила свою учебную программу, сталкиваемся с такой проблемой, где наши учителя полностью еще не готовы. В статье описываются различные меры по компенсации этих пробелов и пути их реализации.

Ключевые слова: грамотность преподавателей, конкурентоспособность, научная и технологическая грамотность, экономическая грамотность.

Today, the education system in our country is incommensurably comparable with training before independence. It is full of many changes and additions. It is updated and rebuilt in accordance with the world's educational standards in the stream of contemplation. However, despite the fact that the school has updated its curriculum, we face such a problem, where our teachers are not yet fully prepared. The article describes various measures to compensate for these gaps and ways to implement them.

Keywords: literacy of teachers, competitiveness, scientific and technological literacy, economic literacy.

Бұл күндері егеменді еліміздің келешегі, болашағымыздың ертеңі – жас жеткіншектерге берілетін білімнің өз дәрежесінде жоғары болу жағы қолға алынып, жөнге салыну жағы үздіксіз жүруде. Әйтсе де, білім беруді модернизациялау үздіксіз түрде жүріп жатқанымен, сол білімді бала бойына дарытатын мұғалімдердің даярлық деңгейі әлі де кенжелеп қалуда. Бұны жаңа

білім беру жүйесіне қазіргі мұғалімдердің даярлық деңгейінің төмендігінен байқаймыз. Білім бесігін түзегіміз келсе, біз ең бірінші, мұғалімнің даярлығына мән беруіміз керек. Бұл дегеніміз, педагогтардың тек білімі мен біліктілік деңгейі ғана емес, жалпы кәсіби, тұлғалық, адамгершілік, психикалық, когнитивтік, әдістемелік және мәдени сипатын көрсететін заманына сай мұғалім болмысын

қалыптастыруымыз керек деген сөз. Ол мұғалім – тек даяр білімді жеткізуші ғана емес; баланы өз бетінше ізденушілікке жетелейтін; әлемдік өркениетке талпындыратындай мәдениетті, жан-жақты тұлға қалыптастыратындай, «көп қырлы да, бір сырлы» бес аспап, танымдық көкжиегі кең, өнерлі болуы тиіс.

Сол себепті де, оқушылардың жаңа форматта білім алуына мұғалімдеріміз жан-жақты даяр болуы тиіс. *Сол тиістердің қатарында, әрине, педагогтың ғылыми сауаттылық деңгейі тұр.* Өйткені, оқушылар арасында жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын дамыту мен практикалық қолдану әлі де әлсіз. Жүргізілген түрлі ғылыми-ізденістік зерттеулерінің нәтижелерін талдау немесе салыстыруда, ғылыми айғақты пайдаланып өзінің көзқарасын дәлелдеуді, алынған қорытындыны растауды немесе жоққа шығаруды талап ететін тапсырмалардан оқушылар төмен нәтиже көрсетіп келеді.

Бұдан біз оқушылардың мектепте алған білімдерін пайдаланып, өзінің көзқарасын дәлелдей отырып, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және екі қарама-қарсы қорытындының пайдасына айғақтар табу немесе ұсынылған қорытындыларды жоққа шығару өте нашар қалыптасқанын байқаймыз. Бұл әрине, ең бірінші мұғалімнің қателігі. Мұғалімнің ғылыми сауаттылығының төмендігін көрсетеді. Жоғарыда санамалап өтілген мұғалімнің бойынан табылуға тиіс қырлардың біреуінің болмауы – педагогтың білімсіздігін айғақтайды. Ал мұғалімнің білімсіздігі оқушының өмір бойы рухани мүгедек болуына әкеліп соғады. Ал оқушының рухани мүгедіктігі егеменді елдің ертеңіне қауіп төндіреді. Сондықтан да, мұғалімнің білімсіздігін ешқашан кешіруге және оған жол беруге болмайды!

Себебі, ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады, олар өсіп, дамып келе жатқан ұрпақпен жұмыс істейді. Сол жас бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай, үнемі ізденісте болу үшін заман талабына лайық жаңа біліммен қаруланған ғылыми сауатты ұстаз қажет. Мұғалім сөзімен, ісімен, мәдениетімен, білікті білімімен, ізденушілік

қасиетімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, балалармен тіл табысудағы шеберлігімен асқақ. Өз кәсібінің жауапкершілігін толықтай түсініп, қадірлеген ұстаз ғана педагогтік мәртебесін биік ұстай алады. Қазіргі қоғамға қажетті де осындай ұстаздар [1].

Демек мұғалім оқушыға:

- білім міндеті қоятын талаптарды түсінуге;
- жеке ойлау үдерістерін және олардың жұмыс қағидаттарын зерттеуге;
- міндеттерді орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға;
- нақты міндет үшін сәйкес келетін стратегияларды таңдауға көмектесу үшін ғылыми сауатты болуы керек.

Осылайша, ғылыми сауатты замана мұғалімінің сабағынан оқушылар тек қана білімді алып қоймай:

- өзіндік қалыптасуында танымдық қызығушылық, шығармашылық қабілеті, сын тұрғысынан ойлау, табиғатты тану мүмкіндіктеріне сенімділік, адамзат қоғамын келешекте дамыту үшін ғылым мен техника жетістігін қажеттілігіне қарай орынды қолданады;
- адамдардың қолданбалы сипаттағы практикалық міндеттерді шешеді;
- талдау, синтез жасау, бақылау, салыстыру, себеп-салдарлық байланысты анықтайды;
- тәжірибе жүргізу, сипаттау сияқты танымның негізгі әдістерін ғылыми меңгеру және оларды қолдана алатын болады.

Демек, мұғалім – жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар маман. Ол білімді де білікті, көп оқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйрете алатын болу керек. Бұл – өмір талабы. Мұғалімде ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптамалық қабілеті болуы шарт. Ол сонымен қоса ұлттық құндылықтар негіздерін терең меңгерген, ғаламдасуға байланысты «Ғаламтор» жүйесін жетік игерген, әлемдік білімге сай, мәдениеті жоғары жеке тұлға тәрбиелей алатын ұстаз болу тиіс.

Ол үшін, мұғалім өз бойында ғылыми сауатын арттыру мақсатында төмендегідей

талаптарға сай болуы қажет деп ойлаймыз:

- ғылыми-танымдық материалдарды үзбей оқуы;

- әртүрлі ғылыми басылымдармен танысып отыруы;

- халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық немесе теориялық конференцияларға қатысып, өз тезистерін, ғылыми баяндамаларын қорғауы;

- отандық немесе шетелдік басылымдарға ғылыми тұжырымдары мен ой-пікірлерін жариялап отыруы;

- білім және ғылым министрлігі тарапынан ұйымдастырылатын байқауларға мүмкіндігінше жиі қатысып, шәкірттерін ғылыми жобалар мен танымдық байқауларға қатыстырып жүруі тиіс.

Себебі, қазіргі заман ғылыми және ақпараттық технологиялар заманы. Уақыт өткен сайын ақпараттардың таралуы да арта түсуде. Осыған орай адамзат баласы оның соңынан ілесуде. Кейінгі кезде ақпараттар көлемінің артуы мен компьютерлік технологиялардың жылдам дамуына байланысты компьютерлік технологиялармен оқытуды белсенді түрде дамытып келеді. Компьютерлік техниканы барлық қызмет ету саласына енгізу жоғары кәсіптік деңгейлі мамандарды дайындау үшін жаңа талаптар қойып отыр, соның нәтижесінде бұрыннан қалыптасқан оқытудың әдістері мен тәсілдері біртіндеп қазіргі заманғы ғылымның қолы жеткен жоғары технологияларды қолданып оқытатын прогрессивті тәсілдерімен ығыстырылып келеді [2].

Ақпараттық-коммуникациялық технология электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электронды оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Оқу-ағарту жұмысына келетін болсақ, оқытудың компьютерлік технологиясы информатика пәніне және компьютер көмегімен іске асырылатын оқу технологиясына негізделген. Оқу-білім ордаларында заманның ағымына байланысты білім беру әдісі де өзгеріске ұшы-

рап отыр. Қазіргі кезде оқу жүйесін басқаруды автоматтандырудың әдістерін көлемді және қарқынды қолдану, жан-жақты оқу, тәжірибелік және теориялық мәселелерін зерттеуді, кешенді ізденістерді жүргізуді талап етеді. Мысалға алсақ, бірнеше жылдар бұрын ақпаратты игеру үшін оқушылар тек кітап қолданса, қазіргі кезде мектептерде интерактивті тақталар, мультимедиа кабинеттері орнатылған. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақты жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Осыған орай оқып үйрену құралдарына жататын электронды оқулықтар қазіргі таңда жиі қолданыста.

Сондай-ақ, еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыру үшін де технологиялық сауаттылық қажет. Бұл жердегі негізгі фактор Елбасының 2017 жылғы халыққа жолдауында айтылған [3] төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін жаппай енгізу болмақ. Бұл дегеніміз – автоматтандыру, роботтандыру, жасанды интеллект, «ауқымды мәліметтер» алмасуы, тағы сол сияқты міндеттер. *Ал мұның бәрі технологиялық сауаттылықты қажет етеді.*

Болашақта біртіндеп жаңа технологиялардың енгізілуіне байланысты дәстүрлі салаларда еңбек ресурстары босап қалатын болады. Сондықтан да, енгізіліп жатқан еңбек нарығының жаңғыруына байланысты енгізіліп жатқан жаңа технология міндеттеріне жауап бере алатындай жас кадрларды даярлап шығару және IT-білімді меңгеруіне жағдай жасау – осы мұғалімдердің алдында тұрған негізгі міндеті.

Сондай-ақ, қоғамның қарыштап дамуына байланысты, қазіргі халық шаруашылығына өз еркімен еңбектенетін, өз еңбегінің қадірін түсінетін, мақсатқа сәйкес, экономикалық шешім қабылдай алатын, экономикалық біліммен қаруланған құнтты, ыждағатты, шаруақор жас мамандар қажеттігі туындап отыр. *Экономикалық білім негіздерін* оқытудың басты мақсаты – білім алушылардың экономикалық мәдениетпен, қоғамның экономикалық

даму заңдылықтарымен таныстыру, іскерлікке тәрбиелеу, еңбек ете білуге, өндіруге, өзін және өзгелерді рухани материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін өз елінің патриот азаматы болуға қаруландыру. Сондықтан, нарықтық экономикаға байланысты тәрбие және білім беру ісін басқару, оны жетілдірудің жолдарын іздестіру және ұтымды қолдану мектеп педагогикалық ұжымдарының төл ісі деп білеміз.

Бүгінгі таңда шағын және орта бизнесті ұйымдастыру нарықтық экономиканың негізі болып табылады және халықтың басым бөлігін жұмыспен қамтамасыз етіп, өте ірі салалар мен жобаларды дамытуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың барлық алғы-шарттары жасалуда, осы қызмет түрін реттеу және әрі қарай қалыптастыруға бағыттылған заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, қолданылуда. Бұл заңдарда шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың барлық негізгі сұрақтары қамтылған, олар: шаруашылық қызметтің ұйымдастыру нысандары, жеке кәсіпкерді қорғау және қолдау, шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығын қорғау және т.б.

Шағын және орта кәсіпкерліктің тиімділігі бұл еліміздегі жұмыссыздықтың азаюына, бәсекелестік ортаны қалыптастыруға, нарықты отандық тауарлармен және қызметтермен толықтыруға мүмкіндік туғызады, ал бұл өз кезегінде еліміздегі ЖІӨ-ге және ел бюджетіне әсер етеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы еліміздің орташа класын қалыптастыру саясатын көздеп отыр [4].

Осы саясатты іске асыру жолында мемлекетімізде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың бағдарламалары қабылданып, іске асырылуда.

Осыған орай, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанынан ашылған «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» атты ғылыми орталықтың (аталған ғылыми

орталық бұрын ғылыми институт болған) тәжірибе ретінде «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» модульдік таңдамалы курсындағы «Шағын және орта кәсіпкерлік негіздері» атты оқу құралын даярлаған. Оқу құралының мақсаты – жоғары оқу орындарын тәмамдаған педагогтарға орта және шағын кәсіпкерлік туралы білім беріп, олардың кәсіби деңгейін арттыру, және интеллектуалдық тұрғысынан жан-жақты білімділігін қамтамасыз ету болып отыр. Сондай-ақ, оқу құралы білім алушылардың, болашақ педагогтардың бойынан экономикалық сауаттылықтарын арттыруға себеп болады. Олардың болашақта табысты жұмыс көзін тауып, өздерін маман ретінде қалыптасуына көмектеседі.

Себебі, интеллектуалды ұлт өз елінің тарихымен, ұлттық ділі мен терең дүниетаным қатпарларын (философиясымен), ұлттың тілі мен әдебиетімен қатар өнерін де жетік меңгеруі тиіс. Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы шағын және орта кәсіпкерлік негіздерінің орны ерекше.

Мемлекетіміздің шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау саясатын іске асырудың маңызды факторы – сол кәсіпкерлікпен айналысатын адамдардың сауаттылығы, интеллектуалдығы. Әрбір кәсіпкерлікпен айналысамын дейтін азаматтың бойында іскерлікке, кәсіпкерлікке икемінің және сауатының, білімінің болуы шарт. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында мұндай білім мектеп қабырғасынан берілуі керек. Ол үшін әрине мектеп педагогтарының соған сәйкес кәсіби біліктілігі талап етіледі.

Қазіргі кезеңде болып жатқан жан-жақты әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық саяси өзгерістер жағдайында еліміздің әрбір азаматы, әсіресе жас түлектер өмірдің дамуынан қалыспай, өзінің Отандық парызын еш-уақытта естен шығармауы керек. Әрине, бұл өте жауапты жұмыс.

Мұғалім өз сабағында кітапта ұсынылған әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушыларды оқу-білімге ғана ынталандырып қоймай, болашақ кәсібін таңдауына жағдай жасауы тиіс. Ол үшін Қазақстанның жер байлықтары: шикізат қорлары мен түрлі-түсті металл кенде-

рінің, мал, егін шаруашылығының пайдалану жолдары ерекшеліктерін сабақ барысында оқушыға жеткізе алуы керек. Қызығушылықтарын оятып, жеріміздің географиялық ерекшелігіне байланысты өсіп-өркендеу, дамып-жетілу мүмкіншіліктерін көрсетіп, ысырапшылдыққа жол бермеуге, тығырықтан жол табуына дағдыландыру арқылы оқушыға өз елінің даму қарқыны мен экономикалық мүмкіндіктерін түсіндіре отырып, оған өзінің де үлесін қоса алу мүмкіндігін меңгертетін болады. Себебі, еліміздің экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктерін сапалы жаңа деңгейге жеткізу үшін, қазақстандық қоғам өмірінің кең ауқымды бағыты бойынша әлемдік стандарттар деңгейіне қол жеткізуіміз қажет [5].

Мұғалімдердің экономикалық сауаттылығының көрсеткіші Қазақстанның ішкі және сыртқы әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын бағдарлап, қаншалықты дәрежеде баға бере алуымен есептеледі. Сондықтан да, қазіргі кезеңде елде болып жатқан түрлі

әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өзгерістер тарапынан қабылданып жатқан саяси-экономикалық бағдарламалар мен Елбасының халыққа жолдап отырған жолдаулары, ең алдымен, мұғалімдер қауымы үшін сараланып, талданып жеткізілуі керек. Өйткені, Елбасының еліміздің экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында жасап жатқан жұмыстар қатары, мемлекеттік бағдарламалар, жоспарлармен дер кезінде танысып, саралап, түсінікті тілде қажетінше білімгерлерге жеткізіп отыру – ұстаздардың мойнында. Ол үшін, аталмыш бағыттағы мемлекеттік саяси-экономикалық бағдарламалар, стратегиялар жалпыхалыққа ортақ, қарапайым тілмен жазылып, кітапша ретінде жинақталып, басылып шығарылуы қажет. Мұндай анықтамалық немесе жинақ кітапша арқылы, ұстаз-педагог әрбір оқушыны шағын және орта кәсіпкерлік негіздерімен сусындатып, олардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында, интеллектуалдық тұрғысынан жан-жақты біліммен қарулануымен қамтамасыз етері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С.Ж.Пралиев, М.А.Нуриев, Ж.А.Сейсенбаева, А.Е.Садыкова, Д.М.Советканова, Ж.Б.Қдыралиева. «Мәңгілік ел құндылықтары». Монография. – Алматы: Ұлағат баспасы, 2016. – 224 б.
2. Нуриев М.А., Садыкова А.Е. Қазіргі заман мұғалімінің тұлғалық келбеті. // Ұлттық тәрбие. – 2016. – № 4 (36). 6-11 бб.
3. Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайтынан. // www.akorda.kz/ 12 сәуір 2017 жыл.
4. Пірәлиев С.Ж., Нуриев М.А., Телагусова Э.О., Советканова Д.М. «Шағын және орта кәсіпкерлік негіздері», оқу құралы. – Алматы, 2014.
5. Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садыкова А.Е., Советканова Д.М. Білім алушыларды оқуға ынталандырудың жолдары: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015. – 116 бет.

МРНТИ: 14.01.11

ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ӘМБЕБАП ПЕДАГОГЫ

М.А. Нуриев

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының директоры, профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, Б.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

А.М. Айнакұлова

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Қоғамның даму талабы күшейген сайын, күн санап педагогтарымыздың та атқарар қызметі күрделене түсуде. Сондықтан, бұл мақалада әмбебаптылық аспектісіндегі қазіргі заман педагогының кейбір мақсат-міндеттері сараланады. Жаһандану үрдісінде жоғалудан сақтанып, «Мәңгілік ел» идеясының жүзеге асырылуына ерекше ықпал ететін пәрменді күш – педагогтарымыз екені айтпаса да түсінікті. Педагогтарымыздың дайындығын жетілдіре түсуге біраз көмегін тигізе түсетіндігі – берілген мақаланың өзекті мәселесі болып табылады.

Түйін сөздер: әмбебап педагог, заманауи педагог, педагог-менеджер, педагог-көшбасшы, педагогтың бәсекеге қабілеттілігі, ұлт болашағы, ұлттық тәрбие, ұлттық сананың жаңғыруы.

Роль педагога в прогрессивном развитии общества значительна, потому что он воспитывает молодёжь, формирует поколение. С уверенностью можно сказать, что педагог формирует будущее общества, будущее его науки и культуры. В настоящее время, с переходом общества к новой ступени развития, очень важно осознавать, что требования современного общества к педагогу растут. Поэтому в данной статье анализируются некоторые цели и задачи современного педагога в аспекте универсальности. Несмотря на процесс глобализации, наши педагоги должны оказать особое влияние на реализацию идеи «Мәңгілік ел». Данная статья актуальна тем, что может оказать помощь в повышении готовности наших педагогов.

Ключевые слова: универсальный педагог, современный педагог, педагог-менеджер, педагог-лидер, конкурентоспособность педагога, будущее нации, национальное воспитание, возрождение национального самосознания.

The role of the teacher in the progressive development of society is significant, because he educates the youth, forms a generation. With certainty it can be said that the educator shapes the future of society, the future of his science and culture. At present, with the transition of society to a new stage of development, it is very important to realize that the demands of modern society for the teacher are growing. Therefore, in this article, some of the goals and tasks of the modern teacher are analyzed in the aspect of universality. Despite the process of globalization, our teachers should exert a special influence on the realization of the idea of «Mangilik el». This article is relevant because it can help in increasing the readiness of our teachers.

Keywords: the universal teacher, the modern teacher, the teacher-manager, the teacher-leader, the competitiveness of the teacher, the future of the nation, national education, the revival of national identity.

Қазіргі таңда кез келген педагогқа білім алушыларды оқытып, тәрбиелеуде, өнім шығаруда (кітап, мақала, ғылыми еңбек жазу, күнделікті сабағы, дәрістік материал дайындау, т.с.с.) тиімді әдістер мен адекватты-саналы мүмкіндіктерді қолдана білу маңызды.

Осы орайда, білім беру мүмкіндіктерін

екіге бөліп қарастырғанды жөн санаймыз: 1) материалдық мүмкіндіктер және 2) идеалдық мүмкіндіктер. *Материалдық мүмкіндіктерге* педагогтың оқу құралдары мен әдебиеттерді, кестелермен модельдерді, макеттермен көрнекі құралдарды, техникалық жабдықтарды, зертханалық құрылғылар мен құралдарды, оқыту

кеңсесі мен жиһазды, оқыту бөсмесінің жасақталуы және т.б. оқытудың материалдық-техникалық жағдайларын пайдалана алуы жатады. *Идеалдық мүмкіндіктерге* педагогтың игерген білім-біліктілігі, әдет-дағдысы, жаңа игерген білімдері, оқытуының әдіс-тәсілдері, жүріс-тұрысы, сыртқы келбеті мен ішкі дүниесінің жарасымдылығы, мінез-құлқы, қарым-қатынасы және т.б. қабілеттері жатады. Материалдық және идеалдық мүмкіндіктер бір-бірімен үйлесімді пайдаланылса, білім беру сапасы жетілдіріле түседі.

Педагогтың осы айтылғандарды тиімді қолдана білуінің өзі – өнер. Әдетте, мұғалімнің кәсіби ынтасымен байланысты психологиялық-педагогикалық білім мен дағдыларының бүкіл жиынтығын меңгеруін, педагогикалық ойлауы мен интуициясын дамытуын, өмірге деген адамгершілік және эстетикалық көзқарасын және терең сенімділігі мен еріктіліктілігін «педагогикалық өнер» ретінде түсінеміз. Осының бәрі білім берудің жоғары тиімділігін және сапасын қамтамасыз етеді. Педагогикалық шеберлік педагогикалық өнердің бір бөлігі болып табылады. Ол мұғалімнің тәсілдер мен әдістерді тамаша иеленуі мен педагогикалық шеберліктің тұтас арсеналын өзін тұлға ретінде қалыптастыру кезінде пайдалана алу барысында көрінеді.

Қазіргі заман педагогына нәтижелі жұмыс істей алуы немесе педагогикалық қызметтің өнімділігін арттыру үшін ұсынып отырған өніміне (сабағы, дәрісі, ғылыми еңбегі және т.б.) қатысты материалдар таңдау технологиясын меңгеру қабілеті өте қажет. Мысалы, оқытушы өз пәні туралы көп біле тұра білім алушыларды үйрете алмай жатады. Себебі, тақырыпқа, берілген сабаққа байланысты материал таңдаудың технологиясын игермеген. Оқыту құралдарын құзыретті іріктеу, оларды таңдауда ұтымды тәсіл қолдану – оқытушының шеберлігі. Әр мұғалім – өз сабағының режиссері. Ол бүкіл кезең бойы өз қызметін жоспарлауға тырысады және әр сабағында білім алушылармен арнайы белгілі бір мақсатқа жетуге ұмтылады. Әр сабақта өзінің режиссерлігіне барлық ұмтылыстарын

бағындырады.

Әрбір адам өз ісінің шебері болғысы келеді. Оқытушы-шебер өз өнімін, істеп жатқан жұмысын тамаша білуі және өзгелерге тәлім беруге қабілетті болуы, өзінің өніміне білім алушылармен әріптестерінің қызығушылығын оятуға, зерттеулер жүргізуге, жаңа әдістер мен технологияларды қолдана алуға, әдістемелік әдебиетпен жұмыс істеуге қабілетті болуы керек. Ол өз шеберліктерін жетілдіруде, кәсіби санатын жоғарылатуда тоқтамауға тиіс. Түрлі тренинг, семинар, сайыстарға қатысып, әріптестерімен оқытушылық тәжірибе бөлісуге әрқашан құштарлық танытып отырғаны дұрыс. Тек тер төгіп еңбек ету, үнемі шыдамдылық пен кәсіби білімін жетілдіру арқылы адам өзінен өз ісінің шеберін жасап шығара алады.

Заман талабына сай әмбебап педагог болу әрбір педагогтың бойында төмендегі қабілеттер болып, болмаса игеріліп, өзі үшін дамытуын дұрыс деп санаймыз:

- жоспарлау және басқару;
- тиімді әдістер мен адекватты-саналы мүмкіндіктерді қолдана білу;
- сапалы нәтижеге жетудегі, яғни сапалы өнім шығарудағы бейімділігі;
- сапалы білім алуға барлығының тең құқылы болуына басты назар аударуы;
- білім беру жүйесін дамытуға деген басымдығының болуы;
- әрбір білім алушы тұрғындардың интеллектуалдық дамуына, психологиялық-физиологиялық және жеке тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес білім алудың барлық деңгейлеріне қолжетімділікті насихаттау;
- білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушы сипаттамасын, азаматтық және ұлттық құндылықтарды, адамның өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуын алға қою;
- адамның құқықтары мен бостандығын құрметтеу;
- тұлғаның білімді болуына және дарындылықтың дамуына ат салысу;
- білім беру үрдісінің әрбір деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін үздіксіздігін

назарда ұстау;

-оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың бірыңғайлығын, білім беруді басқарудың демократиялық сипаттамасын, білім беру жүйесі іс-әрекетінің ашықтылығын үнемі ескеріп, ескертіп отыруы тиіс;

-білім алушылардың жалпығылымилық және жалпымәденилік дайындығын қалыптастыру;

-оқушы және студент жастардың қазіргі қоғамдағы өмірге әлеуметтік бейімдігін қалыптастыру;

-жаһандану үрдісінде жоғалып кетпеуден сақтану үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтықты білім алушы жастардың бойына сіңіріп, санасына құю;

-Ұлттық тәрбиені «Мәңгілік ел» идеясының негізгі өзегі ретінде түсініп [1, 186-197], оны үнемі дәріптеу, насихаттау;

-дін туралы білімді қазіргі қоғамдық жағдайда маңызды мәселелердің бірі ретінде түсініп, білім алушыларға түсіндіре алу [1, 204-205];

-қоғамның білікті жұмысшылар мен мамандарға деген сұранысын қамтамасыз ету, олардың білімі мен біліктілігін арттыруда қайтадан жаңаша дайындықтан өткізуге даяр болу, сондай-ақ педагогтың өзі де қайтадан жаңаша дайындықтан өтуге құштарлық танытып, мұның қажеттігін түсіну;

-топпен, яғни ұжымдық (әріптестерімен және білім алушылармен) жұмыс жасай алуы [2, 16-20].

Жоспарлау – педагогтың «болашақты ойлау» қабілеті, яғни нәтижеге жетудің жолын ойша құрастыруы. Болашақ туралы ойлау, оны көзге елестете алу – бұл өте маңызды қасиет, себебі, ол біздің әрбір іс-әрекетіміздің салдарын алдын ала көріп, оны жоспарлауға көмектеседі. Жоспарлау – бұл ең алдымен, уақытты бағалау, оны қадірлеу, басқару, мезгілінде нәтижеге қол жеткізу, уақыттың маңыздылығын сезіну, түйсіну. Осы айтылған ұғымдар қазіргі заман педагогының ауадай қажет, ажырамас қасиеті десек артық кетпесіміз анық. Мұндай қасиеттерді тумысынан бойында бар болса дамыту үшін,

ал жоқ болса оны қалыптастырып, әдетке айналдыру үшін төмендегідей ұсыныстарды ұсынбақшымыз:

-белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін әрекет етудің ретін анықтап, жұмыстың орындалуының жоспарын құру қажет;

-нақты қандай білім-білік дағдыларыңыз бар екенін анықтап алу, қандай ресурстарыңыз бар екенін шамалап алу қажет;

-жоспарлау шығармашылдықты талап етеді, яғни ақыл-ойдың белсенділігіне тікелей тәуелді, сондықтан уақыт пен қуат-қайратты жоғалтып алудан сақтануды ұйымдастыру қажет;

-маңызды шаруалардың тізімі жасалу керек;

-бірден бірнеше іс-әрекетке бел буып кірісу қауіпті екенін сезіну қажет.

Әдетте, ұзақ мерзімді қамтитын үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін күнделікті істердің үрдістік сәттеріне байланысты жоспар құрудың пайдасы зор, мәселен:

-бастау керек шаруалардың кіріспесі;

-жоспарлау (уақыт, мерзім, ресурстар, шаралар, әрекеттер және т.б. ескере отырып);

-орындау (дәл қазір жүзеге асырылып жатқан шаруалар);

-талдау (кездескен міндеттерді шешудің жолын ақылға салу);

-қадағалау (тексеру, бақылау)

-шаруаны аяқтау (дәл қазір біту керек шаруаның толық аяқталып, өз межесіне жетуі).

Қазіргі таңда жоспарлауға байланысты еңбектер, арнайы тренингтер мен семинарлар, ғаламтор беттерінде тегін ақыл-кеңес беруші көмекші құралдар өте көп, ұлт болашағының кілтін ұстап отырған педагогтарымыз мүмкіндігінше осындай шараларға қатысып отыруы қажет. Жоспарлаудың түрлері көп, мысалы, стратегиялық, тактикалық, оперативті, күнделікті және т.б. Педагогтарымыз осыларды игерген болса, жақсы түсініп қолдана алса алға қойған мақсатына қиындықсыз, өздері белгілеген мерзімде қол жеткізуі сөзсіз.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық және білім-тәрбие беру міндеттері мен мәселелерін шешу кез келген мұғалімнің күнделікті өмірінде кездесетіні ақиқат. Бұл әрине, одан білімділіктің

жоғары деңгейін, дағдылар мен қабілеттерді, талдамалы-рефлексивті, жобалаушылық-болжамдаушылық, ұйымдастырушылық-технологиялық, әкімшілік қасиеттерді талап етеді. Өзінің тәрбиеленушілерін басқарудың дәстүрлі авторитарлық стилінен бас тарта отырып, гуманистік бағытқа бет алған педагог қарапайым мұғалім деңгейінен педагогика саласының менеджері сатысына көтерілетінін уақыт әлдеқашан дәлелдеді. Демек, басқару – мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыру.

Қазіргі нарық жағдайында педагогтың нәтижелі жұмыс істей алуындағы басқару біздің ойымызша былай құрылған:

-нарықтың сұранысы мен тұтынуына байланысты білім берудің бейімділігінде;

-оқу өндірісі тиімділігін жоғарылатуға үнемі талпынуында;

-нарық жағдайына байланысты міндеттер мен мақсаттарды үнемі түзетуінде;

-соңғы нәтижесіне жауапты болатын адамның шешім қабылдау бостандығында;

-шешім қабылдау кезінде компьютерлік техниканың қазіргі негізін қолдану қажеттілігінде.

Білім беру жүйесіндегі басқарудың ғылыми қызметі сыртқы ортамен байланыста болғанда туындайтын мәселелерді шешу амалдары арқылы қоғамның дамуымен, шығарылатын өнімнің (бұл жерде сапалы білім) күрделенуімен, ақылға сыйымды ғылыми өндірістердің өсуімен бірлесе қадам жасайды. Осыған байланысты жаңа ұғым – «педагогикалық менеджмент» түсінігі қалыптасты.

Жалпы, «менеджмент (ағыл. «manage» - басқару)» деп жеңу өнері ретінде, адамдардың интеллектісін, еңбегін, жүріс-тұрысының уәжін пайдалану арқылы алдына қойған мақсаттарға жетуді айтамыз. Педагогикалық менеджмент – бұл білім беру саласындағы өндірістің тиімділігін жоғарылату, пайдалану және молайту мақсатында қолданылатын қағидалар, әдістер және өндірісті басқару амалдарының жиынтығы. Оның маңызды факторлары – мақсат, тиімділік, адам. Міндеті – тиімді өндірістік күшке ұйымдастыру үшін

адамдарға бағыт беру. Осы міндеттердің тоғысуы нәтижесінде жаңа түсініктегі «педагог-менеджер» ұғымы қалыптасуда.

Педагог-менеджер білім алу ортасын ғана қалыптастырып қоймай, сонымен қатар тәрбиеленушілерінің өзін-өзі дамытуына ықпал ететін эмоционалды-жайлы, өзіндік ерекшелігі бар кеңістік құрады. Дәл осы алаңда тұлғаның қалыптасуы, оның жеке өмірлік қағидалары, ұстанымдары мен мәдениеті қалыптасады. Мұндай атмосферада білім алушылар тек ғылыми білімді меңгеріп қана қоймай, сондай-ақ әлемге деген тұлғалық-құндылықтық, өнімді әлеуметтік қарым-қатынас жасауды игереді. Тиімді жетекші, басқарушы болуы үшін педагог-менеджерге төмендегідей қасиеттер тән:

-коммуникативтілік;

-қол астындағыларға деген зейінді қатынас;

-шешімдер қабылдаудағы батылдық;

-көкейкесті мәселелерді шығармашылықпен шеше алу;

-қалыптасып қалған стереотиптерді жеңіп шығып, білім беру алдында тұрған міндеттерді дәстүрлі емес жолдармен шешу;

-инновациялық басқару технологияларын жасау және оны іске асыру;

-өз өзімен, өзінің кәсіби және тұлғалық сапаларымен үнемі жұмыс жасау, яғни ұдайы жетілдіріп отыру;

-өзінің қызмет етіп отырған оқу орнының бірнеше жыл алға құрылған келешектік жоспарын құратын, педагогикалық ұжымды өзінің үлгілі болуымен шабыттандырып, жігерлендіріп отыратын стратег болуы керек.

Менеджменттің жалпы функцияларын басшылыққа ала отырып, білім беру үрдісі менеджерінің негізгі қызметтерін ұсынбақшымыз:

-ақпараттық-аналитикалық – жеке басқарушылық іс-әрекетіне өз бетінше талдау жүргізу, білім-тәрбие беру үрдісінің жағдайы мен дамуы бойынша ақпаратқа, білім алушылардың тәрбиелік деңгейіне талдау жасау;

-ынталандырушы-мақсаткерлік – іс-әрекеттің мақсатын таңдау, стратегиялық және тактикалық міндеттерді анықтау, нәтижеге жету

үшін педагогтар мен білім алушыларды ынталандыру;

-жоспарлаушылық-болжамдық – мақсатқа жетудегі бағдарламалар құру, кешенді-мақсатты жоспарлау;

-ұйымдастырушылық-орындаушылық – нәтижеге жетудегі ұйымдасқан өзара әрекеттесудің нақты құрылымын қалыптастыру және реттеп отыру;

-бақылаушылық-диагностикалық – жалпы-мемлекеттік талаптар мен нормативтерге сәйкестік негізінде білім-тәрбие беру жұмысы жүйесінің қызметі мен дамуының сәйкестігін бекітіп, қадағалау;

-реттеушілік-түзетушілік – жоспарланған деңгейде тұрақтандыру мақсатымен педагогикалық жүйені басқару үрдісін жедел тәсілдер, мүмкіншіліктер және ықпал ету арқылы түзетіп отыру;

Педагог-менеджер сөзсіз басқарушы, ал басқару үшін орындаушылар қажет. Сондықтан, басқарушы–орындаушы қозғалысын саралауды жөн көрдік, яғни бұл қозғалыс келесі параметрлер бойынша реттеледі:

- орындаушы алатын тапсырмалар;
- тапсырмалардың орындалу сапасы;
- тапсырмаларды алу уақыты;
- тапсырмаларды орындау уақытын болжау;
- тапсырмаларды орындау үшін қажетті құралдар;

- орындаушының алатын ережелері (инструкциялары);

- орындаушының тапсырмаларды орындай алатындығына көз жеткізу;

- өткізілген жұмыс үшін мадақтау мөлшері;

- орындаушыны жұмыспен байланысты мәселелерге тарту деңгейі.

Педагогикалық менеджменттің ерекшелігі – әрбір педагогтың өзінің білім алушыларының тұлғалық дамуындағы жаңа рөлді, яғни оқыту, тәрбиелеу үрдісіндегі ұйымдастырушы, кеңесші болып, «ментор (тәлімгер)» емес «тренер (бапкер)» ретіндегі рөлдердің маңыздылығын түсінуінде.

Қазіргі бәсекелестік заманының талабы бойынша, кез келген оқу орнының (мектеп, колледж, ЖОО, т.б.) алға қойған

мақсаттарының бірі – адамдармен тиімді қарым-қатынас түзіп, жұмыс жасай алатын, басқара алушылық қабілет пен оған сәйкес білімі бар, адамтанушылық қасиеттерді бойына сіңірген тұлғалар шығару. Осыған байланысты білім беру саласындағы менеджер – басқару функцияларын кәсіби деңгейде орындайтын маман ғана емес, сонымен қатар өзінің қызмет етіп отырған оқу орнының ерекшелігі мен әлеуметтік-экономикалық даму тенденцияларына сәйкес мүддесін жете түсінетін жан.

Педагог – білім-тәрбие беруші ғана емес, ол істеп жатқан жұмысының нәтижесін көрсете алатын өнім шығарушы. Педагогтың өнімі ол – білім алушыларға берген білімі мен тәрбиесі, сабағы, оқитын дәрістері, жариялаған еңбектері, ғылыми-зерттеу жұмыстары және т.с.с. Өнімнің жоғары сапасы – қызметтің маңызды нәтижелілік көрсеткіші. Бәсекелесуге дайын педагогтың нәтижелі жұмыс істей алуы мен сапалы, пайдалы, жарамды өнім шығаруға бейімділігі бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналып отыр.

Қазір сан емес, сапаны сұрайтын заман. Алайда, біз бұған мән беруді қойдық. Бейне-бір жарысқа түскендей, кітап та жазып жатырмыз, сабақ өтудің түрлі-түрлі жобасын да құрып жатырмыз, ғылыми жұмыспен айналысу керек деген талапты орындаймыз деп сан-алуан ғылыми мақалалар да жариялап жатырмыз. Дегенмен, осының бәрінің дерлік қоғамымыздың, білім беру жүйеміздің, саналы ұрпақ тәрбиелеуіміздің шынайы сұранысына сай болуы екіталай, яғни сапасы төмен, пайдасы жоқ, жарамдылық дегеннен жүрдай дүниелер қаптап кеткені даусыз.

Педагогтың шығарған, жасаған өнімінің тұтынушылары – білім алушылар, білім-тәрбие беру саласының өкілдері, яғни педагогтардың өздері, одан әрі ауқымдырақ ойлана түссек, түгел халық. Ендеше, осы тұтынушылардың сұранысына сай өнім шығарып жатырмыз ба? Осы мәселені үнемі қаперімізде ұстағанымыз жөн.

Педагогтың сапалы нәтижеге жетудегі және сапалы өнім шығарудағы бейімділігін анықтау

үшін төмендегі көрсеткіштерді ұсынамыз:

-өнімнің нарықтағы бәсекелік артықшылықтарын, оның экономикалық қауіпсіздігін (сандық көрсеткішті ұлғайту мақсатымен босқа шығынға ұшырамау) қамтамасыз ету;

-өнім сапасын үздіксіз жоғарылату, өнімнің ғылыми сиымдылығын арттыру. Өнімнің сапасы дегеніміз – қажеттілікке, сұранысқа сәйкес қанағаттандыру жарамдығын анықтайтын өнімнің қасиеттерінің жиынтығы;

-эстетикалық көрсеткіштер бұйымның (педагогтың өнімі) сыртқы көрінісінің ақпараттық бейнесін, композицияның тұтастығын, дизайнды сипаттайды;

-патенттік-құқықтық көрсеткіштер бұйым құрылымындағы жаңартылу дәрежесін, оның патенттік қорғанысы мен патенттік тазалығын сипаттайды және бәсекеге қабілеттіктің маңызды белгісі болып табылады;

-әлеуметтік көрсеткіштер өнімді пайдалану немесе тұтыну кезінде пайда болатын қоғамымыздың дамуына зиянды әсерлердің деңгейін сипаттайды;

-қауіпсіздік көрсеткіштері өнімді пайдалану немесе тұтыну, құрастыру, өңдеу кезінде адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өнімнің ерекшеліктерін сипаттайды;

-экономикалық көрсеткіштер арқылы өнімді әзірлеу, дайындау мен пайдалануға кеткен еңбек шығындары бекітіледі және өнімді тұтынудан (пайдаланудан) алынатын экономикалық нәтиже есептеледі. Оларға баға, өзіндік құн, өнімнің пайдалылығы, пайдалану шығындары жатады (бұл ретте педагогтың өнімінің бағасы туралы сұрақ пайда болуы мүмкін. Сапалы, құнды еңбек міндетті түрде бағаланады, сұраныс артып «тауар» ретінде сатылымға түсіп, пайда әкелетінін естен шығармаған жөн).

Аталған сапа көрсеткіштерін өлшеу әртүрлі

әдістермен жүргізіледі: эксперименттік (сынау негізінде), есепті (теориялық және эмпирикалық тәуелділіктерді ашу), эксперттік (мамандардың бағалауы), органолептикалық (сезім, көз, құлақ, иіс, сезініс және талғам мүшелерінің қабылдауын талдау негізінде), әлеуметтік (тұтынушылар пікірлерін жинау мен талдау).

Педагогтың істеген жұмысының сапасыз нәтижесі, сапасы төмен өнімі әдетте бәсекеге қабілетсіз және нарықта тұтынушысын таппайды. Педагог өндіруші ретінде бұл жағдайда мұндай өнімнің сапасын жоғарылатуы тиіс немесе нарықта оны жаңа бұйымдармен алмастырып, өндірістен шығаруға тиісті. Бастаған жұмыстың сәтті аяқталып, сапалы өнімге қол жеткізу, тұтынушыларды қанағаттандыру үшін қазіргі заман педагогының тарапынан «педагог-өндіруші» ретінде келесі міндеттер атқарылғаны дұрыс:

-қойылған мақсаттың сапасын анықтап, оның бастан-аяқ сапалы болуын қамтамасыз ету;

-ресурстар мен қаражат мүмкіншіліктерін оңтайлы жоспарлау;

-өнімнің сапасын жобалау;

-өнімді жасаудың сапасын қадағалау;

-тұтынушыларды қанағаттандыру үшін стратегиялық бағыт алу;

-өнімнің сапалылығына кепілдік беру;

-тұтынушының өнім сапасына деген сенімін ақтау.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда әрбір ұлт болашағының кілтін ұстап отырған әрбір педагогымыздың бойынан жоғары білімділік, біліктілік, көрегенділік, парасаттылық және т.с.с. қабілет-қасиеттермен қоса заман талабына сай бейімделушілік пен әмбебаптылық қасиеттері жарқырап көрініп тұрса екен деген тілек біздікі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Мәңгілік ел құндылықтары» Монография. / С.Ж.Пралиев, М.А.Нуриев, Ж.А.Сейсенбаева, А.Е.Садыкова, Д.М.Советканова, Ж.Б.Кдыралиева. – Алматы: Ұлағат баспасы, – 2016. – 224 б.

2. Педагогтың ұжымдық топтық жұмыс жасай алуы – тиімді қарым-қатынас орнатудағы негізгі күзиреттілік. Нуриев М.А., Айнақұлова А.М. // «Ұлттық тәрбие», №2(38)2017.

МРНТИ: 14.15.07

**ХАРАКТЕРИСТИКА СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В СВЕТСКОМ АСПЕКТЕ**

М.А. Нуриев

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының
директоры, профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

Д.М. Советканова

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының
аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі

Источником перспективы развития независимого государства является воспитание подрастающего поколения. Глобализирующий мир требует особой внимательности и ответственности в деле воспитания молодого поколения. Вот почему светский характер системы образования – это благо и необходимость. В данной статье рассматриваются достижения и новые задачи в сфере образования за годы независимости Республики Казахстан в светском аспекте.

Ключевые слова: светскость, сущность светскости образования, светский характер, квалификация, воспитание, реформа, развитие, общество, государство.

Мақалада зайырлы ел болғалы білім беру ісінің мәні, міндеттері және принциптері ашылып, сараланады. Қазіргі қоғам алдында тұрған басты міндеттерге, яғни өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту мәселелеріне сипаттама беріледі. Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі екендігі көрсетіледі. Жастарға білім беру үрдісі халқымыздың ұлттық салт-дәстүріне, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылатындығы баяндалады.

Түйін сөздер: зайырлылық, зайырлы сипат, білім беру, біліктілік, тәрбие, реформа, даму, қоғам, мемлекет.

The source of the development prospects of an independent state is the upbringing of the younger generation. The globalizing world requires special care and responsibility in the upbringing of the younger generation. That is why the secular nature of the education system is a blessing and a necessity. This article examines achievements and new challenges in the field of education during the years of independence of the Republic of Kazakhstan in the secular aspect.

Keywords: secularity, the essence of secular education, secular character, qualification, education, reform, development, society, state.

Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев в своей книге «Критическое десятилетие» подчеркнул, что Казахстан является светским государством не только формально, но и по самой природе и духу всего казахстанского народа, сознание которого формируется на исторической веротерпимости [1].

Развитие и совершенствование системы

светского образования является важнейшим условием эффективного реформирования современного казахстанского общества. Светский характер образования в государственных и иных образовательных учреждениях – один из обязательных составляющих светскости государства и результат отделения религии от государства, школы от религии.

Под светскостью образования понимается

образование, независимое от какого-либо религиозного разрешения, где образовательная деятельность никак не подчиняется религиозным объединениям, образование не направлено на профессиональную религиозную подготовку служителей религиозного культа, на обучение или навязывание какой-либо религии.

Показателями реализации и соблюдение принципа светскости в образовании Республики Казахстан являются следующие критерии:

- недопустимость установления в государственных образовательных учреждениях общеобязательной религии;

- равенство прав каждого на поступление в образовательные учреждения и получение образования независимо от убеждений или отношения к религии;

- светскость внутреннего устройства и деятельности образовательных учреждений;

- независимость управления образовательными учреждениями от религиозного разрешения или давления, от вмешательства религиозных объединений, недопустимость передачи им каких-либо полномочий в управлении системой;

- недопустимость подготовки в светских образовательных учреждениях служителей религиозного культа;

- светскость профессиональной этики;

- светскость государственных образовательных стандартов;

- религиозная нейтральность используемых учебных программ и учебной литературы;

- не направленность преподавания образовательными учреждениями знаний о религии на вовлечение школьной и студенческой молодежи в религиозное объединение;

- осуществление государственного контроля за недопущением в используемых учебных программах и учебной литературе положений, возбуждающих ненависть либо вражду, унижающих достоинство или пропагандирующих неполноценность личности либо группы лиц по признаку

отношения к религии;

- запрет открытого ношения элементов религиозной одежды и знаков религиозной принадлежности преподавательскому и административному корпусу учреждения образования [2].

Сущность светскости образования можно выразить в трех словах, это:

- нейтралитет (религии и учебные заведения),

- независимость (образования от религии и наоборот),

- свобода (совести и вероисповедания).

Светский характер системы образования это не антирелигиозность. Светское образование не позволяет религии подчинить себе образование молодого поколения, в то же время она и не позволяет образованию подчинить себе религию.

Обретение независимости поставило перед Казахстаном новые задачи и новые ориентиры, направленные на повышение национальной конкурентоспособности. Образование определяется, как один из приоритетов государственной политики социально-экономического развития страны. За годы суверенитета республики произошло реформирование всех ступеней образования, его организационных, правовых, экономических и содержательных основ.

Казахстанское образование движется по пути уверенного стабильного развития, курс которого задан Главой государства. Президентские инициативы, последовательно воплощаемые в жизнь, затрагивают все уровни образования: от дошкольного до высшего, все этапы становления молодого поколения казахстанцев.

Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев подчеркивает, что на сущной задачей является подготовка кадрового потенциала для высокотехнологичных и наукоемких производств, современных менеджеров, мыслящих широко, масштабно, по-новому. Именно таким высокообразованным специалистам, которые сегодня еще сидят за школьными партами или в

вузовских аудиториях, предстоит осуществлять радикальные преобразования в стране [3].

В советский период в стране была создана система образования, включающая в себя дошкольное, школьное, вузовское, послевузовское обучение, был достигнут высокий уровень грамотности всего населения. Вместе с тем имелись и значительные недостатки: идеологизация учебно-воспитательного процесса, недостаточное внимание развитию национальных школ, слабое международное сотрудничество и другие, поэтому с обретением независимости стала очевидной необходимость реформирования всей образовательной системы. Процессы становления независимого государства с новой экономикой, новыми социальными институтами актуализировали проблемы формирования национальной системы образования, способной обеспечить адекватным кадровым потенциалом практически все сферы и отрасли [3].

В условиях модернизации казахстанского общества основными направлениями развития образования Республики Казахстан являются реформирование системы образования, ее интеграция в мировое образовательное пространство.

Главными задачами являются формирование единой государственной политики в области образования, научной и научно-технической деятельности, государственной молодежной политики, создание необходимых условий для получения качественного образования, совершенствование организации научных исследований, обеспечение охраны прав и законных интересов подрастающего поколения.

В ежегодных Посланиях народу Казахстана Президент подчеркивает первостепенное значение современной системы образования, соответствующей потребностям экономической и общественной модернизации. Реформа образования, цель которой достижение качества предоставляемых образовательных качественных услуг на уровне мировых стан-

дартов – это один из важнейших инструментов, позволяющих обеспечить реальную конкурентоспособность Казахстана в глобальном мире.

За двадцать пять лет независимости в республике в области образования достигнуты немалые результаты:

- организация образовательного процесса законодательно закреплена и имеет правовое регулирование (Конституция Республики Казахстан, Закон «Об образовании»);

- концептуально-программная модернизация образовательной сферы определена следующими документами: Концепция государственной политики в области образования, Национальная программа государственной поддержки образования, Государственная программа «Образование», «Стратегия развития образования» и др;

- создана конкурентоспособная образовательная система на всех ее уровнях независимо от форм собственности;

- создана стройная и непрерывная система образования: дошкольное воспитание и обучение; начальное образование; основное среднее образование; среднее образование (общее среднее, техническое и профессиональное образование); послесреднее образование; высшее образование; послевузовское образование.

Проведенное исследование показало, что в условиях быстрого экономического роста страны необходимо дальнейшее реформирование национальной модели системы образования, призванной обеспечить широкий доступ к качественному образованию. Концепция развития образования должна охватывать весь процесс становления личности человека – с детского возраста и до формирования всесторонне подготовленного специалиста, поэтому реформирование образования должно быть комплексным, учитывающим реалии сегодняшнего дня [4].

Фундаментальные изменения, происходящие в образовательной политике на современном этапе, процессы глобализации, динамика развития страны не позволяют

останавливаться на достигнутом. И поэтому, Казахстану необходимо решить группы взаимосвязанных задач:

1. Необходимо непрерывное **совершенствование законодательной и нормативно-правовой базы системы образования** в целях обеспечения устойчивого социально-экономического развития, дальнейшей демократизации и гуманизации общества.

2. Эффективное функционирование и развитие системы образования требует **совершенствования финансово-экономических механизмов**, дальнейшего увеличения доли бюджетных ассигнований на образование как в расходной части государственного бюджета, так и в валовом внутреннем продукте увеличения расходов на обучение учащихся и студентов из республиканского бюджета и введение единого норматива на территории всей страны.

Правительство должно продумать вопрос о стимулировании более тесных связей между бизнесом и высшим образованием в целях обеспечения непрерывной подготовки специалистов.

Целесообразно увеличить финансирование программ для студентов и преподавателей, включая разработку механизма возмещения затрат и установление партнерских отношений с работодателями и заинтересованными международными организациями.

3. Интеграция Казахстана в мировое образовательное пространство диктует потребность **в поэтапном полном обновлении материально-технической базы организаций образования на всех его уровнях**. Немаловажными критериями, обеспечивающими рост качества образования, являются соответствующее современным требованиям материально-техническое обеспечение и строительство новых детских воспитательных учреждений, средних образовательных школ, профессионально-технических школ, в том числе на основе государственно-частного партнерства.

4. Необходима трансформация традиционной концепции образования. Образование

в современном мире должно быть более гибким и открытым к переменам, способным адекватно реагировать на них. В наиболее динамично развивающихся странах образование сегодня является ключевой производительной силой общества, а не затратной сферой. То есть образование должно стать конкурентоспособным, должно привлекать серьезные финансовые средства. Буквально с самой первой ступени, с начальной школы, необходимо нацелить образование на развитие экономики и государства в целом. Надо строить образовательный процесс не только в ключе получения знаний, но и для того, чтобы учащийся смог успешно применять их на практике для максимальной самореализации и полезного участия в жизни общества.

5. Малокомплектная школа является значимой составляющей современного школьного образования, требующей особого внимания и нестандартного подхода к решению проблем. Прежде всего, необходимо устранить причины роста сети малокомплектных школ. Способствовать этому может всесторонний анализ современных процессов, протекающих в сельской местности в контексте социально-экономического развития.

Во-вторых, содержание сельского образования должно не только соответствовать государственному образовательному стандарту, но и учитывать специфику условий проживания, давать возможность учащимся активно осваивать, преобразовывать внешнюю среду (материальную, социальную, духовную), приобретать знания, навыки, умения для жизнедеятельности в конкретной социальной среде. Для этого необходимо разрабатывать учебный план, программы, учебники именно для сельских школ, дополнительные методические пособия, учитывающие специфику малочисленности контингента обучающихся.

6. Развитие системы подготовки и переподготовки кадров системы образования и планомерное повышения их квалификации.

В современном мире социокультурные условия и глобализация диктуют

необходимость в формировании творческой поликультурной личности с общепризнанными нравственными и моральными ценностями. Стране требуются не просто молодые специалисты, а социально активные личности, которые бы способствовали росту ее престижа.

7. Национальное воспитание играет важную роль в обеспечении благосостояния народа, в развитии экономики, в упрочении независимости Республики Казахстан и признании другими странами авторитета нашей перспективной, стремительно развивающейся республики.

Основная цель национального воспитания – научить молодежь ментальной чистоте и верности своей стране и народу, чтобы они полностью осознали и усвоили национальные ценности. Национальное воспитание и народное наследие идут вместе, плечом к плечу в направлении процветания современного общества.

Неустойчивость экономического и политического положения на современном этапе, мировой кризис, снижение национальных ценностей, отсутствие у людей желания работать, стремиться к знаниям, к труду, безответственное отношение к созданию семьи и другие проблемы требуют нового взгляда на воспитание молодежи.

Ни одна из этих задач не может быть решена без качественной модернизации сферы образования. Так, реформирование образования и профессиональной подготовки кадров должно осуществляться как базовый, основополагающий элемент будущей национальной инновационной системы. Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев подчеркивает, что конкурентоспособность Казахстана невозможно обеспечить без высокого уровня образованности граждан, конкурентоспособности специалистов: «Страна, неумеющая развивать знания, в XXI веке обречена на провал. Мы должны сформировать кадровый задел для высокотехнологичных

и наукоемких производств будущего. Без современной системы образования и современных менеджеров, мыслящих широко, масштабно, по-новому, мы не сможем создать инновационную экономику. Необходимо принять адекватные меры, направленные на развитие технического и профессионального образования на всех уровнях. Задача казахстанских вузов – предоставлять образование на уровне мировых стандартов, а дипломы ведущих из них должны быть признаваемы в мире. Они обязаны это сделать» [4].

Стратегические цели, стоящие перед казахстанской системой образования в новых экономических и социокультурных условиях, тесно связаны с вопросами развития казахстанского общества, включая обеспечение устойчивого социально-экономического развития и высокого качества жизни народа, укрепление демократического правового государства и развитие гражданского общества, кадровое обеспечение рыночной экономики, интегрирующейся в мировое хозяйство [5].

В завершении хочется сказать, что светский характер системы образования Республики Казахстан, являясь одной из основ конституционного строя, дополняет идеологический и политический плюрализм духовным многообразием. Следует подчеркнуть, что в условиях многоэтнического и многоконфессионального государства, каковым является Республика Казахстан, сохранение светских принципов государства приобретает особую актуальность. В этой связи для обеспечения незыблемости светского принципа развития Казахстана необходимо всеми имеющимися административно-правовыми и уголовно-правовыми мерами защищать его от нападков, в том числе со стороны деструктивной идеологии религиозного экстремизма и терроризма. Следует помнить и не забывать, что посягательства на постулаты нашего светского государства – есть посягательства на конституционный строй Казахстана.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Н.А.Назарбаев Критическое десятилетие. – Алматы, Атамұра, 2003 – 240 стр.
2. Материалы из страницы интернет-сайта <http://religiya.kostanay.gov.kz>
3. Послание Президента народу Казахстана «Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев». Астана, октябрь 1997г.
4. Послание Президента народу Казахстана «О положении в стране и об основных направлениях внутренней и внешней политики на 2002 год». Астана, сентябрь 2001г.
5. Послание Президента народу Казахстана «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации». Астана, февраль 2005г.
6. Образование Казахстана в годы независимости (1991-2011гг.). Монография. – Алматы: «Ұлағат», 2011.-176 стр.



*«Қазақстандықтарды біріктіретін,
ел болашағының іргетасын қалаған
басты құндылықтардың бірі –
зайырлы қоғам мен жоғары руханият»*

Н.Ә. Назарбаев.

МРНТИ: 16.31.02

АҒЫЛШЫН ТІЛІ – БӘСЕКЕЛЕСТІК ТІЛІ

А.М. Айнакулова

Ағылшын тілі пәнінің І-санатты оқытушысы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылшаруашылық колледжі

Берілген мақалада бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудағы ағылшын тілі пәнінің ролі анықталады. Шетел тілін оқытудың тәрбиелік мәні сараланады. Колледждердегі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында ағылшын тілі пәнінің оқытылуына қойылар кейбір талаптар сипатталады. Бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеудегі ағылшын тілі пәні оқытушыларының қоғамдағы маңызды орын алатындығы мақаланың өзекті мәселесі болып табылады.

Түйін сөздер: бәсекеге қабілеттілік, бәсекелестік тілі, прогресс тілі, жаһандану үрдісі, ағылшын тілі, ағылшын тілін оқыту, жас маман, кадр даярлау, білім беру мазмұнын жаңарту.

В данной статье раскрывается роль английского языка в подготовке конкурентоспособных специалистов. Повествуется об актуальности преподавания иностранного языка в аспекте воспитательной ценности. Охарактеризуются некоторые требования к преподаванию английского языка в колледжах в условиях модернизации содержания образования. Одним из ключевых вопросов данной статьи является то, что преподаватели английского языка являются важной частью общества в воспитании конкурентоспособной личности.

Ключевые слова: конкурентоспособность, язык конкурентоспособности, язык прогресса, процесс глобализации, английский язык, преподавание английского языка, молодой специалист, подготовка кадров, модернизации содержания образования.

This article reveals the role of English in the preparation of competitive specialists. It is narrated about the relevance of teaching a foreign language in the aspect of educational value. Some requirements for the teaching of English in colleges are characterized in the context of the modernization of the content of education. One of the key issues of this article is that English teachers are an important part of society in the education of a competitive personality.

Keywords: competitiveness, language of competitiveness, language of progress, globalization process, English language, teaching English, young specialist, training, modernization of the content of education.

Осыдан екі жүз жыл бұрын француз тілі, үш жүз жыл бұрын латын тілі, мың жыл бұрын араб тілі жер-жаһанды билесе, қазіргі кезде ағылшын тілі дүниежүзілік маңызы бар тілге айналып отыр. Себебі, мұның бәрі ғылымның дамуына байланысты. Біріншіден, бүгінгі таңда ағылшын тілді елдердің экономикасының дүние жүзіне ықпалы артуда. Екіншіден, ағылшын тілі өнер мен мәдениеттің, әдебиет пен саясаттың, сауда-саттық және әртүрлі ресми қарым-қатынастардың тілі болды. Сондықтан осы заманғы кәсіби маман дайындау, оны қоғам сұранысына, заман талабына сай бағыттап, бәсекеге қабілетті нарық тұлғасы дәрежесіне көтеру – педагогтың үлесіне тиген жауапты да күрделі іс. Еуропа мен Азияның қақпасы,

ортасындағы көпір – Қазақстанды әлемге танымал ететін болашақ интеллигенция өкілдерін дайындау – педагогтарымыздың негізгі борышы. Солар арқылы ғана біздің еліміз тек қаппа емес, төрткүл дүниенің төрінен орын алған алдыңғы қатарлы мемлекет бола алады.

XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Еліміздің жаһандану үдерісінде экономикалық бәсекелестікке түсуі бүгінгі талапқа сай кадрларды әзірлеу қажеттігін туындатып отыр. Осы мақсатқа жету үшін, халықтың санасы істеген іс-әрекетінен озып жүруі, яғни, елбасыша айтқанда, «одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс». Бұл дегеніміз – жоғарыда айтылғандай, экономикалық бәсекелестікті дамытып қана қоймай, олардың өзегіне айналдыру. Ал экономикалық бәсекелестікке қабілетті ел болу

үшін, сол елдің білімі мен тәрбиесіне тікелей байланысты екені айтпаса да түсінікті.

Мемлекетаралық байланыстарды нығайту елдердің экономикалық қарқынына ғана емес, ол руханиятқа, соның ішінде, тілге де тәуелді. Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық, тиімді әдістері мен тәжірибелерін жалғастырып тың жаңалықтар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту қашанда жалғаса бермек. Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру білім алушының өзі арқылы, оның іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып жүзеге асырылады. Білім беру жолы – қиын да қастерлі жол. Болашақ жастарды оқыту, тәрбие беру, қазіргі өмір ағысына бейімдеу – ұстаз алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына, кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда.

Қазіргі таңда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес барлық колледждерде білім беру бағдарламаларын 2019 жылға дейін жаппай жаңаландыру науқаны жүргізілуде [1]. Осы ретте, кәсіптік-техникалық білім беруде оқытылатын пәндер ішінде ағылшын тілінің өзіндік орны бар екені баршамызға мәлім. Себебі, ағылшын тілі – бәсекелестіктің кілті, яғни бәсекеге қабілетті жас маманның тілі.

Ағылшын тілін оқыта отырып білім алушыларды елжандылыққа, интернационализм рухына тәрбиелеуге жол ашылады. Ағылшын тілі пәнінде әртүрлі мәтіндер, тақырыптарды оқи отырып, сол елдің тарихымен, өнерімен, мәдениетімен, ұлтымен жақынырақ танысады. Білім алушылар өз ұлтын сүйеді, өзге халықтарды сыйлауды үйренеді. Шетел тілін оқытудың тәрбиелік мәні үлкен. Ол білім алушылардың жандүниесін байытады, ой-өрісін, көркемдік талғамын кеңейтеді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді.

Колледжде оқудың алғашқы кезінде білім алушы ағылшын тілі пәні бойынша тілдік

материалды жеңіл меңгеріп кетуі мүмкін, дегенмен, уақыт өте келе материалдың күрделенуіне байланысты білім алушы әртүрлі қиыншылықтарға кездеседі. Ал бұған оқытушылар дер кезінде көмек жасай алмайды. Демек, білім алушы тілдің түрлі құбылыстарын меңгеру өте қиын деген ойға келеді. Мұндай қиыншылықтан сабақ үстінде танымдық ойын түрлерін (интервью, актерлік өнер, т.с.с.), сондай-ақ сабақ түрлерін (сабақ-саяхат, сабақ-ертегі, сабақ-мәжіліс, т.с.с.) пайдалану арқылы шығып кетуге болады.

Білім алушыларды ынталандырудың бірден-бір жолы – аудиторияда оларға ыңғайлы атмосфера жасау. Яғни, сын тұрғысынан ойлаудың дағдыларын дамыту, сыныпта тиісті орта жасау (A.Crawford, E.W.Saul, S.Mattews, J.Makinster, 2005). Колледж студенттерін ынталандыру, белсенділіктерін арттыру барысы ағылшын тілін оқытудың әдістері мен стратегиялары немесе технологияларына негізделуі тиіс [2, 80-85].

Қазіргі кезде педагогтарға қойылып отырған талап – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, білім алушылардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру. Колледждерде жаңа технологиялар арқылы оқыту ағылшын тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шетел тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету, ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Қазіргі кезде колледждерде ағылшын тілін оқыту дұрыс жолға қойылып келе жатыр. Білім алушылардың ағылшын тілін біліп ғана қоймай, ағылшын тілді елдердің тарихын, ұлттық мәдениетін білуге көп көңіл бөлінеді. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты – шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым-қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты – өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Ұстаз шеберлігінің өзегі – тіл байлығы. Ұстаздың өз ойын жүйелеуге қажетті сөздік қорының деңгейі және сөйлеу мәдениеті

сабақтас. Ол үшін ұстаз біріншіден, өзі еркін білетін тілде дәріс беруі шарт. Екінші шарт – шәкірт түсінікті тілде сабақ алуы қажет. Демек түсінікті тілде білім беру кәсіби біліктілікті қалыптастырудың қағидалық аксиомасы екендігін әркез басшылыққа алуға тиіспіз.

Бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу үшін ағылшын тілі пәнінің оқытушылары сабақта және сабақтан тыс мынадай жұмыстар атқаруы тиіс деген ойдамыз:

1. Білім алушыларға терең әрі жан-жақты білім беру және оны түсіндіріп, игерту.

2. Танымдық қабілеттерін дамыту, оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру.

3. Білім алушыларды өмір бойы дербес оқуға, өз беттерімен ізденіп білім алуға дайындап, білімнен өздеріне қажеттерін ала білуге дағдыландыру.

4. Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына көмектесу.

5. Белгілі бір проблеманы шешуде білім алушылардың ынтымақтастығын, олардың өзіндік жұмыстарының ізденісті, зерттеу түрлерін ұйымдастыру.

6. Жұмыстың жұптық, топтық және ұжымдық түрлерін қолдану [3, 19-20].

Осы мақсаттар негізінде бәсекеге қабілетті жеке тұлғаның төмендегідей көрсеткіштері қалыптасады:

1. Үш тілді жетік меңгерген.

2. Өзі тілін үйреніп жатқан ел мен оның мәдениетіне, біліміне, өнеріне, сол тілге деген қызығушылығы бар.

3. Өздерінің қабілеттеріне, мүдделеріне орай тілін үйреніп жатқан ел өкілдерімен байланыс орнату (шетелдік волонтерлер жүргізетін курстарға қатысу, сол тілде хат жазысу, т.б.)

4. Терең де тиянақты білім алуға өзінің бойындағы бар күш-жігерін жұмсайтын.

5. Қоғам мүддесін өз мүддесінен жоғары қоятын.

6. Білім нарығындағы сайысқа үнемі әзір тұратын білімді де ойшыл жас.

Зерттеу жұмыстарына қарағанда, білім алушының білім алуға деген ықыласы белгілі бір дағдылар мен қабілеттерді қажет етеді. Сондықтан, сабақ үрдісінде белгілі бір дағды

мен қабілет қалыптастыру арқылы танымдық қызығушылық пайда болады.

Сабақтың ұқыпты, айқын, дұрыс ұйымдастырылуы білім алушылар алдындағы тақырыптың дұрыс таңдап алынуы, білімдік және тәрбиелік мақсаттармен қатар сабақтың нақты тапсырмаларын ұтымды жүргізіп пайдалануына әсер етеді. Бұл талаптар сабақ жоспары мен тақырыптық жоспардың жүйелі жасалынуына байланысты. Дегенмен, оқу-тәрбие жұмысындағы нәтижеліліктің басты белгілері – мұғалімнің жеке басының білімділігі, шеберлігі, өмір танымы, өз пәніне шәкірттерін иландырып қызықтыра білуінде.

Білім алушылар шетел тілінде дұрыс қарым-қатынас жасай алу үшін, олар ауызша айтылған сөзді тыңдап түсінулері тиіс. Ауызша айтылған сөзді қабылдау мен түсіну өте күрделі психикалық әрекет. Тыңдап түсіну қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік еске, қабылдауға, логикаға, санаға, ажырату және таным механизмдеріне, салыстыруға, жинақтауға байланысты. Тыңдап түсіну барысында білім алушылардың санасында фонетикалық және интонациялық есту қабілетін қалыптастыру керек, себебі бұл күрделі процесс болғандықтан, жалпыға ортақ қиындықтарды және арнайы қиындықтарды ескеру қажет. Олар:

• Сөйлеуші қолданған кейбір лексикалық және грамматикалық материал білім алушыға таныс емес болуы мүмкін, бұл жағдай білім алушыға тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінуді қиындатады. Бұл қиындықты жеңудің жолы – білім алушылардың пассивтік және потенциалдық сөздік қорын байыту;

• Әр адамның дыбыстарды айту ерекшеліктері мен интонациялық ерекшеліктері болуы заңды құбылыс. Білім алушы өз оқытушысының сөйлеу ерекшеліктеріне дағдыланып алады да, басқа адам айтқан сөзді түсінбеуі мүмкін. Бұл қиындықты жеңудің жолы – сабақта техникалық құралдарды жиі қолдану керек;

• Білім беруші немесе оқытушы әдетте сабақта өте баяу ырғақпен сөйлейді, мұндағы мақсат – білім алушылар оның айтқан сөзін

түсінсін дегені. Білім алушылар осындай баяу сөзге дағдыланады да, дұрыс ырғақта сөйлеген сөзді түсінбейді. Міне, бұл қиындықты сабақта тек техникалық құралды қолдану арқылы жеңуге болады;

•Оқытушы сабақта шетел тілінде сөйлегенде, айтқан сөзін білім алушылар түгел түсінсін деп бірнеше рет қайталап айтады. Білім алушылар осы қайталауға үйренеді. Шынайы коммуникацияда сөйлеуші айтқанын қайталамайды, сондықтан оқытушының мақсаты – білім алушылардың тыңдаған мәтіннің мазмұнын бір-ақ рет тыңдағанда түсінуге үйрету. Ал кей жағдайларда білім алушылар мәтіннің мазмұнын бір рет тыңдағанда түсінбесе, оны екінші рет тыңдатуға болады, дегенмен, бұл жолы оқытушы тыңдайтын мәтінге қосымша бір тапсырма беруіне болады. Мысалы, мәтінді екінші рет тыңдап, бұл оқиғаның басты кейіпкеріне, оқиға уақытына, оқиға жеріне және т.б. назар аудару деген сияқты тапсырмалар;

•Келесі бір қиындықмынада: егер тыңдаушы сөйлеушінің бет-әлпетін көріп, оның сөйлеу органдарының қимыл-қозғалысын байқап отырса, онда ол өзі тыңдап отырған сөзді жеңіл түсінеді, алайда мұндай жағдай үнемі бола бермеуі мүмкін (телефон арқылы сөйлесу, радиодан хабар тыңдау т.с.с.).

Жоғарыда айтылған қиындықтарды жеңудің алғышарты – мұғалімнің сабақта техникалық құралдарды кеңінен пайдалануы және тыңдау қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларды дұрыс ұйымдастыра алуы.

Енді тыңдауға арналған мәтіндерге қойылатын талаптарға тоқтала кетсек. Олар:

•Тыңдауға арналған мәтіннің мазмұнының тәрбиелік мәні болуы тиіс және оның мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек;

•Мәтіннің берік логикасы болуы шарт;

•Мәтіннің мазмұнында тыңдаушылар үшін қызықты жаңа мәселе болуы керек;

•Мәтін аутентивті, яғни жасанды емес, шындыққа негізделген мәтін болуы тиіс.

Жоғарыда айтылған ойларды қорытындылай келе, білім алушылардың тыңдап түсіну

қабілеттерін дамытпастан, білім алушыларды ағылшын тілінде сөйлей алуға үйрете алмаймыз.

Компьютерлік телекоммуникациялар ағылшын тілінде тірі, шынайы қарым-қатынастарды ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Бұл телекоммуникацияның дидактикалық қасиеті шынайы тілдік орта құру үшін керемет мүмкіндіктер туғызады. Сонымен қатар, ағылшын тілін оқыту материалдары иллюстрация, анимациялық және дыбысы бар объект түрінде құрылса, білім алушылардың даму ерекшеліктеріне сәйкес ағылшын тіліндегі материалдардың мазмұнын тез қызыға қабылдауға, түсінуге, білімін өз бетімен жетілдіруге негізгі түрткі бола алады. Ағылшын тілі сабақтарында видеофильм, мультимедиялық презентациялар, дыбыстарды, анимациялық суреттердің көмегімен монолог, диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыруға болады. Демек, оқытушының маңызды тапсырмаларының бірі – ағылшын тілі сабақтарында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде білім беру мазмұнын жаңарту, әлемдік білім кеңістігіне ену, жаппай цифрлендіру, инновациялық технология тұрғысынан іздену мақсатында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты, білімді жеке тұлғаға қарай бағыттау, білім алушының «Мен» менталитетін қалыптастыру, олардың өзін-өзі танытуы үшін еңбектену оқытушылар қауымына үлкен мақсаттарды алға тартты. Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамдағы жариялылық, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы ағылшын тілін оқыту сұраныстарын түбегейлі өзгерте отырып, жаңа талаптар жүктеуде. Егеменді еліміздің тағдыры, жас ұрпақтың тағдыры – бүгінгі ұстаздардың қолында. Сол себептен де, қазіргі заманның бәсекеге қабілетті жас маман-кадрдарды даярлайтын білім беру ошақтары жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой, санасы ашық педагогтарды талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайтынан // www.akorda.kz
2. Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садыкова А.Е., Советканова Д.М. Білім алушыларды оқуға ынталандырудың жолдары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлағат», 2015. – 116 бет.
3. Нуриев М.А., Айнақұлова А.М. Педагогтың ұжымдық топтық жұмыс жасай алуы – тиімді қарым-қатынас орнатудағы негізгі құзіреттілік // Ұлттық тәрбие. – 2017. – № 2 (38). 16-20 бб.



*«Өзге ұлттың тілін, дәстүрін білмей,
оның жанын, арманын түсіну,
сеніміне, құрметіне бөлену мүмкін емес.
Өз тілінің сұлулығын сезінбей,
өзге тілдің сұлулығын сезіну екі талай»*

Б. Момышұлы.

МРНТИ: 16.31.02

ТІЛ – ҚАТЫНАС ҚҰРАЛЫ

А.Қ. Талдыбаева

Абай атындағы ҚазҰПУ Филология және көптілді білім беру институты,
Шығыс тілдері және аударма кафедрасының аға оқытушысы

Мақалада Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінде отандық мектептен маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға сипаттама беріледі. Орыс тілінің коомуникациялық белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде көптілді білім беруді енгізу мәселесі талданады. Қазақстанның жаһандану жағдайында ұлттық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысы анықталады.

Түйін сөздер: тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастар, жаңа технологиялар, ақпараттық және компьютерлік жүйелер, көптілділік, көпмәдениеттілік, «үштұғырлы тіл», көпмәдениетті құзіреттілік, полимәдениетті жеке тұлға, ақпараттық технология.

В данной статье раскрываются вопросы изучения трехязычия в Казахстане (казахского языка как государственного языка; русского, как языка межнациональной коммуникации, и английского языка, в качестве языка научной информации и успешной интеграции экономики). Глобализация требует внедрения многоязычного образования. В связи с этим меняются требования к учителю. В статье анализируется повышение конкурентноспособности, творческое самосовершенствование педагогов, которые являются необходимо важными качествами.

Ключевые слова: межличностные и межкультурные отношения, новые технологии, информационные и компьютерные системы, многоязычие, поликультурализм, трехязычие, поликультурная компетентность, поликультурная личность, информационные технологии.

This article explores the issues of studying trilingualism in Kazakhstan (the Kazakh language as a state language, Russian as a language of interethnic communication, and the English language, as a language of scientific information and successful integration of the economy). Globalization requires the introduction of multilingual education. In this regard, the requirements for the teacher change. The article analyzes the increase in competitiveness, creative self-improvement of teachers, which are essential qualities.

Keywords: interpersonal and intercultural relations, new technologies, information and computer systems, multilingualism, multiculturalism, trilingualism, multicultural competence, multicultural personality, information technologies.

Тілдің адам өміріндегі танудың, түсінудің, дамудың құралы рөлін атқаратындығы баршамызға түсінікті. Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Бүгінгі таңда осы көптілді меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Елбасының «Қазақстан-2030»

стратегиялық Жолдауында: «Жастарды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. Олар қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бірдей жақсы меңгеретін болады. Олар осы арқылы және өзінің бейбіт әрі қарқынды дамыған, бүкіл әлемге танымал елінің патриоты болады», - деген болатын [1].
Әлемдік дамудың талабына сай бәсекеге

қабілетті ұлт боламыз десек, оның қатаң талаптарын орындауға күш салуымыз қажет. Сондықтан, көптілділікті меңгеру заманның зәрулігінен туындаған қажеттілік болып тұрғанда, оны игеруді неге бастамасқа. Қазақстан Республикасының шетелдермен халықаралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін білетін мамандар өте қажет.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы «білім беру жүйесінде үш тілдің – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау» міндетін атап көрсеткенін білеміз [1]. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті күзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Тек қана жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен бірге, мектептерде де көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдер дайындау жұмысы да дұрыс шешімін табу керек.

Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару – біздің қазіргі таңдағы міндетіміз. Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе.

Қазіргі кезде оқушыларға ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық

мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, видео кешені – оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, жүйелендіру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Ал, оқыту процесінде мультимедия бағдарламасының көмегімен, ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады.

Сондай-ақ, 12 жылдық білім беру үлгісіне ауысу мұғалімнен инновациялық, шығармашылық тұрғыдан ойлауды талап етеді. Кәсіби педагогикалық шеберлікті, шынайылықты талап ететін қазіргі заманда ұстаздың әрбір ісін, жоспарын мұқият зерделеуін қажетсінеді. Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән берілуде. Яғни жаңаша білім беруде оқытушылар алдына қойылған мақсат көптілді білім бере отырып, әлем бірлестігінің жағдайында бәсекеге түсе алатын көптілді тұлғаны дамыту болса, ал міндетіне әр оқушының жеке қабілеттері мен көптілді дамытуды қамтамасыздандыруға жағдай жасау, әртүрлі деңгейдегі мәселелерді шешуге бағытталған оқушылардың жобаларын дамыту болып тұр. Ал, күтілетін нәтиже көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге, қабілетті тұлға дайындау [2].

Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді: мемлекеттік тілді – қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Бұл міндетті шешудің маңыздылығы Қазақстанның жаһандану жағдайында ұлттық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысымен анықталады. Оның жүзеге асырылуына

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасы септігін тигізгендігі сөзсіз [3]. Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінде отандық мектептен маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға, орыс тілінің коммуникациялық белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді. Бұл мәселенің бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып отырғандығы қуантады.

Сонымен қатар, мұғалімге қойылатын талап та басқаша болмақ, яғни қазіргі мектептегі ақпараттық құралдарды жетік меңгеру, Power Point, Active Studio бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білу, білім кеңістігін кеңейту, ашу бағытындағы өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпыну керек.

Сонғы кезде уақыт көрсетіп отырғандай, мұғаліммен салыстырғанда оқушыда көп ақпарат болатыны кейінгі көрсетілген тәжірибелер дәлелдеп отыр. Сондықтан, әрбір мұғалім өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе білім беруді ақпараттандырудың қажетті шартына айналып отыр. Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне,

зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қояды.

Қорыта айтатын болсақ, тіл – қатынас құралы, тіл білу арқылы әлемді тануға болатыны сөзсіз. Көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілу арқылы оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейтуге, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік туады. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін, бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет. Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдаған Үндеуінде: «Біздің болашағымыз білікті де, білімді жастардың қолында», - деп атап көрсетсе, сол жастарды мектеп табалдырығынан бастап дайындауға көш алдында болу, жаңа заман талабынан қалмай алдыға жылжу, яғни заман талабы оқушылардың бойына түйінді құзіреттіліктерді қалыптастыру – әр мұғалімнің азаматтық борышы болып табылады.

Өмірге жаңа ұрпақ келіп жатқанын естен шығармағанымыз жөн. Қазіргі ұрпақтың бойында ұлттық рух, ұлттық намыс жоқ дей алмаймыз. Керісінше, қазіргі жастар елінің болашағы – қазақ ұлтымен, оның мемлекеттік тілімен тікелей байланысты екенін жақсы түсінеді және сонымен қатар, әлемдік үдерістің талабына сай көп тілді меңгерудің де өмір талабы екендігін жақсы біледі. Барлығы да уақыттың еншісінде, келешек ұрпақ ұлтының ұлы мұратын биік ұстайды деп сенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. 12 жылдық білім. // Ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-сараптамалық журнал, – №3, – Алматы, – 2008.
2. 12 жылдық көшуге арналған білімді дамыту бағдарламасы. // adilet.zan.kz
3. Мектептегі шет тілі. // Республикалық-әдістемелік-педагогикалық журнал, – №4 (44), – Алматы, – 2010.

МРНТИ: 16.01.45

ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Р.Б. Бораш

Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.к.

С.Т. Баусариева

Абай атындағы ҚазҰПУ 2-курс магистранты

Қазақстан Республикасының білім мазмұнын жаңартудағы, әлемдік білім көкжиегіне ұштаса білім берудегі жаңашыл идеялары қазақ әдебиеті пәнін оқытуға игі ықпалын тигізуде. Қарастырылып отырған мақалада әдебиет сабағының мазмұнын сапалы деңгейге көтерудегі педагогикалық технологиялардың тиімділігіне тоқталып, арнайы лирикалық жанрды оқытудың педагогикалық ұстанымдары сараланады. Мақалада дидактикалық ұстанымдардың оқыту үрдісінде мұғалім басшылыққа ала отырып оқытудың мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және ұйымдастыру түрлерін тандап, шәкірттерін жоғары нәтижелерге жеткізе алатындығы жайында тұжырым жасалады.

Тірек сөздер: дидактикалық ұстанымдар, лирика, эстетикалық талғам, білім мазмұны, ғылымилық ұстаным, көрнекілік ұстаным.

Инновационные идеи по модернизации содержания образования Республики Казахстан в сочетании с мировыми образовательными горизонтами способствует преподаванию казахский литературы. В данной статье рассматривается эффективность педагогических технологий в повышении содержания урока литературы до качественного уровня, изучаются педагогические принципы специального лирического жанра. Определяются дидактические принципы преподавания лирических произведений, как содержания обучения. В статье автор руководствуется учебным процессом дидактических принципов, методами и организационными параметрами.

Ключевые слова: дидактические принципы, лирика, эстетический вкус, содержание образования, научный принцип, наглядный принцип.

Innovative ideas on the modernization of the content of education of the Republic of Kazakhstan in conjunction with the world educational horizons contribute to the teaching of Kazakh literature. This article examines the effectiveness of pedagogical technologies in increasing the content of the literature lesson to a qualitative level, and the pedagogical principles of a special lyric genre are studied. Didactic principles of teaching lyrical works, as the content of teaching, are determined. In the article the author is guided by the educational process of didactic principles, methods and organizational parameters.

Keywords: didactic principles, lyrics, aesthetic taste, educational content, scientific principle, visual principle.

Еліміздің өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, саяси-әлеуметтік және экономикалық даму-дың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білімді сауатты ұрпақ тәрбиелеу – негізгі міндеттердің бірі. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақтың ел болуы, ұлт тағдыры оның келешек мектебінің қалай болып құрылуына тіреледі», - деп атап көрсетті [1]. Егемендіктің тұғыры тұрақталып, мемлекеттің іргесін нығайту және қазіргі уақыттағы жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін мектеп қабырғасында елжандылық тәрбие идеяларын жастардың

санасына дарытуда әдебиеттің алатын орны ерекше.

Қазақстан Республикасының бүгінгі таңда білім беру саласында жүргізіп жатқан жаңарту бағытындағы түбірлі өзгерістері қазақ мектебіндегі әдебиет пәнін сапалы әрі мазмұнды оқыту мақсаты мен міндеттерінде айқын танытады. ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілі болғандықтан, оны жан-жақты дамыту міндеті тек қазақ тілі пәнін жоғары деңгейде оқытуға ғана жүктелмейді, әдебиет пәнінің де бұл мақсатты шешуде алатын өзіндік орны үлкен.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» жолдауында: «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды.

Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн», - деп, ұлт тілінің мәртебесін көтереді және міндет жүктейді [1].

Әдебиетті оқыту арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру, шығармашылық және логикалық ойлауын дамыту, адамгершілік-эстетикалық қасиеттерін, талғамын тәрбиелеу міндеттерін шешу әдебиет пәнін оқыту әдістемесін жетілдіруге тікелей байланысты.

Жазба әдебиетіміздегі сыршыл поэзияның, яғни, әдеби мағынасындағы нағыз лириканың болмыс-табиғаты туралы кемел пікір, толымды түсінікті төл әдебиеттануымызда алғаш негіздеген – Ахмет Байтұрсынұлы. «Лирикаға толғау» деген балама термин қолдана отырып, «толғау – сөз өнерінің барып тұрған жері, яғни ең биік шыңы» - деп баға берді. «Толғау көңілдің көркем сырларын көрнекті сөздермен айтып білдіріп, адамның көрік ләззаты басқа сөздердің бәрінен де артық болады» [2, 453], - дейді.

Лирикалық шығармалардың оқушының білім деңгейін ғана емес, адамгершілік-эстетикалық тәрбиесін, дүниетанымы, шығармашылық, логикалық ойлау, жалпы мәдениетін қалыптастырып, дамытудағы маңызды орны үлкен. Қазақ мектебіндегі әдебиеттің бағдарламасы бойынша оқылатын лирикалық шығармалар сан жағынан прозалық, драмалық туындылардан аз емес, жеткілікті. Бірақ, әрбір туындыны оқытудың оқушының білімі, тәрбиесі, ақыл-ойы дамуында алатын өзіндік орны бар екені белгілі. Олай болса, мектепте лирикалық шығармалардың мектеп бағдарламасында оқытылу жайын зерттеу, анықтау – жалпы әдебиетті оқыту сапасын арттыруға, жалпы білім сапасын жетілдіруге байланысты өзекті мәселелердің бірі.

Қазіргі таңдағы егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Осыған орай бүгін мектеп алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы білімді, белсенді азамат тәрбиелеп шығару. Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесінің алдына жаңа адамды қалыптастыру, дамыту мақсаттарын қойып отыр. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту,

ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту, олардың өз бетімен білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибелерінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, яғни біліктіліктерін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі заманғы білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналды. Қазіргі уақыттағы жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін мектеп қабырғасында елжандылық тәрбие идеяларының санасына дарытуда әдебиеттің алатын орны ерекше. «Әдебиетті оқыту әдістемесі – педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Оның қамтитын объектісі, қарастыратын мәселелері мектепте әдебиетті оқыту сабақтары кезінде мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы болып табылады, ол педагогика ғылымының, оның теориясының жалпы қағида, ережелеріне сүйенетінін әдіскер ғалым А.Көшімбаев тұжырымдаған болатын [3, 10-18].

Дидактикалық ұстанымдар – оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру түрлерін, әдістерін оқытудың мақсаты мен заңдылықтарына сай анықтайтын қағидалар жүйесі. Оқыту үрдісінде мұғалім дидактиканың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып оқытудың мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және ұйымдастыру түрлерін таңдап, шәкірттерін жоғары нәтижелерге жеткізе алады. Мұғалім дидактикалық ұстанымдарды дұрыс таңдаса, оқытуды дұрыс ұйымдастырса сабақ тиімді және нәтижелі болары даусыз. Дидактикалық ұстанымдардың қызметі: олардың негізінде оқушыларда оқытудың мақсатына сәйкес берілетін білім мазмұнын жүйелі, саналылықпен белсенді түрде меңгеруге деген қызығушылықтар пайда болады.

Әр пәннің өзіндік ерекшелігі, тілі бар. Әрқайсысы өз өрнегімен сөйлейді. Әдебиет пәні – өнердің пәні, жан-жақты ойлантудың, терең ойлаудың пәні. Әдіскер-ғалым Қ.Бітібаева қазіргі білім беру әдістемесінде әдебиетті оқытуда жаңашыл, инновациялық ізденісті, педагогикалық технологияны шебер меңгерген ұстаздың қажеттілігі маңызды екеніне баса назар аударады [4, 15-19]. Мұғалім поэзиялық шығармаларды негізгі тақырып етіп ала отырып, жалпы әдебиет сабағының өзекті мәселелерін талдауды игеру қажет. Оның маңызды

бір тармағы – дидактикалық негіздерді талдау болып келеді. Дидактикалық негіздердің өзіндік мәні сонда, ол әдістемені педагогика ғылымының ішкі бір саласы ретінде тани отырып, оқытудың жалпы теориялары мен заңдылықтарын және соның ішінде әдебиетке сәйкес, ал оның ішінде поэзиялық шығармалардың өзіне тән дидактикалық негіздері мен оқу түрлерін, оқу әдістері мен амалдарын бір жүйеге түсіруге негіз қалайды. Сонымен, ең негізгі, педагогтар қауымы мойындаған дидактикалық ұстанымдар: ғылымилық, саналылық пен белсенділік, көрнекілік, жүйелілік пен бірізділік, тиімділік, теория мен тәжірибенің байланыстылығы. Психологиялық-педагогикалық ереже – жалпы ұстанымдарға негізделген белгілі жағдайдағы белгілі мақсаттағы педагогтық қызметтің бейнеленуі. Енді дидактикалық ұстанымдарды жүйелеп, мазмұнын анықтап, психологиялық-педагогикалық ережелердің лириканы оқытудағы мәнін ашу жолдарын қарастырайық.

Дидактиканың оқыту, білім беру заңдылықтары поэзиялық шығарманы оқытуға да байланысты ілім жүйесін жүйелеуге негіз болады.

Бірінші – лириканы оқытуда білім берудің міндеттері мен мазмұны туралы мәселе. Әдебиеттен білім беру міндеттері мен мазмұны оқу үрдісінің жалпы міндеті мен мазмұнына байланысты болатыны белгілі. Ал міндеттер мен мазмұн – өзгеріп тұратын құбылыстар. Олардың өзгерісі өмірдің талаптарына сай болады. Әдебиеттен білім берудің міндеттері мен мазмұны қазақ мектептерінде, кеңес дәуірінде басқа мұраттарды көздесе, қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында басқа мұраттарды көздеп отыр. Бірақ қалай болғанда да, жалпы адамзаттық ұстанымдар – адамгершілік, бейбітшілік сүйгіштік, патриоттық, адалдық пен қанағатшылдық, достық пен ержүректілік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелеу барлық уақытта да басты нысаналар болып қала бермек. Білім берудің басты мақсаты – осы қасиеттерді тәрбиелеу, сондықтан да білім берудің қай қырын алсақ та, көрсетілген нысаналар алдыңғы қатардан орын алатын болады.

Лириканы оқытудың білімдік мазмұнының нақты белгілері:

-Лирикалық шығармалардан берілетін білім мазмұны дегеніміз – табиғат, қоғам, адам ойы, іс-әрекеті туралы білімнің жүйесі;

-Лирикалық шығармада берілетін нақты іс-әрекеттердің негізінде оқушыларда қалыптастырылуы тиіс интеллектуалдық, практикалық білік-дағдылардың жүйесі;

-Лирикалық шығармада суреттелген тарихи уақытты талдау арқылы оқушыға меңгертілуі тиіс шығармашылық білік-дағдылар жүйесі;

-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алған болмысына сай, мемлекетіміз көздеп отырған достық, бейбітшілік, отансүйгіштік қасиеттердің және қоғамдық нормалардың жүйесі.

Лирикалық шығармаларды оқытудағы білім мазмұнын құраушы элементтердің ең бастысы – лириканың табиғаты туралы теориялық білім. Білімсіз лирикалық шығарманы таныту да мүмкін емес. Мектеп оқулықтарындағы, бағдарламалары мен оқу құралдарындағы лирика туралы білім мынадай түрде берілуі керек:

-лирикалық шығарманың мәтіні;

-лириканы талдауда, теориялық тұрғыдан түсіндіруде қолданылатын ұғымдар мен терминдер;

-лирикада суреттелетін ақын көңіл-күйінің өмірмен байланыстылығын дәлелдейтін фактілер;

-лириканы әдебиеттің бір тегі ретінде дәлелдейтін теориялық заңдылықтар;

-лириканы талдау әдістері;

-лириканы оқу барысында оқушылардың басқа ғылым салаларынан алатын білімі;

-лириканы оқып, талдау арқылы оқушының өмір құбылыстарының жақсы-жаман қырларын бағалай алу туралы білімі;

-Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін сақтауға, елдегі бейбітшілік пен отансүйгіштікті дамытуға оқушылар өздігінен үлес қосуға ынталануына қажетті білім;

-заман дамуымен бір деңгейде болу үшін техника мен ғылымның соңғы жетістіктерін қолдануға қажетті білім.

Лирикадан берілетін білім мазмұнын талдаудың жалғасы осындай шығармаларды оқытудың ұстанымдарына ұласады.

Аталған ұстанымдар ішінен белгілі ұстанымдарды атап өтіп, біздің әдістемеміз үшін негізгілеріне тоқталамыз. Ғылымилық ұстаным дегеніміз – лирика жайлы берілетін білім мазмұнына енетін қазіргі әдебиеттану ғылымымен, мәдениеттанумен, эстетикамен, психологиямен т.б. ғылым салаларымен өзектесе байланысып, содан туындап жатуына негізделетін ұстаным.

Бұл ұстанымды негізге ала отырып білім беру оқушылардың санасында дүниенің картинасы тұтас, айқын және ақиқат болмыс түрінде қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Жүйелілік ұстанымы. Әдебиет пәні – барлық пәндермен өзектес болып келетін, өнер мен ғылымның түйісер нүктесінде ерекше болмысымен тұрған саланы оқытатын пән. Сондықтан да, әдебиет пәнінің басқа пәндермен байланысын аса ескеру керектігін, осы бір пәннің аясындағы тақырыптардың өзара байланыстылығы табиғи түрде туындап жатуын, сондай-ақ лириканы жалпы мектепте оқытуда тығыз сабақтастық болуын талап ететін – жүйелілік ұстанымы.

Лириканы оқыту арқылы оқушыларды тәрбиелеу ұстанымы. Бұл ұстаным бойынша, оқыту үрдісінде оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, жақсы қасиеттерге тәрбиелейтін жағымды жағдайлар туғызу мүмкіндіктері анықталуы керек. Білім беру мен тәрбиелеудің өзара тығыз қатынасын әдебиетті оқытумен байланысты қарастыратын болсақ, онда әр кезеңнің бұл өзекті мәселеге түрліше шарттар мен талаптар қоятынын көреміз. Білім беру арқылы тәрбиелеу – тарихи категория.

Қазақ әдебиеті пәні білім мазмұнының негізгі құрамдас бөлігі болып саналатын халықтың ауыз әдебиеті отаншылдық, перзенттік сезімге үндеуімен, дүниетанымдық мазмұнымен, ғасырлар бойында ұрпақтан-ұрпаққа рухани қазынаны жеткізуімен, тарихи-шежірелік білімімен ауызекі тәрбие мектебі қызметін атқарып келді. Халық ауыз әдебиетіндегі лирика бастауы болған батырлар жыры, айтыс, тұрмыс-салт жырлары балаға ұлттық тәрбие беруде өзіндік құндылығымен ерекшеленеді. Оқушыға әдеби білім мен ұлттық тәрбиені сабақтастырушы ғылым – ұлттық педагогика. Ғалым К.Жүнісова: «Бұл жаңа ұстаным сабақтастығы оқушыларды туған халқының сөзөнерін етентітіп, сөйлеу тілін жетілдіреді, жалпы танымын қалыптастырып, әдеби дамуын қамтамасыз етеді» деген ой айтады [5, 55]. Осы ұстанымдағы негізгі мақсат – лирика маржандарын оқыту барысында ұлттық тәрбие берудің мол мүмкіндіктерін анықтап, сабақта оқушыларға оларды жүйелі үйретудің жаңа жолдарын іздестіру.

Лириканы оқытуда мұғалімнің басшылығымен оқушылардың саналы білім алуын ұйымдастыру және белсенділігін арттыру ұстанымы. Оқушылардың саналы білім алуы мен белсенділігін арттыру ұстанымының

мәні мынада: ол оқушылардың білім алу үрдісінің неғұрлым жайлы, қолайлы, ұтымды жағдайда ұйымдастырылуын қажет етеді. Оқушылардың саналы білім алуы ғана олардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына, ойлауы мен сөйлеу дәрежесінің шеберлік шыңдарына жетуіне баспалдақтар қалайды. Бұл ұстаным мұғалімнің білім беруді ұйымдастырудағы жауапкершілігін арттырып, ұстаздың ролін жоғарылатады.

Лирикалық шығармаларды оқыту барысында бұл принциптің көрінісі қандай болмақ? Бұл сұраққа төмендегідей жауап беруге болады:

-Мұғалім лирикалық туындыны оқытудың мақсаты мен міндеттерін оқушыларға айқын түсіндіруі керек;

-Лириканы оқытудың мақсаты мен болашақтағы қажеттілігін анықтай отырып, мұғалім осы жанрды оқып меңгеруде игеретін әдіс-тәсілдердің оқушыларда берік қалыптасуына айрықша назар аударады;

-Мұғалім жалпы лирикалық туындылардың заңдылықтары мен табиғаты туралы ғана емес, бағдарламадағы әрбір нақтылы лирикалық туындыны әңгімелеп-талдап беруі сол арқылы өнер туындысы мен өмірлік қажеттіліктердің байланысын табиғи көрнекілік ретінде қолдана алуы керек;

-Лириканы дұрыс талдай білу, мәнерлеп оқи білу, оның негізгі идеясын тап басып нақтылы түсіну үшін оқушыларды мәнерлеп оқу үйірмесі жұмысына тартып, шәкірттерді іздендіретін әрі тәрбиелейтін қажетті білім шарасы.

Оқушылардың жеке басының даму ерекшелігін ескеру ұстанымы. Лирикалық шығарманы оқыту үрдісін қазіргі жаңа технологиямен оқытуға үндесіп жатады. Себебі, оқушының жеке басының даму ерекшелігі олардың білім мазмұнын игеруінен, талдау әдістерін қолдану шапшаңдығы мен дұрыстығынан т.б. амалдар барысында көрініп-ақ тұрады. Сондықтан да, лириканы оқыту барысында оқушылардың жеке басының дамуын психологиялық жағынан типтерге бөліп қана қоймай, сол типтік ерекшеліктерге байланысты оқытудың әдістерін де жіктеу қажет. Тұтас сыныптың даму бағытын айқындау бір мәселе де, соның негізінде сыныптағы әрбір оқушының жекелеген даму ерекшеліктерін анықтау екінші мәселе. Бір нәрсенің екі жағы – тұтас сыныптың сыйластығын, достығын нысана ете отырып, сол арқылы жеке оқушының

басын қадірлеу мен ескеру де қатар жүріп отырады. Осы айтылғандар арқылы мұғалім:

-Сабақтың білімдік мазмұнымен қатар, бірлікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу аспектісін назарда ұстайды;

-Бірлік пен достықтың іргетасын қалаумен қатар, мұғалім әрбір адамның жеке басының қадірін түсінуге, бірін-бірі сыйлауға да тәрбиелей алады;

-Лириканы оқыту үрдісінің әрбір сәтінде мұғалім жеке оқушының білім алу деңгейін дұрыс ұйымдастыруға, сол арқылы жеке оқушының таным қабілетінің жетілуіне баса назар салады.

Сыныптағы білім алу қарқыны жоғары дәрежедегі баланы, жақсы оқитын, орташа оқитын, нашар оқитын балаларды сол деңгейден жоғары деңгейге көтеру үшін, сабақтың мүмкіндіктерін терең анықтап, қолда бардың барлығын іске қосуға ұмтылады.

Оқытудың көрнекілік ұстанымы. Оқушыларға лириканы оқытуда қолданылатын көрнекіліктің ерекшелігі автор көздеген идеямен, мазмұнның маңызды түйінімен

байланысты болуында. Көрнекілік ұстанымы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты түрліше болып жетілдіріліп отырады. Оқыту жүйесінде Я.А.Коменский көрнекілік ұстанымын оқу материалын меңгеру құралы ретінде қарастырып, дидактиканың алтын ережесі деп атаған.

-Көрнекілік – көрсету мақсатында емес, логикалық ойлауды дамыту құралы ретінде пайдаланылады. Көрнекіліктер оқушының көркем шығарманы түсінуге, қабылдауға деген ынтымақ оятып, ізденіс дағдыларын қалыптастырады. Көрнекілік бақылай білуге, салыстыру, қатар қоя білуге, абстракты ұғымдарды дамытып, жетілдіруге жол ашады.

-Көрнекілікті оқытудың белгілі мақсатына сай қолдану.

-Көрнекі құралдарын батырлар жырын оқытуға сәйкес оқушылардың жас, таным ерекшеліктерін ескере отыра пайдалану.

-Көрнекіліктерді қолдануда сан емес сапасына көңіл аудару. Осылай лириканы оқыту әдістемесінің дидактикалық ұстанымдарын анықтап тұжырымдауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, Ақорда, – 14 желтоқсан 2012ж.
2. А.Байтұрсынов. Ақжол. Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу (Құрастырушысы Р.Нұрғалиев). – Алматы, «Жалын», – 1991, – 464 бет.
3. Көшімбаев А. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, «Мектеп», – 2004, – 65 бет.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, «Рауан», — 1997, – 282 бет.
5. Жүнісова К. Бастауыш сыныптардағы жаңа білім мазмұны. – Алматы, – 1996.

МРНТИ: 14.35.01

«ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ КЕЛІН ТӘРБИЕСІ»
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Қ.Бөлеев

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің п.ғ.д., профессоры,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері,
Ұлттық Білім академиясының академигі, Тараз қаласы

С.Қ.Құсайынова

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің п.ғ.к., доценті, Тараз қаласы

Мақалада қазақ отбасылық тәрбиесінде келін тәрбиесінің көкейкестілігі, келін тәрбиесі бағдарламасының мақсаты мен міндеттері, дәстүрлі қазақ отбасындағы келін тәрбиесінің мазмұны жасалынған.

Түйін сөздер: дәстүрлі қазақ отбасы, келін, дәстүрлі келін тәрбиесі, дәстүрлі қазақ отбасындағы келін тәрбиесінің мазмұны.

В статье определены актуальность воспитания снохи в казахском семейном воспитании, цель и задачи программы воспитания снохи, разработано содержание воспитания снохи в традиционной казахской семье.

Ключевые слова: традиционная казахская семья, сноха, традиционное воспитание снохи, содержание воспитания снохи в традиционной казахской семье.

The article defines the relevance of raising a daughter-in-law in Kazakh family education, the purpose and objectives of the program for raising a daughter-in-law, and the content of the upbringing of a daughter-in-law is developed in a traditional Kazakh family.

Keywords: traditional Kazakh family, daughters-in-law, traditional upbringing of daughters-in-law, content of raising daughters-in-law in traditional Kazakh family.

Қазақтың дәстүрлі отбасында *келін* – атасы мен әжесі үшін баласы мен немересінің, әкесі мен анасы үшін баласының және жігіттің ағалары мен апалары, туған-туыстары үшін інісінің әйелі.

Келін – отбасының жаңа мүшесі, шаңырақтың және туған-туыстардың қуанышы, болашақ ана, сүйікті жар, отбасындағы татулықтың, сипастықтың, кішіпейілділіктің, ынтымақтық, бірліктің бастаушысы, ұйытқысы. Сондықтан, қазақ отбасында келін тәрбиесіне аса мән берген. Әсіресе, келін мен ата және әжесінің, қайын атасы және енесінің, қайын апалары, қайын сіңлілері және қайын інілерінің қарым-қатынасы мәдениетінің қалыптасуына ерекше көңіл бөлген.

Қазақ этнопедагогикасы ғылымында қазақ отбасылық тәрбиесінің құрамдас бөлігі

– келін тәрбиесі арнайы зерттеу мәселесі болып қарастырылған емес. Өйткені, қазақтың халықтық педагогикасындағы келін тәрбиесінің теориялық негіздері жасалынбаған еді, содан, келін тәрбиесінің де мазмұны анықталынбады.

Қазақ халқының дәстүрлі отбасылық тәрбиесінің құрамдас бөлігі – келін тәрбиесінің теориялық негіздері мен мазмұнын жасау, оны қазіргі білім беру жүйесіне ендіру қажеттігі, ол үшін дәстүрлі келін тәрбиесін жүзеге асыру мақсатындағы «Қазақ отбасындағы келін тәрбиесі» атты оқу бағдарламасын жасадық.

Бағдарламаны жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына факультативтік курс, ал болашақ мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында элективтік курс

ретінде оқу үрдісіне ендіріп оқытуға болады.

Курстың мақсаты – жоғары сыныптардағы қыз балаларды және болашақ әйел мұғалімдерді келін болуға даярлау.

Курстың міндеттері: 1. Мектептегі қыз балалар мен болашақ әйел мұғалімдерді дәстүрлі келін тәрбиесінің теориялық негіздерімен қаруландыру;

2. Қыз балалар мен болашақ әйел мұғалімдерді дәстүрлі келін тәрбиесінің мазмұнымен таныстыру;

3. Болашақ әйел мұғалімдерді мектепте қыз балаларға дәстүрлі келін тәрбиесін беруге даярлау.

Факультативтік курсқа барлығы – 20 сағат, оның 8 сағаты лекциялық, 12 сағаты практикалық сабақтарға арналады.

Ал элективті курсқа барлығы – 30 сағат, оның 10 сағаты лекциялық, 20 сағаты семинар-практикалық сабақтарға – сұрақ-жауап, дискуссия, т.б. әдістер арқылы өткізіледі.

Мектепте қыздармен өткізілетін сабақтарға ежелер мен келіндер шақырылады. Ал болашақ әйел мұғалімдермен өтілетін сабақтарға тәжірибелі ғалым-апайлар, өнегелі ежелер мен келін-студенттер шақырылады.

Бағдарламаның мазмұны:

1. *Кіріспе.* Курстың мақсаты, міндеттері мен құрылымы.

2. *Орта ғасыр ойшылдары:* Қорқыт ата, Ж.Баласағұни, У.Кайқаус, Ө.Тілеуқабылұлының жар таңдау, үйлену және келін тәрбиесі туралы ой-пікірлері.

3. *Қазақ ақын-жыраулары:* Ақтамберді, Бұқар, Базар, Шал, Қожаберген, Майлықожа, Доспамбет, Көтеш, Ақан сері, Н.Наушабаевтың жар таңдау, қатынның түрлері, оларға сипаттама берулері, үйлену, келін түсіру, келіндердің түрлері, оларға сипаттамалар, келіндерге өсиеттері, әйел тәрбиесі туралы толғаулары мен термелерінің келін тәрбиесіндегі маңызы.

4. *Қазақ ағартушылары:* Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, ағартушы-педагогтары Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев-

тың отбасындағы қыз бала тәрбиесі, жар таңдау, үйлену, құда түсу, қыз ұзату, той жасау, тойбастау, жар-жар, сыңсу, неке қияр, беташар, бата, бесік жыры, келін тәрбиесі, келіндерге өсиеттер мен кеңестер туралы көзқарастары.

5. *Қазақ ғалымдары:* тарихшылар, этнографтар, әдебиетшілер, тілшілер, философтар, психологтар мен педагогтардың отбасы, қыз бала және келін тәрбиесі туралы зерттеулері.

6. *Қазақтың дәстүрлі отбасында қыз баланы болашақ келін болуға тәрбиелеу дәстүрлері:* қыз баланы жас ерекшелігіне ескеріп тәрбиелеу, бойжеткен қызды келін болуға тәрбиелеу, қызды оң жаққа шығару, қалыңдық тәрбиесі, тәжірибелі аналардың қыз балаларды отбасылық өмірге даярлау туралы кеңестері мен өсиеттері.

7. *Қазақтың құда түсу және қыз ұзату дәстүрлерінің болашақ келінді тәрбиелеудегі рөлі:* құда, оның түрлері, құдалық, құда түсу, қалыңмал, қалыңмал беру, қалыңмалдың түрлері, құрамы, жасау беру, құда түсер тойы, құданы қарсы алу, құда күту, құда аттандыру, есік-төр көрсету, ұрын келу, өлтірісін беру, неке қию, қыз ұзату, қыз ұзату тойын жасау, жар-жар айту, қыз танысу, сыңсу.

8. *Қазақтың дәстүрлі отбасындағы келін тәрбиесі.* «Келін» деген сөздің мәні. Келінді қарсы алу, келінге отау тігу, келін түсіру, той жасау, тойбастар, келіннің бетін ашу, келіннің сәлем салуы, келін әдебі, келіннің киімі мен орамалы, келінге байланысты ырымдар мен тиымдар, келінге байланысты мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер, келіннің қарыз-парыздары, келіншек ұғымы.

9. *Келіннің жаңа отбасы мүшелерімен қарым-қатынас мәдениеті.* Келін мен атаның, әженің, қайын атаның, ененің, абысындарының, қайын ағаларының, қайын сіңділерінің, қайын інілерінің, төркінінің қарым-қатынас жасау салттары. Тәжірибелі аналардың жас келіндерге берген ақыл-кеңестері мен өсиеттерінің тәрбиелік мәндері. «Келін сыны» ұғымының мәні.

ҚАЖЕТТІ ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қорқыт ата кітабы / Аударғандар: Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 128 б.
2. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
3. Кайқаус У. Қабуснама / Аударған Т.Айнабеков. –Алматы: Балауса,1992. - 160 б.
4. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. – Алматы: Жалын, 1996. - 464 б.
5. Бес ғасыр жырлайды / Құрастырған М.Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1984. - 495 б.
6. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазкөркем ӘБ, 1958. - 250 б.
7. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. - 296 б.
- 8.Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары / Құрастырған С.Қалиев.-Алматы: Рауан, 1991. - 200 б.
9. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.
10. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 160 б.
11. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. - 448 б.
12. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: Қайнар, 1996. - 288 б.
13. Жүнісов А. Фаниден бақиға дейін. – Алматы: Қайнар, 1994. - 128 б.
14. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1994. - 224 б.
15. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі.–Алматы: Санат, 1995.-352 б.
16. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.–Алматы: Атамұра, 2010. - 384 б.
17. Оразбекова К. Иман және инабат. – Алматы: Ана тілі, 1993. - 152 б.
18. Күйеу келтір, қыз ұзат: қазақ халқының тұрмыс-салт ғұрыптары / Құрастырған Ш.Керімов. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 112 б.
19. Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер / Құрастырған М.Қазбеков. –Алматы: Қазақстан, 1992. - 204 б.
20. Ата салтың – халықтық қалпың / Құрастырғандар: А.Қ.Зәкірианов, М.М.Молдабаева, – Алматы: Рауан, 1995. - 168 б.
21. Асыллов Ұ., Нұсқабаев Ж. Әдеп және инабаттылық дәрістері. – Алматы: Рауан, 1998. - 160 б.
22. Байжанова Ж. Семья бақыты. –Алматы: Қайнар, 1990. - 561 б.
23. Төлендиев Т., Иманбаев Қ. Қызым, саған айтам... – Алматы: Қазақстан, 1991. - 176 б.
24. Әбілова З. Этнопедагогика. – Алматы: ҚЭТУ, 1997. - 230 б.
25. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Жинақ. – Алматы: Көшпенділер, 2004. - 200 б.
26. Кәмәләшұлы Б. Қазақ халқының туыс-туғандық жүйесі, ұрпақ өсіру, тәрбиелеу дәстүрі, үйлену ғұрыптары. –Алматы: Өнер, 2005. - 128 б.
27. Жалодинқызы Г. Иманды қыз, ибалы келін.–Алматы: Мұсылман, 2008.-44 б.
28. Бекжігіт А., Ыстыбай Ә. Қыздарға мұсылмандық тәрбие.–Шымкент:Азиат, 2004.- 44 б.
29. Мансұров Б.Б. Әйелдерге арналған қырық хадис. – Алматы: Нығмет, 2005. - 76 б.
30. Алағаш М. Әйелдер мәртебесі. – Алматы: Мұсылман, 2009. - 152 б.
31. Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ. Қазақ этнопедагогикасы. Библиографиялық көрсеткіш (1922-2012 жж.) – Тараз: ТарМПИ, 2013. - 73 б.

МРНТИ: 21.21.25

«ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Қ.Бөлеев

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің п.ғ.д., профессоры,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері,
Ұлттық Білім академиясының академигі, Тараз қаласы

Мақалада қазіргі елімізде рухани жаңғыру міндеті қойылуына орай мектеп оқушыларына имандылық тәрбие беру, оған мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдерді дайындау мәселелерін шешуде қажет «Имандылық тәрбиесі» бағдарламасының мазмұны тұңғыш рет жасалып, оны оқу-тәрбие үрдісіне ендіру қажеттігі айқындалған.

Түйін сөздер: иман, имандылық, имандылық тәрбиесі, имандылық идеялары, имандылық көзқарастары, имандылық ой-пікірлері.

В статье впервые разработано содержание программы «Имандылық тәрбиесі» в связи с поднятием задачи духовной модернизации в стране. Определена необходимость национально-мусульманского воспитания учащихся и подготовка к нему учителей школ и ее введение в учебно-воспитательный процесс школы и педагогических вузов.

Ключевые слова: иман, национально-мусульманская идея, национально-мусульманское воспитание, национально-мусульманская мысль.

In the article, the content of the program «Imandylyk tarbiesi» was first developed in connection with the raising of the task of spiritual modernization in the country. The need for national-muslim education of students and the preparation for it of school teachers and its introduction into the educational process of the school and pedagogical universities is determined.

Keywords: Iman, national-muslim idea, national-muslim upbringing, national-muslim thought.

Еліміздегі әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістермен қатар рухани жаңғыру қажеттігін Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінгі тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп айрықша мән берді. Ал, қазақ халқының рухани жаңғыруында қайта түлететін сондай ізгі қасиеттерінің бірі – *имандылық қасиеттері*. Өйткені имандылық қасиеттері Елбасының сөзімен айтсақ: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық және салауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат етіп өсіре аламыз» дегенінен бүгінгі таңда жас ұрпаққа имандылық тәрбиесін берудің қажеттілігі туындайды.

Имандылық тәрбиесінің басты ұғымы – *иман*. Қазақ халқының қасиетті ұғымдарына айналған «*иман*», «*имандылық*» сөздерінің түп

төркіні мен ілкі бастаулары мұсылман дінімен тоқайласып жататыны белгілі. «*Иман*» ұғымы – әуел баста қасиетті Құран арқылы адамдардың санасына сіңіп, уақыт өте келе халықтың ежелден қалыптасқан салт-дәстүрлерімен, таным-түсінігімен, наным-сенімдерімен біте қайнасып, жаңа сапалық деңгейге көтерілген ұғым. Ал халық түсінігінде «иман» сөзі діни шеңберден шығып, жалпыұлттық және бүкіл адамзаттық құндылықтарды қамтитын ауқымды дүниетанымдық ұғым деңгейіне көтерілген. Діни тұрғыда «иман» - Мұхаммед пайғамбардың Алла атынан айтылған уағыздарын тілмен айтып, жүрекпен бекітіп, ислам дінінің ақиқаттығына сену, яғни Алла жалғыз, Пайғамбар хақ екендігіне сену. «Иман» ұғымы мұсылман әлемінде Мұхаммед пайғамбардан бастап, талай ғұламаларды да ойландырып, толғандырған. Имандылық идеялары орта ғасыр ойшылдары, қазақ ағартушылары мен ағартушы-педагогтарының еңбектерінде жан-жақты сөз болған. Сондай-ақ қазақ ғалымдары философтар, құқықтанушылар, тарихшылар,

дінтанушылар өз зерттеулері аясында имандылық идеялары бойынша ой-пікірлерін жеке еңбектер түрінде жарыққа шығарған.

Ал ғалым-педагогтар Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ғаббасов, С.Пірәлиев, Л.Керімов, Т.Ахметов, Ж.Бәшірова, К.Оразбекова, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Қ.Бөлеев, Т.Әлсатов, Р.Төлеубекова, Н.Әлқожаева, А.Елемесова, Б.Сманов имандылық идеяларын мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану арқылы оқушыларға имандылық тәрбиесін беру мәселелерімен айналысу қажеттігін көтерді.

Қазіргі қазақ педагогикасы ғылымында, оның ішінде қазақ этнопедагогикасында имандылық тәрбиесі туралы мәселе көтеріліп жатқанымен, оның теориялық-әдіснамалық негіздемелері мен мазмұны әлі анықталған жоқ. Сондықтан, имандылық тәрбиесінің теориялық негіздерін жасап, жас ұрпақты имандылыққа тәрбиелеудің практикалық жолдарын анықтау – елімізде бүгінгі таңда рухани жаңғыру міндеті қойылып отырған кезеңде ғылыми-педагогикалық жұртшылық үшін күн тәртібіндегі көкейкесті, әрі күрделі этнопедагогикалық проблема болуда.

Дегенмен мектеп оқушыларына имандылық тәрбиесін беру проблемасы осы уақытқа дейін арнайы зерттеу тақырыбы болып жеке қарастырылған жоқ. Сондай-ақ, мектеп практикасын талдау да қазақ халық педагогикасы арқылы оқушыларға имандылық

тәрбиесін берудің көкейкестілігін көрсетуде. Сонымен қатар, көптеген педагогтар қазақ халық педагогикасының оқушыларға имандылық тәрбиесін берудегі мүмкіндіктерін бағалай бермейді, өйткені олар сол проблемаға арнайы даярланбаған. Тұтастай алғанда халық педагогикасының құралдарын оқушыларға имандылық тәрбиесін беруде пайдалану бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстардың жоқтығымен түсіндіріледі.

Сонымен, қазір елімізде рухани жаңғыру міндеті қойылып отырған кезде имандылық тәрбие беру мәселесінің көкейкестілігі, оның теориялық негіздері мен әдістемесінің жасалмауы бізге «Имандылық тәрбиесі» атты бағдарлама жасауға себеп болды.

Бағдарламаның мақсаты – мектеп оқушыларына имандылық тәрбие беру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Оқушыларды имандылық идеяларымен қаруландыру;
2. Оқушылардың бойында имандылық қасиеттерді қалыптастыру;
3. Мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдерді оқушыларға имандылық тәрбие беруге дайындау.

Бағдарлама мектептің 9-11 сынып оқушыларына факультативтік курс, мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдерге элективті курс ретінде оқытылады.

«Имандылық тәрбиесі» бағдарламасының үлгі-жоспары

Тақырыптары	Сағат саны	
	Лекция	Семинар-практикалық
1. Кіріспе. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және құрылымы	1	1
2. Құранның және хадистердің тәрбиелік мәні	1	1
3. Орта ғасыр ойшылдарының имандылық тәрбиесі туралы ой-пікірлері	1	1
4. Қазақ ағартушылары мен ағартушы-педагогтарының имандылық тәрбиесі туралы көзқарастары	2	2
5. Қазақ және шетел ғалымдарының имандылық идеялары бойынша зерттеулері	2	2
6. Қазақ ғалым-педагогтарының имандылық тәрбиесі бойынша зерттеулері	2	2
7. Еліміздегі қазіргі имандылық тәрбиесінің жайы және жақсарту мәселелері	1	1
Барлығы:	10	10

Мазмұны

1. *Kіріспе.* Бағдарламаның қажеттілігі, мақсаты, міндеттері және құрылымы.

2. *Құран және хадистердің тәрбиелік мәні.* Құран тарихы. Құран – Алла сөзі. Құранға құрмет. Мұхаммед Пайғамбар баланы қалай тәрбиелеген?

«Иман», «имандылық» және «имандылық тәрбиесі» ұғымдарының мәні.

3. *Орта ғасыр ойшылдарының имандылық тәрбиесі туралы ой-пікірлері.* Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Иасауи, А.Жүйнеки, У.Кайқауыстың имандылық идеялары.

4. *Қазақ ағартушылары мен ағартушы-педагогтарының имандылық тәрбиесі туралы көзқарастары.* А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатовтың имандылық идеялары.

5. *Қазақ және шетел ғалымдарының имандылық идеялары бойынша зерттеулері.*

Д.Кішібеков, Ж.Молдабеков, Т.Айтқазин, Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім, С.Дорженов, Ә.Омаров, Ә.Дербісәлі, У.Қалымжанұлы, Л.Рүстемов, Н.Өсеров, Х.Алтай, М.Алағаш, С.Сейітбеков, М.Соймен, М.Юсуф, М.Лари, Ф.Гулен зерттеулеріндегі имандылық идеялары.

6. *Қазақ ғалым-педагогтарының имандылық тәрбиесі туралы зерттеулері.* Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, Т.Әлсатов, С.Ғаббасов, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Р.Төлеубекова, Қ.Бөлеев, А.Елемесова, Р.Бәшірова, Н.Әлқожаева, С.Пірәлиев, Л.Керімов, Б.Сманов, Ж.Боранбаев, К.Оразбекова, Қ.Бағашар, Т.Ахметов имандылық тәрбиесі туралы.

7. *Еліміздегі қазіргі имандылық тәрбиесінің жайы.* Мектеп оқушыларына имандылық тәрбиесін берудің жайы, имандылық тәрбиесі бойынша озық іс-тәжірибелерге шолу, имандылық тәрбие беруге мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдерді дайындау мәселелері.

ҚАЖЕТТІ ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Әлқожаева Н. Ыбырай, Абай, Шәкәрім имандылық идеялары. –А.: Комплекс, 2001. –121 б.
- 2 Әлішерұлы Қ. Ахлақ-тәрбие негізі. – Алматы: Қазақпарат, 2006. – 112 б.
- 3 Бағашар Қ. Исламдағы бала тәрбиесі. –Алматы: Көкжиек – Б., 2010. – 224 б.
- 4 Бекжігіт А., Ыстыбай Ә. Қыздарға мұсылмандық тәрбие. – Шымкент: Азиат, 2003. – 44 б.
- 5 Бәшірова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Иман – тәрбие негізі. –Алматы: Білім, 1997. – 102 б.
- 6 Бөлеев Қ., Тілеуова И. Қазақ ағартушы-педагогтарының оқушыларға имандылық тәрбиесін беру туралы ой-пікірлер // Ұлағат. – 2016, №3. – Б. 3-11.
- 7 Бөлеев Қ., Тілеуова И. Оқушыларға имандылық тәрбие берудің әдістемесі.–Тараз, 2017. –83 б.
- 8 Гулен Ф. Бесіктен бел асарға (баланың діни тәрбиесі).–Алматы: Көкжиек – Б, 2011.– 200 б.
- 9 Дін – ұлт тірегі. –Алматы: Шапағат-Нұр, 2005. – 91 б.
- 10 Дербісәлі Ә. Біз ұстанатын діни жол. – Астана, 2012. – 36 б.
- 11 Дорженов С.Б. Инабаттылық иірімдері. – Алматы: Қайнар, 1994. – 162 б.
- 12 Дүйсенбаев А.Қ. Дәстүрлі түркілік тәрбие тағылымдары. – Алматы: Отан, 2015. – 214 б.
- 13 Елемесова А., Құдиярова А. Абай және рухани-имандылық тәрбие. – А.: Білім, 2000. – 114 б.
- 14 Иманшарт. – Алматы: Шапағат-Нұр, 2003. – 58 б.
- 15 Құран Кәрім: қазақша мағынасы және түсінігі. – Стамбул: Шәриф, 1991. – 578 б.
- 16 Құран және оның қазақша мағынасы. – Алматы, 1993. – 604 б.
- 17 Мансұров Б.Б. Әйелдерге арналған қырық хадис. – Алматы: Нығмет, 2005. – 76 б.
- 18 Мақатова Ж.Ә. Мұсылман мектептерін дамыту проблемалары: тарихы.–А.: РБК, 1992.–110 б.
- 19 Мұсылмандық тәрбие. – Алматы: Шапағат, 2002. – 81 б.
- 20 Мұсылмандық әдеп. – Алматы: Шапағат, 2002. – 63 б.
- 21 Мұсылман ғалымдары. – Алматы: Шапағат-Нұр, 2003. – 65 б.
- 22 Мұхтасар: мұсылман мектептеріне арналған оқулық. – Алматы: Жазушы, 1992. – 208 б.
- 23 Мұхаммед пайғамбардың 1001 хадистері. – Алматы, 1991. – 124 б.
- 24 Мұхаммед пайғамбардың әйел және отбасы туралы өсиеттері / Құраст. С.Байтас.

- Шымкент: Жібек жолы, 2000. – 32 б.
- 25 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, №70, 12 сәуір.
- 26 Нұсқабаев Ж., Базарбай А. Инабат. – Алматы: Білім, 2006. – 210 б.
- 27 Оразбекова К. Иман және инабат. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 152 б.
- 28 Өсеров Н. Шариат. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 349 б.
- 29 Өсеров Н. Мұсылмандық қағидалары. – Алматы: Өнер, 1994. – 128 б.
- 30 Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдет-ғұрыптары. – А.: Қазақстан, 1992. – 158 б.
- 31 Пайғамбарлар. – Алматы: Шапағат-Нұр, 2007. – 110 б.
- 32 Раушанов Е. Хадистер. – Алматы: Мұраттас, 1991. – 48 б.
- 33 Рухани тәрбие сабақтары. – Алматы, 2003. – 72 б.
- 34 Сманов Б., Боранбай Ж. Ұлттық тәрбие және дін мәселесі. – А.: Ақ Толған-Ай, 2011. – 200 б.
- 35 Сандыбаева Г.Ж. Иманды қыз, сүйікті жар, аяулы ана. – Алматы: Азият, 2004. – 32 б.
- 36 Сахабалар. – Алматы: Шапағат-Нұр, 2008. – 101 б.
- 37 Сейітбеков С. Иман негіздері. – Алматы: Көкжиек-Б, 2008. – 376 б.
- 38 Таңдамалы хадистер аудармасы. – Алматы: Берен, 1994. – 110 б.
- 39 Ұлы имамдар. – Алматы: Шапағат-Нұр, 2003. – 72 б.
- 40 Ұлы тұлғалар ислам жөнінде. – Алматы: Шапағат-Нұр, 2003. – 83 б.
- 41 Халифа Алтай. Ғылымхал. – Астана: Фолиант, 2010. – 160 б.
- 42 Халифа Алтай. Құран әліппесі және иманның шарттары. – Алматы: Қазақстан, 2001. – 112 б.
- 43 Хадистану. – Алматы: Шапағат-Нұр, 2004. – 91 б.
- 44 Хадистер және түсінігі. – Алматы: Шапағат-Нұр, 2006. – 81 б.
- 45 Юсуф М. Ислам тәлімдері. – Алматы: Шапағат-Нұр, 2002. – 80 б.

МРНТИ: 21.31.41

**ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
ДІНИ КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ**

Р.К. Оразова

Абай атындағы ҚазҰПУ, Шығыс тілдері және аударма кафедрасының аға оқытушысы

Е. Дігәрбек

Абай атындағы ҚазҰПУ, «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша 2-курс студенті

Мақала Шәкәрім Құдайбердіұлының мұраларын діни қырынан жеткізіп, дананың айтқысы келген ойын рухани сабақтастық негізінде зерттеп-зерделеуге арналған. Шығармаларындағы дін туралы пәлсапалық ойлары, соған сәйкес тұжырымдар сараланады. Зерттеу мәселелеріне шолу жасай отырып ақынның адам, қоғам дінтану мәселесіне ой-толғау жүргізіледі. Ақынның діншілдігі, жаратушы Аллаға деген сенімі оның ойшылдығымен жалғасып, дүниеге көзқарасындағы бірлік-біртұтастықты тануы анықталады.

Түйін сөздер: иман, ақиқат, ақыл, хақ, жан, жұмақ, тозақ, мейірімділік, әділет.

Наследие казахского поэта и философа Шакарима Кудайбердиева весьма разнообразно и при том довольно трудоемко по своей трактовке. В большей степени это касается его теоретических философских воззрений. Данная статья посвящена религиозным аспектам наследия Шакарима Кудайбердиева. В статье проанализируются философские мысли о религии в работах поэта. Определяются идеи мудреца в изучении проблемы человеческого общества и религии. Раскрывается его вера в Бога Творца, с его точки зрения мирового единства и целостности.

Ключевые слова: вера, истина, разум, правда, душа, рай, ад, милосердие, справедливость.

The legacy of the Kazakh poet and philosopher Shakarim Kudaiberdiev is very diverse and, at the same time, quite laborious in its interpretation. To a greater extent this concerns his theoretical philosophical views. This article is devoted to religious aspects of Shakarim Kudaiberdiev's legacy. The article analyzes philosophical thoughts about religion in the poet's works. The ideas of the wise man in the study of the problem of human society and religion are determined. His faith in God the Creator is revealed, from his point of view of world unity and integrity.

Key words: faith, truth, reason, sooth, soul, heaven, hell, mercy, justice.

Тәуелсіздігіміздің арқасында тарихымыздың ақиқат беттері қайта жазылып, толығып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз қайта тіріліп жатқан заманда сонау қиын-қыстау дәуірде елім деп еңіреп кеткен ұлыларымыздың баға жетпес мұраларын түгелдеп, зерттеу, сол арқылы халқымыздың рухани қазынасын байыту келешектің үлкен міндегіне айналып отыр. Сондай ғұламаларымыздың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Жалпы қарастырғанда, концептілер дегеніміз – біздің пайымдауымызша, белгілі бір тұлғаның немесе автордың жеке қолтаңбасына тән тірек мағыналар. Ал адамдардың жас ерекшеліктеріне тән концептілер тобы сол адам санасының жасына қарай дамуын, сол арқылы әлемді, қоршаған органы қабылдауын көрсетеді. Жалпыұлттық концептілер сол ұлт-

тың танымын, талғамын, өмірлік тәжірибесін, парасат-пайымын, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайтын сөздер тобын құрайды. Сонымен қатар әрбір концепт адам санасының даму ерекшелігіне байланысты, қоғамның өзгеріп, өркендеуіне байланысты бірнеше қабаттардан тұрады. Сондай-ақ, концептілердің негізгі қабаты жалпыұлттық сипатты қамтып, қосымша қабаты – семантикалық өріс шеңберіндегі концептілерді құрайды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы – тарих, философия, дінтану, психология, шығыстану, түркітану салаларындағы түрік, орыс, араб тілдеріндегі ғылыми еңбектерді ұзақ жылдар жалықпай оқып, қыруар мағлұмат жиган, жан-жақты, энциклопедиялық білімі бар ғұлама оқымысты дана адам. Ақынның ойшылдығын, оның дүние-болмыстың терең сырларын та-

уып-білуге құмарлығын, мысалы, дүние қалай жаралған деген мәселеге айрықша көңіл қойып, тиянақты жауап іздеп, сол арқылы «ең түпкі жаратушы – мінсіз Ие» деп түйіндеуінен айқын аңғара аламыз.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері – жай ұйқасқа құрыла салған дүние емес, биік парасатты, мол білімді қажет ететін терең ойлардың жиынтығы. Жалпы, ақын діндегі адамгершілік, мораль тақырыбына терең мән бере отырып, барлық діндердің ортақ күдіреті – «Жаратушы-Құдай» мәселесін биік қойды. Бұл тұрғыда ақын дүниежүзілік жалпы адамзаттың даму тарихын білгенін көруге болады. Адамның жан-дүниесі, көңіл-күйі, ниет-мақсаты жаратушыны сүйуге бағытталса, сонда ғана адам шын ләззаттың, шын махаббаттың шуағына шомылады. Шәкәрімнің философиялық өлеңдері ой тереңдігі, пікір сонылығымен танымдық және моральдық адамгершілік мәселелерін ұштастыра білумен оқымысты ақынның өнерпаздық тұлғасына сай интеллектуалдық сипат алған. Шәкәрім танымындағы дін мәселесіндегі бүгінгі ұрпаққа үлгі болатын кейбір шығармаларына тоқталғанды жөн көрдік.

Еліміз тәуелсіздігін алып, өз алдына жеке мемлекет болып орныққалы бері халық арасында түрлі «діндарлар» көбейді. Атам заманнан бері ислам дініне мойынсұнған қазақ халқының бір бөлшегі әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ дейтін заманға тап болған соң, басқа дін уағыздаушылардың соңынан ерді. Қаракөз бауырларымыз ақиқаттың ақ жолынан ауытқып, туған халқымыздың салт-дәстүрлері мен аяттарынан, пайғамбар хадистерінен сыр шертіп тұрғанынан байқамай адасты. Әлемдік діндерді ой елегінен өткізген ойшыл Шәкәрім «Жардың жолы – қиын жол» деп, өзіне дейінгі діни танымның жетістіктерін қарастыра келе:

«Таза ақылмен таппаған дін

Шын дін емес жындылық.

Қармалаған бір соқырсың,

Өлген ой мен көз, құлақ», - деп түйіндейді [1, 269]. Бұған Шәкәрімтанушы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ұстазы Қ.Жылубаев: «Шәкәрім дін де, иман да, сол деп, өзінің ар ілімін күллі

адамзатқа ортақ рухани қазына ретінде ұсынады», - деп пікір білдірді [2,13].

Шәкәрім қазақ халқының ауыз әдебиетінен, жыраулар поэзиясынан, сондай-ақ данышпан Абай мектебінен, Шығыс Еуропа, орыс әдебиетінен үлгі алған. Шығармаларынан оның дүниежүзі халықтарының аңыздарынан сусындағанын көреміз. Абайдың «Адамды сүй, Алланың хикметін сез» дегеніне орай, Шәкәрім өзінің діни концептілерінде Құран сырларын терең түсініп, Алланы сүй, адалдық, мейірімділік, ғибадат жасау, шынайы махаббат қылу тән қасиеттер деп білді. Яғни, Алланы тану – Шәкәрім дүниетанымындағы басты мақсат. Аллаға ғашықтық – сопылық дәстүрдің өзіндік сыры. Бұл құбылыстың құпиясын, жұмбағын жасырып қалмайды, данышпан келесі шығармаларында Алланың дидарын көруге жетудің жолдарын анықтады.

Алламен біргемін деген мақамға бармағанша, Өлмей тұрып өлік сарай кірмегенше.

Фана Алладан дариясына шомылғанша,

Мәңгілік Алла гаучарынан алса болмас [1, 95].

Бұл жердегі «Фана» сөзі араб тілінен аударғанда – «жоғалу, жоқ болып кету» деген мәндегі сөз. Сопылық ұғым ретінде өзіндік мендіктің жоғалуын, адамның өзгеше керемет қасиеттерге ие болуын айтады және бұл сөздің негізгі мағынасы Құран аяттарында жатыр. Кәміл сопылар «Фана Аллаға» жетпей тұрып, «Фана фи Шейх» пен «Фана фи Расул» деп аталатын жолдардан өтеді, содан кейін пайғамбардың асыл қасиеттерін өз бойынан табуы тиіс. Осындай өте күрделі сынақтардан тұратын сатыларға көтерілгеннен кейін барып, «Фана Алла» дәрежесіне жете алады. Құдайдың дидарын талап еткен сопылардың бұл өмірдегі басты мақсаты – осындай биік мәртебені иелену. Осы жерде Шәкәрім ислам философиясын қисса-дастандармен, жыр-толғаулармен, өсиет сөздермен жұрт жүрегіне сіңіруші ретінде көрінеді. Шығармаларында Алланың жолында тәнді құрбандыққа шалып, нәпсі мен шайтанның құрсауынан құтылып шығуды меңзеген сырлы жолдар көп. Біз әдетте сабақтастық деп бұрынғы кездегі тәлімі, өнегесі мол істің тіні жойылмай келер

күнге келіп жетуін айтамыз, ал рухани сабақтастықтың шынайы үлгісін Шәкәрімнің мұраларынан, берісі жыраулар мен дінді, имандылықты таза негізінде насихаттап өткен шайырлар, ақындар шығармашылығынан ұшырасып отырады.

Шәкәрімнің қазақ рухани өміріндегі жаңаша болмысы оның дінге көзқарасынан айқын танылады. Әлбетте, Шәкәрім – өз заманының перзенті. Ұғым, наным, түсінік шектеулі шеңберде. Алайда ақын бас ұрған ақиқат ұждан, шын иман – «адаспайтын айқын жол» – адамдық, кісілік. «Атақ, пайда іздемей, Ойында мақтан жоқ болса, Қиянатты көздемей, Қанағатқа тоқ болса» – пұтқа табынған мәжусидің өзі әулиемен тең. Дүние қуып, пайда іздеген, алдау-арбаумен күн өткізген молда, «мешітте мың жыл отырса» да, бейіштің есігінен сығалай алмақ емес» деген ақын ұғымында бар кінә иманнан малға айырбастаған молада ғана жатқан жоқ. Бұл күнде Алланың аяты да, пайғамбардың хадисі де бұзылған. Бұзған бірді-екілі адам емес, бүкіл қауым. Және дін бұзған, ізгі уағыз, қасиетті кітап жолынан ауған жалғыз Мұхаммед үмбеті ғана емес.

Бұл күнде дұрыс иман жоқ,
Шатақ дін нәпсі тыйған жоқ.
Ақылы саудың ойына
Алдамшы діндер сыйған жоқ.

Сонда қандай жолды таңдауымыз керек? Ақиқат жолы! – дейді ақын. Бұл – бәріміз құмарланып, бәріміз мұрат тұтатын шын асыл жар, айнымас серік, адастырмас жолбасшы. Ал ақиқатқа жетудің амалы – осы заманғы оқу-өнерді игеру. Жоқтың орнын толтыратын, жеке адамды ғана мес, тұтас халықтарды бақытқа бөлейтін – ғылым-білім ғана.

Ноктасыз оймен тексердім,
Бояулы діннен сескендім.
Дін шатағын көп көрдім,
Қатесін сынап тергенде.
Іздедім, таптым анығын,
Тастадым ескі танығын.
Хақиқат нұрдың жарығын,

Жаралды жүрек көргенде [3, 81], - деп «Үш анықта» өзінің негізгі мақсатына жеткендігін

айтып өтеді. Шәкәрім қажының 1911 жылғы «Мұсылмандық шарты» деген еңбегіне тоқталатын болсақ, жазушы бұл кітапта мұсылманның бес парызын оқырманға жетік түсіндірген.

Мұсылманның бес парызы: шахада, намаз, закат, ораза, қажылық деп айқындап көрсеткен. Ойшыл ақын «Арақ, мастық, жар, жан, шатақ, иманның шешуі» атты өлеңінде қазіргі кездегі дінді бұрмалаушылардың халін анық жазған. Діннің ғажайып білгірі Шәкәрім осыған дейін айтылған ойларымызды қуаттай отырып, мәселенің түп мәнісін – шатақ діндердің пайда болу жолын соқырға таяқ ұстатқандай қылып ашып береді. Барлығы,- дейді Шәкәрім, - шатақ иманнан, яғни ақиқаттың дұрыс болмағанынан дейді. Және бұл шатақ иманның пайда болуына тәпсіршілер кінәлі дей отырып діннің қадірі қашып, адамзатты шошыта бастағанын мына өдең жолдарынан аңғаруға болады:

Жасырылмай тұр кәрәмат,
Жаман тәпсір жайылып жер жүзіне,
Дін десе тұра қашты есті азамат,
Бар обалы олардың тәпсіршіде.
Адасып нұрлы аятқа жағыпты тат,
Ол қатені түзеткен әлімдер көп,

Соның сөзін оқысам боламын шат [3, 190], - деп дін мәселесіндегі өзекті тақырыпты ашып көрсетті. Болашақ ұрпақ үшін Шәкәрім бабамыздың сыр сөздері Алланың ақ жолынан айнымай, ар тазалығын, иман беріктігін сақтап қалуды ескертеді.

«Ей, жастар, қалай десек, бұл дүние» деген және басқа да өлеңінде Шәкәрім дүниеде таңқаларлық және өте көп, алайда бәрінде де заңдылық, қисын бар деген пікір айта келіп, «себебі тойымдының ісі толық» дейді. Яғни, бұдан дүниенің кереметтігі шексіз болса, жаратушының құдіреті те шексіз деген мағына туады. Шәкәрімнің философиялық өлеңдері ой тереңдігі, пікір сонылығымен, танымдық және моральдық адамгершілік мәселелерін ұштастыра білуімен оқымысты ақынның өнерпаздық тұлғасына сай интеллектуалдық сипат алған.

Шәкәрім философиясының негізгі өзегі – адам. «Адамның мәні – оның дүниені танып

білуінде, ол тек адамға ғана тән нәрсе», - дейді.

Шәкәрімнің философиялық ой сараптауын «Үш анық» трактатынан көруге болады, ол зерттеушінің 28 жылдық еңбегінің қорытындысы. «Үш анық» қазақ халқының тарихи тағдырына үлкен өзгеріс әкелген жылдары жазылған. Орыс революциясы, Бірінші дүниежүзілік соғыс, Ақпан, Қазан революциялары және т.б. оқиғалар қазақ жеріне көп әсерін тигізді. Осы жағдайлар Шәкәрімді немқұрайлы тыныштыққа қалдыра алмады. Халқының болашағы туралы толғаным ойшылды қинап, осы тоқыраудан шығу жолына итермеледі.

Өмірдің мәні не? – деген сұрақпен ол көне ойшылдарға, сонымен қоса жаңа дәуірдің діни және философиялық әдебиеттерінен ізденіп, өзінің философиялық ойының тереңдігін көрсетеді. Шәкәрім «Үш анықта» Ақиқат деген не? деген сұрақ қояды. Оған өзі «адам ақиқатты ақыл – ес көзімен көріп, қабылдауы керек. Ақиқат – әрбір адамның жанында болады не ол өзіндік өмір сүреді» деп қорытынды жасайды. Жанның ең негізгі қажет ететіні – ұждан. «Адамның нысап, әділет, мейірім – үшеуін қосып, мұсылманша айтқанда, ұждан, совесть орысша айтқанда совесть бар» дейді.

Шәкәрім ар-ұждандағы адамгершілік этикалық жағынан ғана емес, оны философиялық категория, әлем құрылымының негізі болатын субстанция ретінде жоғары қарастырған. Ол адамның рухани өсуіне мықты тірек болатын үш анықты атайды: Бірінші – мәңгі өзгерістегі Универсумда барлығына себепші жаратушы ие. Екіншісі – бұл жаратушы барлық тірі мен тірі емеске жан береді, адам өлген соң, одан әрі тазарып, жоғарылайды, өздігінен өмір сүреді. Үшіншісі – жанның жоғарылап, тазаруы үшін адам ұжданға сай арлы өмір сүруі керек. Шәкәрім адамдарды осыған шақырады.

Ақынның көркемдік жүйесіндегі елеулі ерекшелік оның өлең жүйесіне Жар, Жаратушы ұғымдарын енгізіп, жаратылыс сырын жырға қосумен сол арқылы ғаламдық дәрежеде ой айта білгендігін дәйектеу. Ақын түсінігіндегі рухани бастау Алладан, жаратушыдан негіз

алады, Алланы сүйген, жаратушысын танып шын жүректен сезінген адам жаңа сапаға жетуге ұмтылады, сол арқылы адам да, қоғам да түзеледі дейтін ой толғамдары қазақ поэзиясының мазмұндық та тақырыптық бір түзіліс тудырады.

Шәкәрім өз шығармасында Аллаһ Тағаланың кітабы Құран сөздерін және Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерін адал сөзіне қатысты қолданысты мол алған: «...және аятта: «Ей, мұсылмандар, пайдаланыңыз берген адал ырзығымнан», «Хадис: «Адал уәдесін бұзбаған иманның белгісі», «...адам өзін-өзі танымақ деген, жаратқан иесінің құны екенін һәм ғибадат үшін жаралғанын біліп, өзін-өзі тексеріп, зиянды істен қашып адал, пайдалы істі қылуға тырыспақ» [4].

Сонымен қатар, Шәкәрім шығармасында әділ, адал адам бейнесіне ерекше орын берілген: «Тарихта әрқашан адал жан өлмейтін», «Адамның адал ұлы болам десең, алдымен өзіңнің нәпсінді жең», «Көп төбетке жетеді қайдан күшін, Құтқара алмай адалды пысады ішін», «Адаспайсың ақылды арлыға ерсең, Жолай көрме жылмайы сопы көрсең, Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың, Алданбайсың артынан ере берсең», «Адалға орын емес қазақ іші, Татты ғой соры арылмас таза кісі, Өзін асырар қазақтың өнері жоқ, Бірін-бірі талайлы бар жұмысы», «Адалдың әділ жолына, Ақырын басып жет, халық», - дейді.

Адал адамның адалдығының басы адал еңбек деу Шәкәрім шығармаларындағы адал іс-хәрекет, таза еңбек адамы мағынасындағы қолданыстары: «Арсыз, арам айланы тастасалық, Адал іске талаппен бастасалық», «Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп, жаны үшін адамшылық ар сақтайды», «Талаптан адал істі істемекпіз, Тапсырдық бір Аллаһқа біз демекпіз», «Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар, Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек», «Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп, Таза ақыл косылса, Әлемнің таласын», «Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек – бұл төртеуін кім кылса, шын адам сол», - дейді.

Шәкәрім адал, халал мағынасында сөздерді тура және ауыспалы мағынада да қолданды:

«Адам мен еті адал хайуандардың бәрінің де сарқыты адал», «Халалға ойламайды шыдайын деп», немесе «Мойныға менің қаным халал болсын, Болма енді Қалқаманның қанына ортақ».

Ақынның «Кешудің де шарты бар» деп осы жағдайларды айтқандай,

Әлемдегі діндердің түп мақсұты

Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар.

Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын,

Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар [3, 64], - деп жырлағандай тарихқа қарасақ, жалпы адам баласының бір пікірде тоғысқан мәселесі – осы ақыретке деген сенімі. Адам Атадан бастап жер бетіне келіп-кеткен барлық пайғамбарлар Ұлы Жаратушының барлығы мен ақыреттің еш күмәнсіз хақ екендігін жар салса, жүрегі нұрланған күллі ғалымдар мен ұлы ойшылдар бұл сенімге бекем иланып, мына жалған уақытша өмірлерінің ағысын сол бір мәңгі өмірге қарай реттеп, бағыт түзеп ғұмыр кешкен. Міне, осы ұлан-асыр тарих пен осыншама заңғар тұлғалардың ақырет турасында бір пікірде болуы – ақыреттің хақ екендігін білідіретін басқа дәлелдерге жүгінуді қажет етпейтіндей қуатты дәлел. Ақынның: «Дін тазасын діннен ізде, Дін шатағын дінге сал. Анық айна өзіңізде, Айда ақылды қаттырақ», - деген сөздерінен халықты имандылыққа ұюға, ұлттық құндылықтарды түсінуге ақылға ерекше мән беріп, не нәрсені болса да терең пайымдап түсінуге, ойланбай, азғырғанға ермеуге шақыратынын аңғарамыз.

Шәкәрімнің мейір мен зорлық, әділет пен

зұлымдық, ғылым мен мораль, адам мен заман туралы толғаныстары екі ғасыр шегіндегі қазақ қоғамдық ойының марқайған қалпын, бүкіл Түркістан өңіріндегі алдыңғы қатарлы, биік өресін айғақтаса керек. Бұл кезде қазақ әдебиеті дін шырғауы, ескілік көлеңкесі, ел ішіндегі кертартпа құбылыстар сияқты аса мәнді, бірақ кезеңдік тақырыптарды еркін игеріп, бүкіл адамзаттық мәселелерге, әлемдік тақырыптарға біржола ден қойған еді.

Қорыта келе, Шәкәрім өлеңінің әр шумағының «Бір Аллаға сыйынған арам өлмес» деген тармақтан басталуы кездейсоқтық емес. Шәкәрім поэзиялық шығармаларында адалдық, имандылық жолын қашан да шамшырақ етіп отырған. Еліміз тәуелсіздік алған соң, халқымыз имандылық жолына түсуде. Ендігі мақсат Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ұлтымыз жайлы «Қазақ – кең пейіл, адами құндылықтарды бағалайтын, адам баласының бәрін бауырым дейтін кемеңгер халық» деген аталы сөзін ұстана отырып, дін мен ғылым, мәдениет пен өнерге аянбай тер төккен рухани ірі тұлғаларымыздың бай мұраларын зерделеп, жұртымен қайта қауыштыру. Ендігі кезекте, мемлекетіміздің өзіндік сипаты қалыптасқан, ішкі саясаты тұрақты, сыртқы саясаты әлемге айқара ашылған, хақ ислам жолын ұстанған халық ретінде таныту баршамыздың мақсат-мұратымыз. Ендеше, Шәкәрім атамыздың әдеби ғажайып мұраларының адам рухының ізгі қасиеттерін танып білуіне тәрбиелеп, өмірлік қағида ретінде маңызы өте зор екені шүбәсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шәкәрім. Иманым. – Алматы: Арыс, – 2000 ж.
2. Шәкәрім мұраларына жаңа буын көзқарасы. – Алматы, – 2008 ж.
3. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар жинағы. – Алматы: Жалын баспасы, – 1988 ж.
4. Құран. «Тачрим» сүресі. 8-аят.

МРНТИ: 17.71.07

КӨПШІЛІК АЛДЫНДА ШЕШЕН СӨЙЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Ә.Т. Түргенбай

Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология институтының 3-курс студенті

Берілген мақалада бүгінгі жастарымыздың тілдік қорын байыту арқылы шешен сөйлеу, ата-бабаларымыздан қалған ұлы мұра қазақ тілін қастерлеу, көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті, шешен сөйлеу заман талабы екендігі, шешендердің даналық сөздері баяндалады. Шешен сөйлеу қабілетінен мысалдар келтіріледі. Шешендік өнердің бүгінгі таңдағы маңыздылығы, яғни мемлекеттік қызметкерлердің кәсібилігін дамытудағы көпшілік алдында шешен сөйлеудің рөлі сөз етіледі.

Түйін сөздер: шешен сөйлеу, тіл мәдениеті, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, кіріспе сөз, негізгі бөлімдегі сөз, қорытынды сөз, күнделікті дайындық, көпшілік алдында сөйлеу, сөйлеу мәнері.

В данной статье рассматривается роль ораторского искусства в обогащении языка современной молодежи. В статье рассказывается о сохранении казахского языка, как великое наследие наших предков, через развитие ораторского мастерства. Многие общественные деятели боятся публичного выступления, так как не имеют способности красноречия. Значение ораторского искусства сегодня имеет важное место для государственных служащих.

Ключевые слова: ораторское искусство, красноречие, культура языка, повышение статуса казахского языка, предисловие, основной раздел, заключение, ежедневная подготовка, публичное выступление, публичная речь.

This article examines the role of oratory in the enrichment of the language of today's youth. The article tells about the preservation of the Kazakh language as the great heritage of our ancestors, through the development of public speaking skills. Many public figures are afraid of public speaking, because they do not have the ability to eloquence. Meaning oratory now has an important place for public servants.

Keywords: rhetoric, oratory, culture of language, improving the status of the Kazakh language, introduction, main section, the conclusion, daily training, public speaking, public speech.

Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады.
Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан қиынды
көргенім жоқ, - деген екен Бұқар жырау.

Көпшілік алдында сөз сөйлеу – қоғамның әлеуметтік, рухани өмірінде үлкен сұранысқа ие. Бұл көптеген мамандар мен қайраткерлер күнделікті қолданып отырған іс-әрекет. Қазіргі қоғам адамы өз мақсатына қол жеткізіп, мансап биігіне көтерілу үшін әрекет жасаумен бірге, көпшілікпен қарым-қатынас жасай, сөз сөйлеу, ойын жүйелі жеткізе білуі сауатты маманның жемісі деп айтсақ қателеспейміз. Әрбір адам табыс биігіне жету, мансап сатысымен жоғарлау үшін әсерлі де сенімді сөйлеудің

тигізер септігі мол. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалды. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», - деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретін түсінген, күшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді. Әйгілі шешен, данагөй Цицерон да былай дейді: «Қалам – көркем сөздің ең жақсы жаттықтырушысы. Басқалардан үйренуде ең өнеге тұтарлығына теңесуге ұмтылу керек. Өзің үлгі еткен шешеннің жақсысының бәрін алуға тырыс. Оңайын, көзге түсіп тұрғанын ғана емес, ең маңыздысы – шынайы шеберлігіне жету. Ол

еліктеу болып кетпеуі керек. Мықтыға қанша ұксап тұрсаң да, көшірме түпнұсқадан ылғи да көш төмен болады. Халық алдында сөйлеу үшін сөзіңнің өзіндік «бейнесі», өз мәнері болғаны абзал.

Қазақта көне заманның өзінде жетелі сөзге табыну мен бағынудың басым болғаны соның бір айқын дәлелі. Халық аталы сөзді алты жасар бала айтса да, алпыстағы ақсақал қарт айтса да, айтушысына қарап емес айтқанына қарап бағалаған, тыңдаған.

Қазіргі қоғам адамы өз мақсатына қол жеткізіп, табыс биігіне көтерілуі үшін батыл іс-әрекеттермен бірге шаршы топ алдында сөз де сөйлей білу керек. Әрине, кез келген адам көп жағдайда сөйлер алдында көп толқиды. Атақты шешендердің айтуынша, бірінші сөз бәріне түсінікті, қарапайым, қызықты болуы шарт. Сөйлеуші сөзінің басында тыңдаушыларын қаншалықты қызықтыра алса, соншалықты табысқа жетеді. Сондықтан сөйлеуші шешен сөйлейтін сөзінің жоспарын құрады. Оның құрылымы үш бөліктен тұратын өзіндік ерекшелігі бар. Ғалымдардың айтуынша сөйленетін сөздің кіріспесі мен қортындысына ерекше көңіл бөлінуі керек [1].

Кіріспе сөз сәтсіз болса, тақырыпқа тыңдаушылардың қызығушылығын, көңілін аударма алмайды. Көбінесе тыңдаушылар сөз сөйлейтін жерге әр түрлі себеппен келеді: біреулері тақырыпқа қызығып, білімдерін тереңдету, толықтыру мақсатымен өз еркімен келеді; екіншілері сол ұжымның мүшесі ретінде келуі қажет пен табылғандықтан еріксіз келеді. Бірінші топ о бастан-ақ шешенді тыңдауға дайын, екінші топ өз жұмыстарымен (кітап оқу, сөзжұмбақ шешу т.б.) айналысып тыңдамауға дайын отырады. Ал сөйлеуші шешен бүкіл аудиторияның назарын өзіне аудару керек, әсіресе тыңдағысы келмегендердің көңілін жаулап алу керек. Осындай жағдайда сөйлеуші шешен қандай «іс-әрекетті жүзеге асыру тиіс? Бұл – өте қиын, әрі жауапты іс. Сөйлеуші шешен кіріспені қызықты мысалдармен, мақал-мәтелдер, нақыл сөздермен немесе тыңдаушыларды ойландыратын дәйек сөздермен бастағаны жөн. Тыңдаушылардың

көңілін аударатын тәсілдердің бірі – оларға сұрақ қою арқылы да назарын аудару. Кейде аудиторияны қызықтыратын тақырыпқа қатысты оқиғаларды әңгімелеу де ұтымды болып шығады. Сөйлеушінің міндеті де ұтымды болып шығады.

Негізгі бөлімге енген материалдар жүйелі орналасу қажет. Кез келген сөйлеудің маңызды бөліктерінің бірі – қорытындысы. Сенімді және сәтті жасалған қорытынды сөз тыңдаушылардың есінде ұзақ қалады, жақсы әсер тудырады.

Қортындыны кіріспеден айтылған әңгімемен байланыстырған жөн. Қортындыда сөйленген сөздің басты-басты ойлары қайталанады. Айтылғандардан түйін шығарылады, тыңдаушылардың алдына нақты міндеттер қойылады. Сөйлеушінің соңғы сөзі әсерлі болуы керек. Аудиторияны бақылаудан шығармай, нәтижеге қолыңыз жеткенін байқаған бойда сөзіңізді аяқтаған дұрыс. Сөздің аяғы басталуы секілді есте қаларлық болуы керек: ерекше сөз орамы, ұран, жарқ ететін мысал, эмоцияға әсер ететін цитата, т.б. Егер соңғы сөз ұран түрінде болмаса, онда ол эмоциямен жоғары тонмен айтылуы керек.

Кез келген адамның көпшілік алдына шығып сөйлеуге батылы жете бермейді. Себебі, жұрт алдына шығып сөйлеудің өзіндік біршама қиындықтары бар: сөйлеуші мен тыңдаушының арасында көзбе-көз байланыс болғандықтан шешенге тапқырлық, сөзіне елді ұйыта білу қабілеті қажет және сөйлеуші шешеннің өзін еркін ұстай білуі де ерекше рөл атқарады. Еркін болуы үшін көп ізденіс, көп жаттығу қажет.

Шешендік сөйлеу әрекетіне талдау жасай білу – шешендік тәсілді меңгерудің бір жолы. Жиналыс, конференцияларда, лекцияларда сөйлеген немесе радио, теледидардан тыңдаған шешендердің сөзінің мазмұнына ғана көңіл аударып қоймай, материалды беру тәртібіне, тілдік шеберліктеріне, шешендік әдістеріне де көңіл бөлген жөн. Шешеннің сөйлеуде ұдайы не ұнамайды, қандай әрекеттері, қандай тәсілдері, қай сөздері сәттілікке жеткізеді, қайсысы сәтсіздікке ұшыратты дегендерге

талдау жасаған жөн. Әсіресе, шешеннің аудиториямен қарым-қатынасына, өзін-өзі ұстауына назар аудару керек.

Көпшілік алдында сөйлеу әдістемесін меңгеру – күнделікті дайындықтың бір бөлігі. Д.Карнеги: «Сөйлейтін сөзін алдын ала дайындамай, көп адам түзелмес қате жібереді», - дейді. Сондықтан да, көпшілік алдында сөйлеудің алдыңғы алғышарттарын есте сақтап алған дұрыс. Дайындық кезеңінде шешендердің қызметі қандай сатылардан тұрады, сөйлейтін сөзді қалай орналастыру керек, тыңдаушылармен кездесуге қалай дайындалу керек, аудиторияны меңгерудің қандай амалдары бар екенін жақсы білуі қажет.

Дайындық сөйлейтін тақырыпқа, сөйлеудің мақсаты мен міндеттеріне, аудиторияның құрамына, сол тақырыптың өзіндік ерекшеліктеріне т.б тікелей байланысты.

Тақырып анықтау – тақырып таңдауда ең қажеттісі – өзіңе де, тыңдармандарға да қызықты әрі өзекті болуы керек, ол тыңдаушылардың көңілін аударатындай болуы тиіс. Тақырып жалпылама әрі түсініксіз болса, тыңдаушыларды қызықтырмайды, кері әсерін туғызады. «Тақырып – өнер туындысының ірге тасы», - деп З.Қабдолов айтқандай [1], көркем туындының туу үрдісі тақырыптан басталады. Тақырып шешеннің бүкіл сөйлеуге дайындық кезеңінің өн бойынан есінен шықпай толғандырып отырады. Шығармашылық әрекет материал жинау, жиналған материалдарды қорыту, қорытылған материалды жазу кезеңдерінің тұтас желісі болып тартылып жатады.

Мақсатын тұжырымдау. Сөйлеуге дайындық үстінде сөйлеудің мақсатын айқындау керек. Сөйлеуші қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын анық көрсетуі керек. Егер сөйлеуші сөзінде «не үшін істеу керек» дегенді ойламаса, онда ол сөйлегенде табысқа жетпейді.

Сөйлеуші өзінің ғана алдына мақсат қоймай, тыңдаушылардың мүддесіне қатысты мақсатты айқындау керек. Айқын мақсат қоя білу шешендік сөзді қабылдауды жеңілдетеді, тыңдаушылардың назарын аударуға көмектеседі. Әр кездегі шешендер дәл осылай

істеген. Айқын мақсат қоя алудың үлгісін Американың ірі шешені Уэнделла Филипстен көруге болады. Ол жұртшылыққа бір тамаша адам Сан-Доминга аралының билеушісі, мемлекет қайраткері, әскери басшысы, негр нәсілді Туссене-Лувертиюрениң өмірбаянын не мақсатпен айтатынын әуелі ескертті: «Менің мақсатым – негр нәсілділерге аяушылық білдіру емес, олардың англосакстарға жақындығын, жалпы халықтың ішінде орынға ие болуға құқы бар екеніне көздеріңізді жеткізгім келеді» [2].

Ақындығы әлеуметтік қызметке жеткен ұлы Абай да:

«Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңіл ашпақ.

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,

Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ», - деп өз өлеңдерін ұйықтап жатқан көңілдерді оятып, өнер-білімге ұмтылдыру, мылқау жандарға тіл бітіру, соқыр кеудеге сәуле, надан өмірге үлгі-өнеге шашу деп білді.

Қазіргі кездегі басты назар аудартатын жай – өз идеяларымызды сата, өткізе білу. Шындығында, кез-келген сату – ол өз идеяларыңды тыңдаушыларға: бастыққа, әріптеске, жұбайыңа, тұтынушыға т.б жеткізе білу. Көпшілік алдында сөз сөйлеу – ол да сатудың бір түрі, яғни бір топ адамға өз ойларыңды жеткізіу. Сол себептен мемлекеттік қызметкерлердің кәсібилігін қалыптастыру қазіргі заманға қажетті, бұл біліктілікті адам өз бойында дамытуы керек.

Көптеген адамдар тиімді қарым-қатынас дегенді біле бермейді. Қарсыласымызды өзімізге ұтымды келісімге келтіруде, дау-таласта өз позициямызды қорғап қалуда, жаңа таныстық пен байланыстар жасауда, әңгімеге кірігуде, тыңдаушымызға пікірімізді жеткізуде қиналып жатамыз. Тіпті қолымыздан келмеуі де мүмкін. Бұл проблемалар біздің дамуымызға кедергі келтіреді, өсуімізге тосқауыл болып табылады. Бізді сауатты, тиімді қарым-қатынас жасауға ешкім де үйреткен жоқ, кейбіреуімізде коммуникативтік дағды қалыптаспаған да болуы мүмкін. Сондықтан ішкі түйсікпен әркет етеміз, кәсіби шебер сөз сөйлей білетін

адамдарға тәуелді болып қала береміз. Тиімді қарым-қатынас жасай білу – ол бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Көпшілік алдында сөйлеу – бұл кез келген адамға беріле бермейтін дарын да, қабілет те емес, бұл – дағды. Дағды деген кез келген кітапты оқи салғаннан жетілмейді. Оның өзіндік құпиясын, әдіс-тәсілдерін меңгермей жету мүмкін емес. Шешен сөйлеу де сол сияқты. Егер сіз көпшілік алдында мүдірмей, шешен сөйлеуге бел бусаңыз бұл сіздің жеңісіңіз.

Көпшілік алдында сөз сөйлеу білу мамандарға аса қажет. Өздерінің кәсіптері бойынша көп қарым-қатынас жасауды қажет ететін адамдар: бұл жоғары буын басшылары, менеджерлер, заңгерлер, әкімшілік және т.с.с. Қазіргі қоғам адамы өз мақсатына қол жеткізіп, табыс биігіне көтерілу үшін әрекет жасаумен бірге көпшілікпен қарым-қатынас жасай білуді, сөз сөйлеуді, ойын жүйелі жеткізуді талап етеді.

Егер сіз ұжым алдында сөз сөйлеп үйренбеген болсаңыз, онда сіз бірнеше үрейге тап боласыз, бұл ішкі үрей, оны еңсере білу керек.

Қазіргі заманда көпшілік алдында шешен сөйлеп жүрген, ел «шешен» деп танитын ағаларымыздың өтімді пікірлері жастарға үлгі боларлықтай тәрбие беруде. Мысалы Бекболат Тілеухан ағамыздың мына пікіріне назар аударсақ:

«Айналайын, құлыншақтар! Менің сөзім, менің азаматтық позициям – соңғы ақиқат инстанция деген мәселе жоқ. бірінші қара сөзінде «...кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі», - деп Абай айтқандай, яғни Абай ұрпаққа мұра қалдырмас бұрын, халықтың арасындағы даудан сақтанған, қазақтың ауыз-біршілігін аса маңызды санаған. Маған да керегі осы! Жастар арасында ауқымды ойлау қабілетіне сүйене отырып жазатын тұшымды пікірлерге кейде еріксіз тәнті боламын. Кейде эмоция жетегінде даурыққан тоқтамсыздықты көргенде қоңырайып қаласың. Жалпы кісінің көңіліне қарап сөйлеу – үлкен имандылықтың белгісі. Бір-біріңе мейіріммен қараңдар, бауырларым! Әсіресе жігіттер, бір-біріңнің жағаларыңнан ұстаудан Аллаһ сақтасын!

Шаптығысып, шалысып, бет тырнасып кету – әлсіздіктің белгісі! Абайша айтқанда «домбыттық». Сендер олай етпесеңдер керек. Біз Мағжан екеуіміз жастарға сенеміз!», - дейді [3].

Жастарды тура жолға салу, дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, білгенін жастарға ақыл ретінде айтып отыратын Қалқаман Абдрахманұлы ағамыздың пікірін зер салып қарасақ:

«Өз нәпсілерін құрықтай алмайтын, жан-жағындағы болып жатқан нәрселерге қарамайтын, болашағы үшін алаңдамайтын, қара баланың, ұлтының жағдайына мән бермейтін, қоғамға алаңдамайтын, арзан күлкішіл, саясатта шаруасы жоқ, теке сезім нәпсіге үйір, тиын болса көңіл көтеруді сылтау етіп ішкенге құмартатын адамдарға

ҮНДЕУІМ:

-Еліңнің қамы үшін, ұлтыңның болашағы үшін үкіметтен қол жайып көмек сұрап отырмай, еңбек ет. Қоғамды түзеу, табиғатты аялау, жақсы игі істермен айналысуды басты орынға қой.

-Ұлтыңның мүддесін қорға. Тілінді, жерінді, дінінді, тарихынды, мәдениетінді, салт-дәстүрінді қорға және сол мақсатта жұмыс істе. Ұрпақтарыңды үйрет, ең алдымен осы ұлттық сананы қалыптастыр бойына.

-Уақытты босқа кетірме. Өйткені сол уақыт үшін сұраласың Алланың алдында. Ол уақытты білім алумен, құлшылықпен, Қасиетті Құран Кәрім үйренумен немесе біреуге үйретумен немесе қоғамға пайда әкелетін істермен айналыс.

-Ұлтыңды сүй, өз ұлтыңның ұл-қыздарының арын, абыройын қорға.

-Адал жолмен ақша тап. Адал ас ішіп, адал жүр. Ешқашан ешкімнің ақысын жеме.

-Өтірік айтпа.

-Қашанда ерте тұрып серуенде, жүгіріп гимнастика жаса. Қайғылы, мұңлы музыкадан гөрі, көңілді нотадағы музыкаларды тыңдаған абзал.

-Ақшаның күнделікті кіріс-шығысын есепте.

-Қашанда дұрыс тамақтанып, табиғи өнімдерді қолдан.

-Қандай нәрсе сатып алсаң да, Отандық

өнімдерді қолдануға дағдылан. Сол кезде ғана экономикамыздың дамуына аз болса да үлес қосқан болар едің [4].

Адам баласы табиғатында темірдей төзімді, гүлдей нәзік. Бір ауыз сөзбен кісіні ренжіту де, қуанту да оңай. Сөйлеу этикетін әдеппен қолданып, мүмкіндігін аша білсек, ізеттілікке бастайтын жақсы жақтарын жетілдіре берсек, адамдар арасындағы қарым-қатынас адамгершілік пен ынтымаққа бастау алары сөзсіз.

Шешен сөйлеу, орынды сөйлеу және сөйлеуге қойылатын талаптар мен ережелерді Бөлтірік шешеннің мынадай сөзімен қорытындылауға болады. «Сөзден тәтті нәрсе жоқ, сөзден ащы нәрсе тағы жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ, сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылды сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл, кімге сөйлейтініңді біл, қашан сөйлейтініңді біл, қайда сөйлейтініңді біл, қалай сөйлейтініңді біл. Оны білмесең, сара сөзің шала болады, арты жала болады», –

деп бір ауыз сөзбен түйіндейді.

Қорыта айтқанда, мәдени ортада қарым-қатынасқа түсетін, көпшілік алдында сөйлейтін мемлекеттік қызметшілер сөз мәдениетінің негізі болып саналатын әдеби тіл нормаларының талаптарын толық меңгеруді және сөздік қорларын үнемі байытып отыруды басты назарда ұстаулары қажет. Осы тақырыпқа қатысты түйіндей келе мынадай ұсыныстар айтқым келеді:

1. Мектеп немесе жоғары оқу орындарында әдебиет пен қазақ тілінен бейімдік пәндер оқытылса;
2. Қазақ әдебиеті пәнінің сағаты көбейсе;
3. Үйірмелер, клубтар, бірлестіктер саны көбейсе;
4. Оқу қабырғаларында барлық факультетте «шешендіктану» пәні енгізілсе;
5. Мектепте оқушылар сабақ басталардан бұрын ақын-жазушылардың өлең-шумақтарын жатқа оқып отырса.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, – 1982, – 159 б.
2. Л.А.Введенская, Л.Г.Павлова. Культура и искусство речи. – Ростов-на-Дону, – 1996, – с.252
3. massaget.kz/okushyilarga/uy
4. adebiportal.kz/-ayma-anbetova-araylym-.page/
5. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы: Білім, – 2003.
6. Жарықбаев Қ. Ақылдың кені. – Алматы: Ана тілі, – 2012.
7. Қыдыршаев А. Шешендіктану. – Алматы, – 2007.
8. Молдабеков Ж. «Шешендік» оқу құралы. – Алматы, – 2009.

МРНТИ: 41.01.07

**ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫН МЕКЕНДЕГЕН
ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ АСТРОНОМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
КҮНТІЗБЕЛІК ІЛІМДЕРІ МЕН НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ**

Нұршат Жұмабай

Қытай Халық Республикасы

«Шынжаң қырғыз әдебиеті» журналының редакторы

Сарқытқан Қастер

Абай атындағы ҚазҰПУ, г.ғ.к., доцент

Мақалада көшпелі мал шаруашылығын негіз етіп, қосымша егіншілік және аңшылықпен шұғылданған көшпелі халықтың барлығына ортақ астрономиялық ілімдердің қалыптасуының тарихы ертеден басталып, шаруашылықта, өмірде қолданыс тауып күні бүгінге дейін жетіп отырғандығы баяндалады. Сондай-ақ, көшпенді халықтың ілім мен білім теңізіне құйған бұлақтай таза дүниетанымы жақсы дамыған және әлі күнге тұрмыста ұмыт болмаған халықтың бірі – қырғыз халқының ерте заманнан-ақ астрономиялық білімдерді меңгеріп, өз өмір тәжірибелерімен байытып, толықтап, ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп қалдырып келе жатқандығы сипатталады.

Түйін сөздер: көшпенділер мәдениеті, ұлттық шаруашылық, көші-қон, жұлдызды аспан, табиғат құбылыстары, есепші, аспан шырақтары, астрономия, жұлдыз, Тәңір, ырым, көктемгі жаңбыр, мүшел, мезгіл, маусым.

Статья посвящена астрономическим учениям кочевого кыргызского народа, населяющих Иле Казахскую автономную область Синьцзянской провинции Китайской Народной Республики, которые занимаются не только скотоводством, но и земледелием и охотничеством. Характеризуется передача астрономических знаний кыргызов из поколения в поколение, которые обогащаются и дополняются их жизненным опытом. Кочевой скотоводческий образ жизни кыргызов способствовал наблюдениям за звездами с их сложными движениями, при котором они могли наблюдаться в разное время года по-разному. С этими явлениями кыргызский народ связывал различные приметы и эти приметы использовали в быту и традициях.

Ключевые слова: культура кочевников, национальное хозяйство, явления природы, миграция, астрономия, звездное небо, звездочеты, светила, звезды, Тенгри, приметы, весенний дождь, время, период.

The article is devoted to the astronomical teachings of the nomadic Kyrgyz people inhabiting the Kazakh Autonomous Region of the Xinjiang Province of China, which are engaged not only in cattle breeding, but also in agriculture and hunting. Characterized by the transfer of astronomical knowledge of Kyrgyz people from generation to generation, which are enriched and complemented by their life experiences. The nomadic pastoral way of life of the Kyrgyz facilitated observations of the stars with their complex movements, in which they could be observed at different times of the year in different ways. With these phenomena, the Kyrgyz people associated various signs and these signs were used in everyday life and traditions.

Keywords: nomadic culture, national economy, natural phenomena, migration, astronomy, starry sky, astrologers, luminaries, stars, Tengri, signs, spring rain, time, period.

Адамзат өркениетінің қалыптасып дамуына көшпелі халықтар мәдениетінің үлесі зор. Соның ішінде көшпенділердің аспан әлемі туралы таным-түсінігі, ілімі ерекше болды. Олай болуына олардың көшпелі тұрмыс-тіршілігі мен ұлттық шаруашылығының әсері мол болды. Мысалы, көші-қонды бағдарлауда әр айдың ерекшелігіне, онда туатын жұлдыздарға байланысты ауа райы құбылыстарын бағамдап, соған сай әрекет етуге мән берді. Олар аспан шырақтарын пайдаланып қана қалмастан, ел өмірі мен өндірісіне байланысты ат қоя білген. Ұлан-байтақ кең далада шаруашылығын шалқытып, күндерін кең табиғат құшағында мал өрісінде, түндерін жұлдызды аспан астындағы мал күзетінде өткізген көшпелі жұрт табиғат құбылыстарын бақылаудан туған көп жылдық атадан балаға мирас болып келген тәжірибелерін қорытындылап, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен ілімдер жинаған қалыптастырды. Бұл ілімдер ұрпақтан ұрпаққа жетіп, дамытылып, байытылып отырды.

Табиғат құбылыстарының, күн мен түннің, жыл мен маусымдардың, ай жаңалануының айналып келіп отыруын жылдар бойы бақылап, есептеп түсіну және оның заңдылығын ашып, тұрмысына пайдалана білу көшпелі халықтың шаруашылық өмірі үшін орасан зор маңызы болғаны анық. Олар осы есеп немесе күнтізбе, әлде амалдар арқылы төрт маусымдағы көші-қон бағытын, уақытын, малды төлдету, қойды қырку, соғым сою, егін салу, шөп шабу, тіпті отау құрып, отбасы атанудың уақытын да, бәрі-бәрін осы негізде белгілеп отырған.

Табиғат құбылыстарын бақылап, оның өзгерісін қадағалап отыратын адамдарды «Есепші» деп атаған. Есепшілер ғарыш кеңістігіндегі планеталарды бақылау арқылы олардың өзгерісін, жер бетіне жасайтын әсерін алдын ала сезіп, біліп, ел-жұртты хабардар етіп отыратын болған.

Қырғыз халқы есте жоқ ескі заманның өзінде ауа райы өзгерісін бақылап, жылдың төрт мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бағалап отырған. Сол арқылы төрт түлік малдың әр мезгілдегі өріс-қонысының жайлы болуын,

табиғи апаттарынан аман-сау өтуін, мал басының көбеюін қамтамасыз еткен. Олар бұл білімдерін егіншілік, аңшылық және соғыс жағындайында да пайдаланып отырған.

Қырғыздар көмкеріліп тұрған көк аспанның сұлулығына тамсанып, табиғат аясында еркін өмір сүрген халық болғандықтан табиғат сырына үңіліп, зерделеуді дәстүрге айналдырған. Әсіресе, түнгі жұлдызды аспанды зерделеуге айрықша көңіл бөлген. Сол арқылы жұлдыздарға ат қойып, орнын бағамдай білген. Мәселен: Үркер, Толтойдың оғы, Үш арқар, Жетіген, Кіші жетіген, Алтын қазық, Қосақталған қос бұзау, Сары жұлдыз, Шолпан (Венера), Балбылдақ, Шышқылу (Меркурий), Сабан жол, Ай, Күн, Көрген саба сияқты.

Ел аралық астрономияда «Үлкен аю» деп аталған 7 жұлдызды қырғыздар «Жетіген» деп, «Кіші аю» деп аталған жұлдызды «Темір қазық» деп, оның жанындағы қос жұлдызды және Темір қазыққа ұласқан қатар үш жұлдызды «Арқандаған ат» деп, Тараза жұлдыз бен Үш арқасындағы жұлдызды «Мерген мылтығы мен ит» деп атаған [1].

Қырғыздар Үркер жұлдызы мен Айдың жақын келу өзгерісіне өте қатты көңіл бөлген. Бұны Тоғол (Тоғал) деп атаған. Әрбір айдың Үркермен тоғасатын белгілі бір күні бар. Бұл күндер жайсыз болып, жауын-шашынды, қарлы боранды болып отырған. Өмір зая (Сары жұлдыз) жоғары туса көктем ұзарады, жұт болады. Егер төмен туса жақсылық болады деп есептеген.

Көктемде күннің алғашқы күркіреуін бақылап, оны жылдың жақсы-жаман келуімен байланыстырып отырған. Немесе түрлі ырымдар істеп, тілеу тілеген. Мысалы, алғашқы күн күркірегенде жасы үлкен әйелдер бір шелекті қолына алып шөмішпен даңғырлата қағып «жер жарылып көк шық, желін айрылып сүт шық, дамбыр таш, дамбыр таш» деп үш қайтара дауыстап, үйді үш рет айналатын болған. Сөйтіп Тәңірден егін, шөп, сүттің мол болуын тілеген. Бұл жаратылысқа табынудан келіп шыққан салт болып, ел арасында дамбыр таш (тас) жыры қазірге дейін сақталып қалған. Көктемде алғашқы күн тау жақтан

күркіресе таудың етек жағы құрғақшылық болады. Егер етек жақтан күркіресе жауынды болып, шөп, егін жақсы шығады деп, сол сияқты күннің күркіреуі жылдағы дағдылы мезгілінен бұрынырақ болса, көктем ұзарады, ал, ол мезгілінен кейінірек болса, күз ұзарады деп қараған. Міне осындай планеталар мен ауа райы құбылыстарының өзгерісіне қарай отырып, тәжірибе жасап, оны белгілі дәрежеде пайдаланып келген. «Күннен құлақ шықса (қораланса) – күрегіңді қамда, қар жауады, айдан құлақ шықса – аяғыңды қамда, жаңбыр жауады» деген тұжырымдар шығарған [2].

Сонымен бірге қырғыздар хайуанаттар мен жануарлардың тіршілік құбылысын да бақылап ауа райымен ұштастыра, тәжірибе жинап отырған. Жазғытұрым келген қарқара (тырна) аласа ұшса, қымбатшылық болады деп, күзде қоңырала қаз бен тырналар ертерек қайтса қыс ерте түседі деп санаған. Түз бұғысы күзде әдеттегі мезгілден бұрынырақ үйірге түссе, келер жылдың көктемі ерте шығады. Ал, мезгілден кешігіп үйірге түссе, көктем созылып малға қиыншылық келтіреді деп санаған. Сол сияқты күзде Үркер жұлдызы туған кезде тау ешкі үйірге түседі. Егер Үркер төменірек туғанда үйірге түссе жақсы болғаны, онда келесі жыл жаз ерте шығып жайлы болады. Ал бұның керісінше Үркер көтеріліп кеткенде үйірге қосылса, бұл жайсыз болады деп жорыған.

Қытай тарихындағы Таң патшалық дәуіріндегі жазбаларда және басқа тарихи материалдарда, қырғыздар Орта Азияда, түркі ұлттарының ішіндегі күн, ай, мезгіл, жылды, күнтізбені ең ерте қолдана білген ұлттың бірі деп жазылған. Қырғыздар бір жылды 12 айға, 3 айды бір мезгілге бөліп, жаз, жай (көктем), күз, қыш деп ажыратқан. Байырғы (ежелгі) қырғыздар бір жылды 12 айға мынадай бөлген: бірінші ай – бас ай, екінші ай – көрүк айы, үшінші ай – көкек, төртінші ай – шілде, бесінші ай – сарыша, алтыншы ай – қыркүйек, жетінші ай – мизам, сегізінші ай – қараша, тоғызыншы ай – қазан, оныншы ай – қаңтар, он бірінші ай – ақпан, он екінші ай – шал айы. Сондай-ақ, он екі айдың атын

аспандағы 12 шоқ жұлдыздың бір жыл ішінде тұңғыш жолы көрінген уақытымен салыстыра отырып атайтын тағы бір атау тәсілі болған. Бұл бойынша бірінші ай – қозы, екінші ай – өгіз (үз), үшінші ай – арандыз, төртінші ай – күшік, бесінші ай – арыстан, алтыншы ай – сұнбұлек, жетінші ай – тараза, сегізінші ай – сазан, тоғызыншы ай – жетіген, оныншы ай – ұлақ, он бірінші ай – көбелек, он екінші ай – балық деп жұлдыздардың атымен атаған. Бұл күнтізбе көпке дейін қолданылған, кейін тұрмыс-салт жағдайдың өзгеруіне байланысты басқа аттар қойылған. Мәселен, Наурыз айын жаңа жылдың бас айы деп есептеген. Бұлайша есептеуді Қазақстанның қазіргі қолданыстағы ай аттарымен байланыстыра қарастыратын болсақ, былайша өрнектеуге болады [3]:

Жалған құран (Үлкен құран немесе Наурыз) – Наурыз, Шын құран – Сәуір, Бұғы – Мамыр, Құлжа – Маусым, Теке – Шілде, Бас ауна – Тамыз, Аяқ ауна – Қыркүйек, Тоғыздың айы – Қазан, Жетінің айы – Қараша, Бестің айы – Желтоқсан, Үштің айы – Қаңтар, Бірдің айы – Ақпан. Бұл ай аттары киіктердің ескіше аттары және олардың тіршілік жасауына байланысты көріністермен аталған [4].

Қырғыздар мүшел жас есебіндегі күнтізбені қазірге дейін қолданып келеді. Бұл жағынан қазақтардың мүшел есебімен ұқсас. Мысалы:

Чычқан – Тышқан, Уй – Сиыр, Барыс немесе жолборс – Барыс, Қойон – Қоян, Улуу немесе Балық – Ұлу, Жылан – Жылан, Жылқы – Жылқы, Қой – Қой, Маймыл немесе Мечин – Мешін, Тооқ – Тауық, Ит – Ит, Доғуз – Доңыз.

Қырғыз ұғымында бір адамның мүшеліне толған кезін жасының 13, 25, 37, 49, 63 жастары деп қарайды [5]. Әр мүшелге 12 жылды қосып есептейді. Мүшелге байланысты қызықты ырым сақталған. Жасқа келген адам үйіндегі бір ыдысын аяғымен теуіп шағып мүшелін шығаратын болған.

Жеті күнді бір апта (жұма) деп атап, күндердің атын араб-парсы атауларымен атаған. Ретімен атар болсақ [6]:

Дүйшөnbү – Дүйсенбi, Шейшенби – Сейсенбi, Шаршенби – Сәрсенбi, Бейшенби – Бейсенбi, Жума – Жұма, Шенби – Сенбi,

Жекшенби – Жексенбі.

Қырғыздар бір тәулік ішіндегі мезгілді төмендегідей уақыттарға бөлген:

Таң қарақшы → таң дұмпейді → таң құланиек атты → таң қылайды → таң аппақ атты → күн шыққан → күн тау-таудың басына тийе бастағаны → күн көтерілген → күн тексі тиген → шәшке → ұлы шәшке → жалған түс → шақ түс → түс қыйа → түс ауған → сарт бешім → қырғыз бешім → ала көлеңке → намаздыгер → күн батар → күн батқанда

(Намаз шам) → бұрыл (кісі көрінер-көрінбес) → ел аяғы басылар → намаз құптан → тамақ ішер → тамақты тегіс ішкен → ел жатар → ел тегіс жатқанда → ұйқыға кірерде → тегіс ұйықтағанда → ауыр ұйқы → түн ортасына жақын → түн ортасы → түн ортасы ауғанда → таңға жақын. Бұлардан бөлек уақытты «насыбай атым», «бие сауым», «ет пісірім», «шай қайнатым», «жарым күн», «түс жарым», «бір күн», «күні-түн» сияқты мөлшерлік мәндермен де белгілеген [7].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мәмбетқазы Емінәлі. Торқалы той топырақты өлім. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, – 1997 ж.
2. Белек Солтоноев. Қызыл қырғыз тарихы. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, – 2000ж.
3. Гүлбара Орозова. Қырғыздардың ұлттық мәдениеті. –Бішкек: Биіктік» баспасы, –2010 ж.
4. Іле қырғыздары. –Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, – 2004 ж.
5. Іле қырғыздарының дәстүрлі мәдениеті. – Үрімжі: Шынжаң ғылым-техника баспасы, – 2004 ж.
6. Іле тарихи материалдары. Топтама жинақ. (11-15) – Іле, – 2011 ж.
7. Қайрат Тоқонбай, Мәмбеттұрды Мәмбетақұн. Қырғыздардың ғылым-техника мәдениеті. –Үрімжі: Шынжаң ғылым-техника, денсаулық сақтау баспасы, – 2001 ж.

МРНТИ: 34.35.51

АДАМ ӨМІРІНІҢ ТАБИҒАТПЕН БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

К.Ә. Қаражанова

Атырау облысы Исатай ауданы Тұщықұдық селосы

Ж.Мырзағалиев орта мектебінің жоғары санатты кітапхана меңгерушісі.

Адам мен табиғаттың біртұтас. Яғни, адам – табиғаттың бір бөлшегі әрі ғажайып туындысы. Адам табиғатқа тәуелді. Сондықтан өзінің өмір сүріп, өсіп-өнетін, іс-қимыл жасайтын, аяулы армандарын жүзеге асыратын ортасы, күн-көріс көзі болып табылатын табиғатқа адамның қалай болса солай емес, аялай қарауы – оның перзенттік борышы. Берілген мақалада осы міндеттер туралы және жермен жұмыс жасау жолдары сипатталады.

Түйін сөздер: табиғат, адам, жер, табиғатты қастерлеу.

Статья посвящена проблеме единства природы и человека. Человек – прекрасный плод и часть природы, поэтому он должен относиться к природе, как источнику его жизнедеятельности, как среде, где он превращает в жизнь свои цели, а также, природа является основой его жизни. В статье основное внимание уделяется задачам человека, его гражданскому долгу по сохранению окружающей среды и трепетному отношению к природе.

Ключевые слова: природа, человек, земля, охрана природы.

The article is devoted to the problem of the unity of nature and man. Man is a beautiful fruit and a part of nature, therefore he must treat nature as the source of his life activity, as an environment where he turns his goals into life, and also, nature is the basis of his life. The article focuses on the tasks of a person, his civic duty to preserve the environment and a vibrant attitude towards nature.

Keywords: nature, man, earth, nature protection.

Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя бесігі. Ал адам үшін табиғат – ең қасиетті де қастерлі ұғым. Қазақ халқының арасында бұрын «адам топырақтан жаралған» деген ұғым болды. Сондықтан да топыраққа, жерге тірі жүрсең де, өлсең де мекенің деп ықыласпен қарады. Жерді қазу, шұқылау, берекесін кетіру – бәрі де жаралаумен тең, оның қаһарына душар болу деген сөз деп ұқты. Міне, осындай түсініктер жер бетінің бүтін болуына, топырағының тозбауына, көркінің кетпеуіне үлкен себеп болды. Халық ұғымында «табиғат» деген сөз Жер-анаға, Туған жерге қатысты айтылды. Осыған орай халық арасында даналық сөздер жиі кездеседі. Мысалы, «Жері байдың – елі бай», «Жерін қорлаған жеріне сыймайды», «Тозған жерде тоқшылық болмайды». Табиғаттың бар байлығы жермен байланысты, содан ғана нәр алады. Сондықтан да, табиғат құбылыстары, заңдылықтары бір-бірімен үйлесімді, тәуелді. Сан ғасырлар бойы халқымыз табиғат аясында тіршілік ете отырып, оның сан алуан

құпия сырларына көңіл бөлді және сол туралы орынды пікірлерге келді. Халқымыздың табиғат жөніндегі ой пікірлері табиғат құбылыстарымен, заңдылықтарымен үнемі үндесіп жатты. Халық өзін табиғаттың бөлінбес бір бөлшегі, құрамдас тобы деп есептеді. Табиғаттың қатаң жағдайына, түрлі өзгерістеріне сай көшіп-қонып жүріп, өз шаруашылығын табиғатпен үйлесімді жүргізді, сондай-ақ табиғатқа аялы алақан, көз қарашығындай қамқорлық керектігін ерте сезінді.

Адам өмірі табиғат аясында өтетін болғандықтан, бабаларымыз ғұмыр бойы табиғатты аялауды мұрат тұтқан. Табиғат үшін адам оның бағбаны іспеттес. Адамзат – табиғаттың баласы, сондықтан қажетінше құрметпен қарауы тиіс деген қағида жатса, екіншіден, қасиеті ұрады, кесірі тиеді деген ескерпе бар [1, 52].

Халқымыз табиғаттың кейбір туындыларын «киелі, қасиетті» деп ұғып, оларды жоюға болмайтынын уағыздаған. Табиғат пен адам тіршілігінде одан ғажайып, олардан құпия не бар? Қазақтар киеге үлкен мән берген.

Табиғаттағы кейбір қажетті заттарды киелі деп қастерлейді. Оларды құрмет тұту, ырымын жасап тұру, адам баласына байлық пен бақыт, құт әкеледі деп түсінген. Осыған байланысты жаңа туған сәбилерге табиғаттың тылсым күштеріне қатысты есімдер қойған. Бұған дәлел халық арасында табиғатпен байланысты көптеп таралған есімдер, мысалы, Тұманбай, Боранбек, Аязбай, Тасқын, Жазгүл, Шолпан және т.б. [2, 41].

Халқымыздың ерекше қастерлеп, талай ғасырлар бойы қамқорлық жасап келген табиғат байлығының бірі – өсімдіктер әлемі. Өсімдік ішсе тамақ, кісе киім, жақса отын, малына өріс, өзіне қоныс болған. Сондықтан халқымыз өсімдік қорғауға да ерекше көңіл бөлген. «Бір тал жұлсаң, он тал ек», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Көкті жұлма, көктей соларсың», «Мың шыбық шаншып өсірсен, халқыңа орман салғаның, өзіңе қорған салғаның», «Дана көптен шығады, дәрі шөптен шығады» деген мақал-мәтелдер осыған дәлел.

Алла-тағаланың бізге берген шексіз нығметтерінің бірі – ағаш. Ағаш жемісімен, жапырақтарымен, көлеңкесімен бізге пайдалы. Жаңадан өмірге келген сәбидің бесігі де, өміріміз біткеннен кейін қабірге апаратын табыт та сол ағаштан жасалады. Ағаштардың арқасында табиғат та көз тартарлық жап-жасыл. Сол тамаша табиғаттың аясында, ағаштардың көлеңкесінде демалудың өзі бір ғанибет. Ағаштар ауаны тазартып, суықта үйінді жылытады. Ағашты қалай пайдалансақ, келешек ұрпағымыз үшін солай қорғауға тиіспіз.

Үйдің ішін ғана емес, сыртын да таза ұстау, көгалдандыру көрер көзге зор қуаныш силайды. Үйдің жанына сая болар ағаш, әсіресе, жеміс ағашын егіп қою пайдалы. Ол үшін отырғызылған ағаштардың табиғи әсемдігін сақтай білуге көңіл аударған жөн. Көгалдандыруға қылқан жапырақты ағаштар, сәндік бұталар, тал, әртүрлі гүл, жеміс ағаштары тандап алынады. Оның көлеңкесіне ыстық күнде отырып демалуға, жемісін пайдалануға болады. Аулада еккен гүлді ертелі-кеш уақытымен суарып тұру керек.

Мұндай шаруаны ұйымдастыру қиын емес.

Алдын ала сайланған жерлерге ерте көктемде әртүрлі гүл, ағаш егу үшін ой-шұқырлы, дөңес жер болса, оны тегістеп арық жүргізіп, топырағын қопсытып алады. Жабайы ағаш, арамшөп тамырларынан тазартып, қай жерге не егуді белгілейді. Майда топырақты жерді күрекпен қопарып ойғанда оған шірінді, құм, малдың қиы, ағаштың үгіндісін қосып тыңайтады. Ал, құмдақ жер болса, оған шіріген жапырақ, шым, қи, тоғанның лай балшығын қосады. Сондай-ақ сазды жерді де кептіріп, әк қосып тыңайтады. Бұған қоса органикалық және минералдық тыңайтқыш төксе де артық емес. Ең жақсы тыңайтқыш малдың қиы, құстың саңғырығы болып есептеледі. Малдың қиы болмаса шіріген шөп те қосуға болады. Бақшаның шет жағына қоршау міндетін қоса атқаруы үшін долана, хош иісті, ақ гүлді бұталы гүлдер, итмұрын, алмұрт ағашын еккен жөн. Шұңқырды жеміс ағашын отырғызудан бірнеше күн бұрын әзірлеп, оған органикалық және минералдық тыңайтқышты әкке, топыраққа араластырып төгіп дайындап қояды.

Жеміс ағаштарын отырғызу негізінен көктемде қолға алынады. Өйткені, оларды көктемде отырғызса, жауын-шашынның молшылығына байланысты қаулап өседі. Ал кеш егілсе, ауа райының қолайсыздығына қарай тамырға жөнді ылғал жетіспеуі мен ауаның құрғақтылығынан зардап шегеді. Қай көшеттің болсын, тамырын мұқият қарап, бүлінген жерін пышақпен кесіп алып тастайды. Кесілген жерін сұйық балшықпен майлап немесе ылғалды топырақпен көме тұру керек. Көшет отырғызылғаннан кейін шұңқырдың қалған жерін толтыра су құяды.

Жалпы өсімдік атаулы, оның ішінде жеміс ағашы күзден бастап тамырлары мен сабақтарына қоректік заттардың қорын жинай береді. Көктем шығысымен сол жинаған қорегін гүл жарып, жапырақ жаюға жұмсайды. Осы табиғи процеске көмек ретінде жеміс ағаштарын баптауды күзден бастаған пайдалы. Оны жұрттың бәрі ескере бермейді. Уақытында үлгере алмағандардың ерте көктемнен қолға алғаны да артық емес. Күтіп

бапталған жеміс ағашы бойына жинаған қорын ысырап етпей, өнімді мол береді. Жаз бойы оны үш-төрт рет өндесе, топырақтың тыңаюына және арамшөптің қаулап өспеуіне септігі тиеді. Күтуді ерте көктемде қолға алған адам алдымен ағаштың бұтақтарында өткен жылдан қалған ескі жапырақтарын сыпырып түсіріп, түбінде жатқандарымен қоса жинап, алыстау жерге апарып өртеуі қажет. Онда түрлі құрт, зиянды жәндіктер болуы ғажап емес. Қыста үсіп көгерген, күн сәулесінен қураған қабығын да жонып тазалаған жөн. Сол түскен үгіндіні де өртеу керек. Жеміс ағашын бұтауды ол гүл жармай тұрғанда бастаған жөн. Мұндайда қураған, зақымданған, шырмалып қалған, майысқан бұталардан арылтады. Ондай бұталар жуан болса қол ара пайдаланылады, ал жіңішкелері кесіледі.

Адамды өзінің артықшылықтарын көрсету, басымдылық көрсету, жеңіске қол жеткізу мүмкіндіктерін иелену тілегі басқарады. Табиғат сырын бойға сіңірмейінше онымен сөйлесу қиын. Бар байлық қара жерде екенін түсінуіміз керек. Өзің еңбектеніп тер төгіп алған дақылдар мен жемістердің дәрумендері өзіңе сіңімді болады. Дастарханында бақша өнімі үзілмейтін отбасы анау-мынау ауруға беріле қоймайды.

Сұлу табиғатты көзбен көріп, жаныңмен сезіп, сол қалпында сүйе білу қандай ләззат. Сондықтан да табиғатқа құмартпаған адам жоқ. Құмарлықтың көбі біздің заманымызға неше түрлі ән-күй, жыр, толғау арқылы жетті. Олардың көпшілігі теңдесі жоқ қайталанбайтын дүние есебінде халықтың ауыз әдебиетінің алтын қазынасына кіреді. Баланың жас кезінен жүрегіне ұялаған осындай аяушылық, мейірімділік сезімдер оның тұла бойында өмір бойы сақталатынына ешбір күмән келтіруге болмайды. Халқымыздың осындай өнегелік асыл мұралары ұрпақ үшін баға жетпес тәрбие құралы болып табылады. Табиғат сұлулығын сақтай білу, одан ләззат ала білу әр азаматтың экологиялық мәдениеттілігінің басты көрсеткіші болуға тиіс. Әр адамның табиғатқа деген қарым-қатынасы жас кезінен басталып, алған тәрбиесіне тікелей

байланысты. Бұрынғы ата-бабаларымыз өз елінің табиғатына аялай қарады. Біз ата-бабаның жақсы дәстүрін, қалдырған мұрасын орындап жүрміз бе, жоқ па деген сұрақты өзіңе ғана қоймай, әсіресе жастарға үйрете білсе, туған жердің табиғаты одан әрі жайнай түсуіне, байи түсуіне, көркеюінде күмән жоқ.

Дүниеге шыр етіп келген сәттен бастап, шынайы өмір сүруге міндеттіміз. Өмір бізге оны кемелдендіру үшін аманат ретінде тапсырылды. Жан мен тән арасындағы байланыс үзілгенге дейін біз оған жауаптымыз. Бұл яғни уақыт құндылығы мен іс құндылығының арасындағы байланысты білдіреді. Жұмыссыз өткен уақыт – өлген уақыт. Ал, іс уақыт болмайынша өз нәтижесіне жетпейді. Ал, бос уақыттың соңы кейде жақсылық әкелсе, кейде бармақ тістетеді. Басты мақсат – бес күндік жалғанды мәнді өткізу. Өйткені жаратылыстың сүйеніші де, тұрағы да, түбірі де мәнділікте. Шабытқа тек ерен еңбексүйгіштік ғана қолы жетпек.

Қанша аяз болғанымен, көктем шықпай қоймайды. Жаздың соңы сарғайған күзге айналмай тұрмайды. Күз қоңыр салқын кез. Жан дүниендегі сағыныш отын маздатып елегі-зисің, әлденені күткендейсің. Көкте із салып, қимастық үнмен тыраулаған тырналардай әлдене көңіліңмен ұшып бара жатқандай сезіледі. Қайта орала ма, жоқ па? Ол жағы беймәлім. Өмір міне осындай! Суығына тоңбай, жылылықты сезіне алмайсың. Гүл екеш гүлдің де өз тағдыры бар. Бүршік жарғаны – көктем. Көбелек қонып, гүл болып ашылғаны – жазы. Күннің ыстығын да, суығын да бастан өткеріп барып, мезгілі жеткен соң солады. Бұл күз! Бәрінен де күзіне жетпей, жазына жаураған, көктемде көлеңке түсіп, ерте солған жаман...

«Бір күндік тіршілігіңе мың күндік із қалдыр» деген даналық сөз бар. Біз табиғаттың сұлулығына, күрделілігіне, тереңдігіне бойлай білмейміз. Аңғармаймыз, таңданбаймыз, сүйсінбейміз. Уақыт таппаймыз. Уақыты бардың құлқыны жоқ.

Егер әрбір адам өзіне тиесілі аядай жерде қолынан келгенінің бәрін жасаса ғой, онда біздің жеріміз керемет құлпырып, жайнап кеткен болар еді. Табиғаттың өзінде өзгеше

бір сүйсінерлік, жанға жайлы бір нәрсе бар Табиғат пен адам ажырамас тұтас құбылыс. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) «Ағаш отырғызған бір кісінің амал дәптеріне отырғызған ағашының жемістеріндей сауап жазылады», - деген. «Не ексең соны орасың» деген даналық сөзде «жердің тілін тапсаң, табиғаттың өзі саған басын иеді» деген терең мағына жатыр. Жердің қолайсыздығына, топырақтың құнарсыздығына кінә артқаннан гөрі ең бастысы кінәні әр адам өзінен іздесе, жеріміз жасыл, еліміз әлдеқашан байып кетер еді. «Жоқ» деген сөз жоқ қылады, барымызды жүзеге асыра білсек, бізден бай, бізден биік ел болмайтындығын түсінгеніміз абзал. Табиғатты өзгерте білу, оны игере білу алдымен сенің өзіңнен басталады. Барша байлықтардың анасы – жер. Жерді күтіп баптай білу, оның қойнауын игеріп ала білу, табиғат пен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда. Адам табиғатсыз тіршілік ете алмайды. Табиғат адамды қайырымды, бір мақсатқа ұмтылған, сұлу жанды етіп тәрбиелейді. Ол – денсаулық, шабыт және шығармашылықтың қайнар көзі.

Шұрайлы даланы бау бақшаны құнарынан айырып, қу медиенге айналдыру кері кетудің, ал шөл даланы игеру өңдеу бау бақшаға айналдыру дамудың белесі. Дамыған ұлттардың отаны жәннат, таулары жасыл орманмен көмкерілген, ал құлшылық орындары салтанатты сарай іспетті. Ал артта қалған ұлттың қалалары қираған үйдің орны, көшелері қоқыс, құлшылық орындары сыз шалған жертөле іспетті.

Адам баласы үшін шынайы өмірдің мәні ғылым-білімді игеруде жатыр. Ал өзінің үйренген нәрсесін басқаларға үйретуден қол

үзгендер – тіршілік етіп жүрсе де жансыз өлікке тең. Неге десеңіз, жаратылыс мақсаты – көріп-білу, үйренгенін басқаларға үйрету.

Адамның сақтығы мен қабылдаған шешімдерінің дұрыстығы оның ақыл-ой мен қисынға қаншалықты сай келетініне байланысты, ал ақыл мен қисынның толысып кемелденуі өз кезегінде ғылым-білімге тікелей қатысты. Сол себепті ғылым-білім жоқ жерде ақыл – жарамсыз, қисын – алдамшы, шешім – орашалақ. Кісінің кісілігі мен адамгершілігі бір нәрсені үйреніп, басқаларға үйретумен, соларды нұрға бөлеуі арқылы белгілі болады. Білмесе де үйренуді ойға алмаған адамның немесе үйрене жүріп, өзін іштей жетілдіріп, маңайына үлгі болмаған пенденің сырт келбеті адам болғанымен шындап келгенде олай емес! Үйрену кезінде үйретілетін нәрселердің адам болмысы мен ғалам сырларын ашуға құлшындыратындай болуы керек. Ішкі «Мендік» құпия-сырын тану жолын сәулетендірмейтін және жаратылыстың сырын ашып, түпсіз қараңғы тұстарды жарыққа бөлемейтін ғылым ғылымға жатпайды.

Қорыта айтқанда, өзімізден кейін де өмір бар екенін, келер ұрпағымызға да ішіп-жем, өріс, қоныс керек екенін естен шығармауымыз керек. «Жастай алған тәрбие жас қайыңды игендей» демекші, әр отбасы тәлім-тәрбиені, білімді жас ұрпақтың бойына жастайынан қалыптастыруы тиіс. «Табиғатты туған анаңдай түсіну; Табиғатқа туған бабаңдай табыну; Табиғатты туған ұлыңдай қорғауың қажет» деген қағиданы берік ұстануымыз керек. Түсінбей тұрып табыну, табынбай тұрып қорғаудың қисыны жоқ. Табиғат пен адамзат баласы дүниенің бірінсіз бірі тұл болатын ажырамас бөлшектері!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Садықов Е.М. Жас ұрпақ бойына ұлтжандылық тәрбие негіздерін қалыптастыру. // Ұлттық тәрбие, №6(32)2015.
2. Жұмабай Н. Қытай Халық Республикасын мекендеген қырғыздардың жаңа туылған балаға байланысты салт-дәстүрлері. // Ұлттық тәрбие, №2(38)2017.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Нуриев М.А., Садыкова А.Е. Мұғалімге қажетті ғылыми-технологиялық және экономикалық сауаттылық негіздері.....	6
Нуриев М.А., Айнакулова А.М. Қазіргі заманның әмбебап педагогы.....	11
Нуриев М.А., Советканова Д.М. Характеристика системы образования Республики Казахстан в светском аспекте.....	17
Айнакулова А.М. Ағылшын тілі – бәсекелестік тілі.....	23
Талдыбаева А.Қ. Тіл – қатынас құралы.....	28
Бораш Р.Б., Баусариева С.Т. Лирикалық шығармаларды оқытудың дидактикалық ұстанымдары.....	31
Бөлеев Қ., Құсайынова С.Қ. «Қазақ отбасындағы дәстүрлі келін тәрбиесі» бағдарламасының мазмұны.....	36
Бөлеев Қ. «Имандылық тәрбиесі» бағдарламасының мазмұны.....	39
Оразова Р.К., Дігербек Е. Шәкәрім шығармаларындағы діни концептілерінің тағылымдық сипаты.....	43
Түргенбай Ә.Т. Көпшілік алдында шешен сөйлеудің маңызы.....	48
Нұршат Жұмабай, Сарқытқан Қастер. Қытай халық республикасын мекендеген қырғыздардың астрономиялық және күнтізбелік ілімдері мен наным-сенімдері.....	53
Қаражанова К.Ә. Адам өмірінің табиғатпен байланысының құндылығы.....	57

Мақалаларды журналға басып шығарудың талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына кез келген электронды тасымалдаушыда өткізу керек.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі 12-мен терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5 бет. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный), азат жол – 0,5 см.

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың тақырыбын көрсетумен басталады, мақаланың басында үш тілде аннотация (250 сөз) беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай тік жақшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында автор байланыс мәліметтерін (қызмет және ұялы телефон нөмірлерін) көрсетуі қажет.

Түп нұсқалар қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы - 1500 теңге. Журналға жазылушылардың мақаласы тегін жарияланады (жазылушы мақаласын берген кезде жазылғандығын растайтын түбіртектің (квитанцияның) сканерін немесе көшірмесін қоса беруі тиіс).

Бір жылға жазылу бағасы 3100 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индексі – 74310.**

Сандық технологияларды қажет етушілерге біз журналдың PDF-нұсқасын, ал ғаламтор қолданушыларына <http://www.kaznpu.kz/ru/1015/page/> парақшамызды ұсынамыз.

*Реквизиттер: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ

ИИН KZ17856000000086696

БИН 031 240 004 969

РНН 600900529562

АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»

МФО 190501719, код 16

Свидетельство о постановке на учет по НДС:

Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

*Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

*Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала на любом электронном носителе.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть на 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный, абзац – 0,5 см.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В начале статьи обязательно наличие аннотации на трех языках (250 слов). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанным требованиям, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге. Статьи подписчиков журнала публикуются бесплатно (подписчик вместе со статьей сдает сканер или копию квитанции, подтверждающую подписку на журнал).

Подписная цена за год - 3100 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах АО «Казпочта». **Индекс журнала - 74310.**

Тем, кто предпочитает цифровые технологии, мы предлагаем PDF-версию журнала, а для пользователей интернет рекомендуем нашу страницу в <http://www.kaznpu.kz/ru/1015/page/>

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ

ИИН KZ17856000000086696

БИН 031 240 004 969

РНН 600900529562

АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»

МФО 190501719, код 16

Свидетельство о постановке на учет по НДС:

Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Примечание:

***Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.**

***Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.**

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі. Индексі - 74310.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25-үй, 24-каб.

Тел (факс): 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды

Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»

КазНПУ имени Абая

Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева

Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Айгерім Айнақұлова

Беттеген/Верстка – Айгерім Айнақұлова

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25-үй,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.

Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8747 83 88 935,

электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 30.10.2017 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.

Қағаз – сыктывкар. Басылым – офсет. Көлемі – 8 б.т.

Таралымы – 300 дана. Тапсырыс № 56